

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІІМ МИНИСТРЛІГІ
Б.БЕЙСЕНОВ атындағы ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ**

**ТЕРГЕУШІНІҢ (АНЫҚТАУШЫНЫҢ) ТЕРГЕУ ҚАРАУЛАРЫН ТЕКСЕРУ
ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ**

(Оқу құралы)

Қарағанды 2023

ӘЛІМБЕКОВ Қ.М.

ТЕРГЕУШІНІҢ (АНЫҚТАУШЫНЫҢ) ТЕРГЕУ ҚАРАУЛАРЫН
ТЕКСЕРУ ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Оқу құралы

Қарағанды 2023

ӘОЖ (УДК) 343 (075.8)
КБЖ (ББК) 67.411я73
Ә 58

Рецензенттер:

Мұхамәдиева Гульнар Жақсыбайқызы Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы қылмыстық құқық және криминология кафедрасының бастығы, з.ғ.к., қауымдастырылған профессор, полиция полковнигі

Смаханов Мақсат Сайлауұлы Қарағанды облысының арнайы прокурорар басқармасындағы прокурор көмекшісі, кіші әділет кеңесшісі

Құрастырған: *Әлімбеков Қазыбек Мейрамбекұлы*

Тергеушінің (анықтаушының) тергеу қарауларын тексеру жөніндегі жұмысын ұйымдастыру: *(Оқу құралы)* — Қарағанды, 2023;

ISBN 978-601-7264-93-2

Оқу құралында жаңа қылмыстық іс жүргізу заңнамасы, сот-тергеу практикасының материалдарын зерделеу негізінде тергеушінің (анықтаушының) тергеу тексерулерін дайындау және жүргізу жөніндегі қызметінің ұйымдастырушылық-тактикалық негіздері қаралды, процестік құжаттардың (жергілікті жерді, үй-жайларды, заттарды, құжаттарды, тірі адамдарды, мәйіттерді, жануарларды қарау, куәландыру,экспугмациялау) үлгілік үлгілері ұсынылды.

Оқу құралы құқық қолдану қызметін жүзеге асыратын органдардың қызметкерлері, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ІІМ жоғары оқу орындарының оқытушылары, докторанттары, магистранттары мен курсанттары үшін қызығушылық тудырады.

ӘОЖ (УДК) 343 (075.8)
КБЖ (ББК) 67.411я73

ISBN 978-601-7264-93-2

© Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2023 ж.

Мазмұны

Алғы сөз.....	5
Қарап-тексеру жүргізудің түсінігі, жалпы тәртібі.....	6
Дыбыс, бейнежазбаларды қолданатын оқиға болған жерді қарап-тексеру тергеу әрекетінің ерекшеліктері.....	10
Заттай дәлелдемелерді қарап-тексеру және сақтау.....	13
Мәйітті эксгумациялау және қарап-тексеру тергеу әрекетінің хаттамасын жасау.....	16
Эксгумациялаудан кейін адамның мәйітін жерлеу тергеу әрекеті хаттамасын жасау.....	18
Адамның мәйітін қарап-тексеру тергеу әрекетін жүргізу тәртібі.....	20
Жол-көлік оқиғасына қатысты қарап-тексеру тергеу әрекетін жүргізудің жалпы ерекшеліктері.....	23
Қарап-тексеру тергеу әрекеті хаттамаларын толтыру үлгілері.....	35
Өзіндік бақылау сұрақтары.....	58
Өзіндік бақылауға арналған тест тапсырмалары.....	60
Заттай дәлелдемелер-іздерінің қысқаша сипаттамасы оқиға орнын қарап-тексеру хаттамасында.....	63
Мәйітті алғашқы тексеріп-қарағанда зорлап өлтірілгеніне күдіктенуге негіз болатын сыртқы зақымданудың белгілері болған жағдайда сот-медициналық сараптамаларды тағайындау бойынша ұсынымдар.....	66
Тапсырмалар жинағы.....	83
Процестік құжаттарды толтыру барысында жиі қолданылатын заң терминдерінің, өзге де қолданыстардың қысқаша қазақша-орысша сөздігі.....	98
Қолданылған әдебиеттер.....	100

АЛҒЫ СӨЗ

Қазақстан Республикасы өзінің құқықтық тәуелсіз және өркендеуші мемлекет ретінде даму жолында құқықтық реформаларды жүзеге асыруға қоғамдық қатынастарды жалпы жан - жақты кеңістікте дамытуға күш жұмсауда. Осы дамудың негізгі бағыттарының бірі болып заң шығарушы базаны күшейту табылады.

Осы негіздердің ерекше бір бағыты, қылмысқа қарсы күресті күшейту мен болған қылмысты тез арада және толық ашу үшін қылмыстық қудалауды жүзеге асырушы органдардың жұмысын ұтымды ұйымдастыру қажет. Ендеше, қылмысты ашу, қылмыскерді әшкерелеу және оның кінәлі екендігін дәлелдеу үшін, қылмыстық процессуалдық заң нормалары мен жүргізілетін тергеулік әрекеттерді тергеуші жетік меңгеруі тиіс.

Қазіргі жағдайда дәлелдеу процесі кезінде қылмыстың болғандығы немесе болмағандығы, егер қылмыс жасалған болса, кім және қалай жасалғандығы, оқиға болған жерде оның қылмыс жасағандығы жөнінде қандай іздер қалтырылды және басқа да мәселелерді міндетті түрде айқындалуы керек. Осы мән – жайларды айқындау адамгершілік тұрғыдан ақиқатқа жетуге деген талпынысты аңғартады.

Сонымен, 2023 жылғы 17 наурызда Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 199-бабының 3-бөлігіне келесідей толықтыру енгізіледі: «Тергеу әрекетінің барысы мен нәтижелері дыбыс-бейнежазба құралдарының көмегімен толық тіркелген жағдайда, тергеу әрекетін жүргізетін адам алынған нақты деректерді және іс үшін маңызы бар анықталған мән-жайларды қысқаша баяндаумен шектелуге құқылы».

Оқиға болған жерді қарау барысындағы тергеушінің ұйымдастыру қызметі алдын-ала тергеу барысында тергеулік қараулардың кейбір жағдайларына оның ішінде оқиға болған жерді қараудың кейбір мәселелеріне ерекше тоқталып жан-жақты сипаттау көзделініп отыр. кетсек деймін. Атап айтқанда алдын-ала тергеу барысында жіберілетін кейбір кемшіліктер мен қателіктерге ерекше тоқталып тергеушінің оқиға болған жерді қарау барысында жүргізілетін әдіс тәсілдері мен ұйымдастыру шараларын жан жақты қарастыру. Қазіргі таңда алдын-ала тергеу сатысында тергеулік қараулар көп жүргізілетін тергеу әрекеттерінің бірі болып табылады.

Осы жұмысты жазудағы негізгі мақсат – қылмыстық іс бойынша тергеулік қарау әрекетін оның ішінде оқиға болған жерді қарау барысында тергеушінің ұйымдастыру әрекеті жөнінде мәселелерді кеңінен қарастыра отырып қылмысты тергеуге және ашуға бағытталған әдіс тәсілдер мен тәжірибенің құқықтық базасын жетілдіру болып табылады.

Тәжірибелік маңыздылығын қарастырып теориялық ережелерді тәжірибеде үйлесімді қолдану үшін тергеу органдарының материалдары қолданылды және зерттелінді. Құқық қорғау органдары қызметтерін одан әрі жетілдіру - тергеу барысында дәлелдемелер жинау, зерттеу, баға беру және пайдалану заңдылықтарын оқып білу арқылы әдістер мен құралдарды білуді, қылмыстың алдын - алу, тергеу және әшкерлеу әрекеттерінің теориялық негіздерін талдаудан өткізуді талап етеді.

Автордың ұсыныстары практикалық қызметте қолдану үшін пайдалы болады және тергеушінің (анықтаушының) тергеу тексерулерін жүргізу жөніндегі қызметін жетілдіру мүддесінде аталған проблемаларды одан әрі әзірлеу үшін негіз болады деп үміттенеді.

1. ҚАРАП-ТЕКСЕРУ ЖҮРГІЗУДІҢ ТҮСІНІГІ, ЖАЛПЫ ТӘРТІБІ

Қарап-тексеру бұған қажеттілік туындаған кезде, әдетте, кейінге қалдырылмай жүргізіледі.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам жасалған қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыз немесе хабар ала отырып, оқиға орнына дереу келуге және қарап-тексеру жүргізуге міндетті.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның уақтылы келуі мүмкін болмаған жағдайда, қарап-тексеруді арыз немесе хабар келіп түскен анықтау органының анықтаушысы немесе өзге қызметкері жүргізуге міндетті.

Анықтау органдарының қызметкерлері қарап-тексеруді жүргізу кезінде жәрдем көрсетуге және сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның тапсырмасы бойынша оқиға орнын күзету, көзбен көргендерді анықтау және қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарды табу және ұстап алу, зардап шеккендерді көшіру, қаза болғандарды тасымалдау, жалғасып жатқан қылмыстық құқық бұзушылықтардың жолын кесу және қайталануының алдын алу және оқиғаның өзге салдарларын жою жөніндегі қажетті іс-шараларды жүргізуге міндетті.

Қарап-тексеру оның барысы мен нәтижелерін тіркейтін ғылыми-техникалық құралдар қолданыла отырып, ал ҚР ҚПК-нің 220 бабының он үшінші және он төртінші бөліктерінде көзделген жағдайда куәгерлердің қатысуымен жүргізіледі.

Қажет болған кезде қарап-тексеру күдіктінің, жәбірленушінің, куәнің, сондай-ақ маманның қатысуымен жүргізіледі.

Табылған іздерді және өзге де материалдық объектілерді қарап-тексеру тергеу әрекеті жүргізілетін жерде жүзеге асырылады. Егер қарап-тексеруге ұзақ уақыт талап етілсе немесе қылмыс анықталған жерде қарап-тексеру елеулі түрде қиын болса, объектілер ол жерден алынып, қапталып, мөрленіп және бүлдірілмей, қарап-тексеруге ыңғайлы басқа жерге жеткізілуге тиіс.

Қарап-тексеру кезінде табылғанның және алып қойылғанның барлығы куәгерлерге, қарап-тексерудің басқа да қатысушыларына көрсетілуге тиіс, бұл туралы хаттамада белгі жасалады.

Іске қатысы бар объектілер ғана алып қойылуға жатады. Алып қойылған объектілер қапталады, мөрленеді және сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның және куәгерлер тартылған кезде олардың қол қоюы арқылы расталады.

Қарап-тексеруге қатысатын адамдар сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның назарын, өз пікірлері бойынша, істің мән-жайларын анықтауға ықпал ететіннің барлығына аударуға құқылы.

Қарап-тексеру кезінде қажет болған жағдайларда қарап-тексерілетін объектілерге өлшеу жүргізіліп, олардың жоспарлары мен схемалары жасалады, сондай-ақ суретке түсіру және өзге де құралдармен түсіріп алу жүргізіледі, бұл туралы хаттамада белгі жасалып, оған көрсетілген материалдар қоса тіркеледі.

Тірі адамды қарап-тексеру оның киген киімдерін және денесінің ашық бөліктерін көзбен шолу, сырттай қарап-тексеру нысанында жүргізіледі, оның барысы мен нәтижелері тергеу әрекетінің хаттамасында көрсетіледі.

Тұрғын үй-жайды қарап-тексеру онда тұратын кәмелетке толған адамдардың келісуімен немесе тергеу судьясының санкциясымен ғана жүргізіледі. Егер онда тұратын адамдар кәмелетке толмағандар болса немесе олардың психикалық немесе өзге де ауыр науқастардан зардап шегетіні көрінеу белгілі болса немесе олар қарап-тексеруге қарсы болса, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам мәжбүрлеп қарап-тексеру туралы қаулы шығарады, оған тергеу судьясынан санкция алынуға тиіс. Санкция беруден бас тартылған жағдайда, қарап-тексеру жүргізілмейді.

Тұрғын үй-жайды мәжбүрлеп қарап-тексеру жүргізу қажет болған кезде, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам қарап-тексеру жүргізу туралы қаулы шығарады және оны тергеу судьясына жібереді.

Қаулыға қылмыстық істің қарап-тексеру жүргізу қажеттігін растайтын материалдарының куәландырылған көшірмелері қоса беріледі.

Қаулының көшірмесі бір мезгілде прокурорға жіберіледі.

Материалдар сотқа келіп түскен соң тергеу судьясы қарап-тексеруді жүргізу туралы қаулыны дереу қарайды.

Тергеу судьясы қаулыны және ұсынылған материалдарды қарап шығып, қарап-тексеруді санкциялайды не оны санкциялаудан уәжді қаулымен бас тартады.

Тергеу судьясының шешімі сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамға жіберіледі.

Егер тұрғын үй-жай оқиға орны болса және оны қарап-тексеруді кейінге қалдыруға болмаса, онда тұрғын үй-жайды қарап-тексеру кейіннен материалдарды бір тәуліктік мерзімде тергеу судьясына жібере отырып, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның қаулысы бойынша жүргізілуі мүмкін.

Қаулының көшірмесі бір мезгілде прокурорға жіберіледі.

Тергеу судьясы жүргізілген қарап-тексерудің заңдылығын тексереді және оның заңды немесе заңсыз екені туралы қаулы шығарады, ол қылмыстық істің материалына қоса тігіледі.

Жүргізілген қарап-тексерудің заңсыз екені туралы шешім қабылданған жағдайда, оның нәтижелері іс бойынша дәлелдемелер ретінде жіберіле алмайды.

Тұрғын үй-жайды қарап-тексеру кезінде онда тұратын кәмелетке толған адамның қатысуы қамтамасыз етілуге тиіс. Оның қатысуы мүмкін болмаған жағдайда, жергілікті атқарушы органның өкілдері шақырылады.

Ұйымдардың үй-жайлары мен аумағындағы, сондай-ақ дара кәсіпкерлер кәсіпкерлік қызметте не жеке практикамен айналысатын адамдар пайдаланатын үй-жайлар мен аумақтардағы қарап-тексеру олардың әкімшілігі өкілдерінің не үй-жайлар, аумақтар иелерінің, пайдаланушыларының немесе жалға алушыларының қатысуымен жүргізіледі. Олардың қатысуы мүмкін болмаған жағдайда жергілікті атқарушы органның өкілдері шақырылады.

Егер осы баптың он алтыншы бөлігінде аталған адамдар қарап-тексеруге қарсылық білдірсе, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам мәжбүрлеп қарап-тексеру туралы қаулы шығарады, оны тергеу судьясы санкциялауға тиіс.

Санкция беруден бас тартылған жағдайда қарап-тексеру жүргізілмейді.

Тергеу судьясының осы баптың он алтыншы бөлігінде көрсетілген үй-жайлар мен аумақтарды мәжбүрлеп қарап-тексеруді санкциялау тәртібі ҚР ҚПК-нің 220 бабының 13-1, 13-3 және 13-4-бөліктерінде көзделген қағидалар бойынша жүзеге асырылады.

Ұйымдар, сондай-ақ дара кәсіпкерлер кәсіпкерлік қызметте не жеке практикамен айналысатын адамдар пайдаланатын үй-жай немесе аумақ оқиға орны болып табылған жағдайларда, оларды қарап-тексеруге тергеу судьясының санкциясы талап етілмейді.

Дипломатиялық өкілдіктер орналасқан үй-жайлардағы, сол сияқты дипломатиялық өкілдіктердің мүшелері мен олардың отбасылары тұратын үй-жайларды қарап-тексеру тек дипломатиялық өкілдік басшысының немесе оны алмастыратын адамның өтініші бойынша немесе оның келісуімен және қатысуымен ғана жүргізіледі. Дипломатиялық өкілдің келісімі Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі арқылы сұратылады. Қарап-тексеру жүргізілген кезде прокурордың және Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі өкілінің қатысуы міндетті.

Егер бірінші қарап-тексеру кезінде объектінің бөлшектері қандай да бір себептер бойынша зерттелмеген болса, оларды қосымша қарап-тексеру жүргізіледі.

Нақ сол объектіні қайтадан қарап-тексеру:

1) бастапқы қарап-тексеру жағдайлары объектінің тиімді қабылдануы үшін қолайлы болмаған ретте;

2) егер бастапқы қарап-тексеруден кейін жаңа мәліметтер алынуы мүмкін болса;

3) егер бастапқы қарап-тексеру сапалы жүргізілмеген жағдайда, өткізілуі мүмкін.

Қарап-тексерудің екі сатысы бар: *статикалық* және *динамикалық*.

Статикалық саты дегеніміз оқиға болған жерді оның бастапқы қалпын бұзбай зерттеу және сипаттау. Бұл ретте мәйіттің, басқа табылған нәрселер мен объектілердің дәл орналасқан жері, олардың өзара қалай орналасқандығы көрсетіледі.

Динамикалық сатыда бастапқы орналасқан жері мен қалпы өзгерген нәрселер мен объектілерді (мәйіттің кейпі, нәрселердің, заттай айғақтардың және басқа заттардың) орналасуы зерттеледі. Бұл ретте табылған нәрселердің сипаты, егжей-тегжейлі фото-және видеотаспаға түсіру және сызба бейнелерін жасау жүргізіледі.

Қарап-тексерудің келесі түрлерін ажыратады:

1. **Концентрлі (шоғырландырма)** - шекті аумақтардан шартты орталыққа қарай жүргізіледі. Қылмысқа байланысты орталық деп қылмыс жасалған орынды атайды, яғни қылмыскердің әрекеттері жасалған барлық объектілер (мәйіт, ұрлық болған жағдайда пәтердің бұзылған есігі, өрт орны және өзгелері).

2. **Эксцентрлі** – шартты орталықтан шеткі аумақтарға қарай жүргізіледі.

3. **Квадрат бойынша** – егер аумақ үлкен болса, оны ретімен қарап-тексеру үшін табиғи шекаралары (сай, жолдар және басқалары) бойынша бөліктерге бөледі, мұндай шекаралар болмаған жағдайда, оны шартты түрде жекелеген тікбұрыштарға, квадраттарға және басқаша бөледі.

Қарап-тексерудің түрін таңдау туралы шешімді оқиғаның нақты мән-жайына қарай тергеуші (анықтаушы) қабылдайды.

2. ДЫБЫС, БЕЙНЕЖАЗБАЛАРДЫ ҚОЛДАНАТЫН ОҚИҒА БОЛҒАН ЖЕРДІ ҚАРАП-ТЕКСЕРУ ТЕРГЕУ ӘРЕКЕТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Кез келген тергеу әрекеті белгілі бір дәрежеде үш кезеңнің болуымен сипатталады:

- *кіріспе*;

- *негізгі*;

- *қорытынды кезең (процессуалдық ресімдеу кезеңі)*, дыбыс-, бейнежазбаларды қолдану арқылы тергеу әрекеттері ерекшелік болып табылмайды.

Бейнежазбаны қолдану арқылы тергеу әрекеттерін дайындауға аса мұқият қарау керек. Тергеу әрекетінің осы форматын жүргізер алдындағы міндетті шарт бейнекамераны (бейнежетонды) дұрыс таңдау болып табылады. Олардың жұмысқа жарамдылығы мен дайындығын тексеру қажет.

Дыбыс-, бейнежазбаны қолдана отырып, тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде куәгерлерді тарту қажет емес.

Іс-шаралардың осы түрін құжаттау тергеу әрекетінің **қысқаша хаттамасын** толтыру арқылы жүзеге асырылады.

Дыбыс-, бейнежазбаның көмегімен тергеу әрекетінің барлық барысы жазылуы керек. Тергеу әрекеттерін жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасы ҚПК-нің талаптарын сақтай отырып жүзеге асырылады.

Дыбыс- және бейнежазбаларды қолдану туралы қатысушыларға тергеу әрекеті басталғанға дейін хабарланады. Маман тартылған жағдайда, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам маманды таныстырады және оның бейнежазба жүргізетінін хабарлайды.

Дыбыс-, бейнежазбаны қолдана отырып, барлық тергеу әрекеттерінде **кіріспе бөлім** тергеу әрекетіне қатысушылардың бейнесін түсіруден басталады. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам бірінші болып бейнеленеді, қандай тергеу әрекеті және қандай іс бойынша жүргізіліп жатқанын хабарлайды; содан кейін ол тергеу әрекетінің басқа қатысушыларынан өздерін таныстыруды сұрайды және олардың процессуалдық мәртебесін көрсетеді. Одан әрі жоғарыда аталған адам кадрда бола отырып, тергеу әрекетінің уақыты мен орнын атайды және бейнетүсірілімді кім түсіріп жатқанын хабарлайды. Егер тергеу әрекетіне қатысушының іс бойынша іс жүргізіліп жатқан тілді меңгергеніне күмән туындаса, оның қай тілде жүргізгісі келетіні анықталады. Қажет болған жағдайда оны аудармашы тегін қамтамасыз етеді.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізетін адам тергеу әрекетіне қатысушыларға олардың Қазақстан Республикасының ҚПК-де көзделген құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді, бұл туралы қысқаша хаттамада көрсетіледі.

Осымен, кіріспе бөлім аяқталады және негізгі бөлім, тергеу әрекетінің өзі тікелей басталады.

Негізгі бөлімде тергеу әрекетінің барысы мен нәтижелерінің дыбыс және бейне жазу көрсетіледі.

Бейнетүсірілімді үзбеген жөн, бірақ бұл әрдайым мүмкін емес, мәселен, аккумуляторды ауыстыру немесе қолайсыз ауа-райы жағдайдайлары және т.б. Мұндай жағдайда сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізетін адам тергеу әрекетіне қатысушыларға дыбыс-, бейнежазбаның тоқтатылғаны, оның ұзақтығы және тоқтату себептері туралы хабарлауға тиіс. Үзілістің себебі қысқаша хаттамада жазылады.

Дыбыс-, бейнежазба сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның түсірілімнің аяқталғаны туралы өтінішімен аяқталады.

Қорытынды бөлімде дыбыс-, бейнетүсірілім тоқтатылады. Тергеу әрекетіне қатысушыларға танысу, яғни жазылған тергеу әрекеттерін қайта қарау мүмкіндігі беріледі. Егер қатысушылардың дыбыс-, бейнежазбаға толықтырулары болса, онда олар қысқаша хаттамада көрсетіледі.

Тергеу әрекеттерінің бейнежазбалары қылмыстық іс материалдарына қоса тіркелетін болады.

Тергеуді қағаз форматта жүргізген кезде бейнежазба DVD-дискіге немесе флэш-картаға қайта жазылады.

Тергеуді электрондық форматта жүргізген кезде техникалық мүмкіндік болған жағдайда бейнежазбалар «Е-УД» модуліне жүктелетін болады.

Оқиға орнын қарап-тексеру қылмыстық құқық бұзушылықтың іздерін және өзге де материалдық объектілердің табу және анықтау, оқиғаның жағдайын анықтау және іс үшін маңызы бар мән-жайларды анықтау мақсатында сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам жергілікті жерді, үй-жайларды, нәрселерді, құжаттарды, тірі адамдарды, мәйіттерді, жануарларды қарап-тексеруді жүргізеді.

Оқиға орнын қарап-тексеруді тіркеу апатқа, аварияға, катастрофаға, жарылысқа, ғимараттардың құлауына және өртке байланысты істер бойынша іс жүргізу кезінде, болған оқиғаның салдарын тезірек жою үшін шаралар қабылдау қажет болған жағдайда, бұл бастапқы жағдайдың өзгеруімен тығыз байланысты, сондай-ақ оқиға орны зиянды немесе арнайы аумақ (шахта, суасты немесе жерасты құрылысы және т.б.) болып табылатын жағдайларда маңызды мәнге ие.

Бейнежазбаның басында тексеруге қатысушылар түсірілуі керек. Қатысушыларға олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді, өз міндеттерін дұрыс орындамағаны үшін жауапкершілік туралы ескертуді және т.б. тіркеу қажет.

Бейнежазбаның көмегімен оқиға орнын қарап-тексерудің барлық барысы жазылуы тиіс. Жазылған ақпараттың толықтығы мен көлемі сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның түсіруді жүргізетін маманға қойған мақсаттар мен міндеттеріне байланысты болады.

Бейнежазба процесінде түсірілген объектілерге қатысты түсініктеме беру керек: не түсіріліп жатыр, қандай әрекеттер нәтижесінде белгілі бір іздер мен заттар табылды. Түсініктемелер анық және нақты болуы керек, оларды сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам немесе маман бере алады. Тергеу әрекетінің жекелеген фрагменттерін қатысушылардың түсіндірмелерімен, мысалы, құқықтары мен міндеттерін түсіндірумен, онда тұратын адамдарды тұрғын үйді тексеруге келісім алумен, басқа мамандардың түсіндірмелерімен және т.б. тіркеген жөн. Оқиға орнын қарап-тексеруге қатысушылар (бейнежазба жүргізетін маман және тергеу әрекетінің басқа қатысушылары) микрофоннан әр түрлі қашықтықта болуы мүмкін екенін атап өту керек, сәйкесінше бұл жағдайда жақын және алыс қашықтықтан жақсы дыбыс жазатын микрофонды пайдалану қажет.

Оқиға орнын қарап-тексерудің қорытынды кезеңінде барлық қатысушыларға бейнежазбаны қарау керек, ол туралы қысқаша хаттамада жазылады. Оқиға орнын қарап-тексеру хаттамасында бейнетүсірілім жүргізу үшін қандай техникалық құралдардың қолданылғаны көрсетіледі, оларды қолдану шарттары белгіленеді, сондай-ақ хаттамада бекітілген мәліметтердің дұрыстығы тергеу әрекеттеріне қатысушылардың қолдарымен расталады.

3. ЗАТТАЙ ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕРДІ ҚАРАП-ТЕКСЕРУ ЖӘНЕ САҚТАУ

Оқиға орнын, жергілікті жерді немесе үй-жайды қарап-тексеру кезінде табылған, тінту, алу, тергеу эксперименті немесе басқа тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде алынған не сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның талап етуі бойынша ұйымдар және азаматтар ұсынған нәрселер ҚПК-нің 220-бабының қағидалары бойынша қарап-тексерілуге жатады.

Көрсетілген нәрселер қарап-тексерілгеннен кейін ҚПК-нің 118-бабының қағидаларына сәйкес заттай дәлелдемелер деп танылуы мүмкін. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам нәрсені заттай дәлелдеме ретінде тану және оны іске қоса тіркеу туралы қаулы шығарады. Осы қаулыда заттай дәлелдемені іспен бірге қалдыру немесе оны иесіне немесе өзге адамдарға немесе ұйымдарға сақтауға өткізу туралы мәселе шешілуге тиіс.

Егер нәрселерді ауқымды болуына немесе өзге де себептерге байланысты қылмыстық іспен бірге сақтау мүмкін болмаса, олар фото-немесе бейнетүсіру құралдарымен түсіріп алынуға, мүмкіндігінше мөрленуге және сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам көрсеткен орында сақталуға тиіс. Іске заттай дәлелдеменің үлгісі қоса тіркелуі мүмкін. Істе заттай дәлелдеменің табылған жері туралы тиісті анықтама болуға тиіс.

Заттай дәлелдемелерді алып қою, сақтау, беру және жою, сондай-ақ сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізетін орган алып қойған ұлттық және шетелдік валютадағы ақшаны сақтау тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

Тез бұзылуға бейім заттай дәлелдемелер, егер иесіне қайтарылуы мүмкін болмаса, жергілікті атқарушы орган айқындайтын тиісті ұйымдарға мақсатына сай пайдалану не алынған сомаларды сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізетін органның депозитіне сала отырып, өткізу үшін тапсырылады. Сақталуы елеулі материалдық шығындарды талап ететін заттай дәлелдемелер, егер иесіне қайтарылуы мүмкін болмаса, не олардың иесі анықталмаған жағдайда, өткізіледі. Заттай дәлелдемелер алынған сомаларды сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізетін органның депозитіне сала отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өткізіледі. Негіздер болған кезде пайдаланылған немесе өткізілген заттай дәлелдемелер иесіне сондай түрдегі және сападағы нәрселермен өтеледі немесе соңғысына соттың шешімі бойынша мемлекеттік бюджет есебінен олардың құны төленеді.

Әрбір атауы (түрі) бойынша аса ірі мөлшерге жатқызудың белгіленген шегінен асатын мөлшердегі есірткі, психотроптық заттар сот сараптамасы жүргізілгеннен кейін заттай дәлелдемелер деп танылып, іске үлгі ретінде қоса берілгендерін қоспағанда, прокурордың келісімімен қылмыстық қудалау органы қаулысының негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жойылуға тиіс. Есірткі заттарды жою туралы, прокурормен келісілген қаулы және заң талаптарына сәйкес және жою кезінде бейнетіркеуді қолдана отырып жасалған, оны іс жүзінде жою туралы акт қылмыстық іске қоса тігіледі.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның қылмыстық іске қосып тігу үшін прокурормен келісілген тиісті қаулының негізінде маманның міндетті түрде қатысуымен және бейнежазбаны қолданып, алып қойылған есірткі, психотроптық заттардың жалпы көлемінен әрбір атауы (түрі) бойынша тиісті есірткі, психотроптық заттар үшін заңда белгіленген аса ірі мөлшерге тең шамасында үлгілер іріктеп алынуға, олар қапталып, мөрленуге тиіс, қаптамада заттың атауы және оның көлемі туралы жазба жасалып, қаптамада қамтылғанның анықтығы осы әрекетке қатысқан адамдардың қойған қолдарымен куәландырылады.

Бақыланатын жеткізілім немесе өзге де жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде заңсыз айналымнан алып қойылған есірткі заттарын немесе психотроптық заттарды пайдалану қажет болған жағдайда, оларды жою тиісті жасырын тергеу әрекеттері аяқталғанға дейін прокурордың келісімімен жүргізілмеуі мүмкін.

Анықтау органы істі сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамға немесе бір анықтау органынан басқа анықтау органына не сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын бір адамнан екіншісіне берген кезде, сол сияқты іс прокурорға және сотқа жіберілген кезде заттай дәлелдемелер, осы баптың үшінші және төртінші бөліктерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, белгіленген тәртіпке сәйкес жөнелтіледі. Заттай дәлелдемелер қапталған және мөрленген түрде оларды даралайтын белгілері көрсетіліп, қамтылған тізімдемемен қоса беріледі.

Қылмыстық іс тоқтатылған кезде заттай дәлелдемелердің және мұндай деп танылмаған нәрселердің тағдыры туралы мәселе ҚПК-нің 118-бабы үшінші бөлігінің қағидалары бойынша шешіледі.

Қарап-тексеру барысы мен нәтижелері ҚПК-нің 199 және 224-баптарының талаптарын сақтай отырып қарап-тексерудің барысы мен нәтижелері тергеу әрекетін жүргізетін адам хаттама құрастырады.

Хаттамада қарап-тексеру кезінде жүргізілген барлық әрекеттер, сол сияқты қарап-тексеру кезінде анықталғандардың барлығы олар жүргізілген ретпен және қарап-тексеру кезінде анықталған күйінде сипатталады. Хаттамада қарап-тексеру кезінде алып қойылған барлық объектілер санамаланады және сипатталады.

Хаттамада: қарап-тексеру қай уақытта, қандай ауа райы кезінде және жарықтың түсуі қандай болғанда жүргізілгені; қандай ғылыми-техникалық құралдар қолданылғаны және қандай нәтижелер алынғаны; көрсетілген тергеу әрекетін жүргізуге кімдердің тартылғаны және олардың қалай қатысқаны; қандай объектілердің мөрленгені және қандай мөрмен бекітілгені; қарап-тексеруден кейін адамның мәйіті немесе іс үшін маңызы бар нәрселер қайда жіберілгені көрсетілуге тиіс.

Заттар мен құжаттарды қарап-тексеру хаттамасының құрылымы

Қарап-тексерудің барысы мен нәтижелері тергеу әрекетін жүргізетін адам жасаған хаттамада ҚПК-нің 199-бабының талаптары сақтала отырып, көрсетіледі.

Кіріспе бөлігінде

Құжаттың жоғарғы жағында оның атауы – **"Заттар мен құжаттарды қарап-тексеру хаттамасы"**- көрсетіледі.

Төменде: оны жасау уақыты мен орны; ҚПК нормалары; заттар мен құжаттарды қарау орны көрсетіледі. Бұдан әрі тергеу әрекетіне қатысушылар туралы деректер, олардың құқықтарын түсіндіру, жалған айғақтар бергені үшін ҚР ҚК 420-бабы және тану кезінде айғақтар беруден бас тартқаны үшін ҚР ҚК 421-бабы бойынша мамандар мен басқа да қатысушыларды ескерту көрсетіледі, олар өз қолдарымен растауы тиіс.

Негізгі бөлігінде

Хаттаманың заттар мен құжаттарды қарау процесі, оның нәтижелері, қандай да бір техникалық құралдарды пайдалану туралы деректер, сондай-ақ тексеруге тартылған адамдардан өтініштердің болуы немесе болмауы туралы деректер.

Қорытынды бөлігінде заттар мен құжаттарды қарау процесіне қатысқан адамдардың тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) болуға тиіс. Хаттамаға заттар мен құжаттарды қарау кезінде қатысқан барлық адамдар және тергеушінің (анықтаушының) өзі қол қояды.

4. "МӘЙІТТІ ЭКСУМАЦИЯЛАУ ЖӘНЕ ҚАРАП-ТЕКСЕРУ" ТЕРГЕУ ӘРЕКЕТІНІҢ ХАТТАМАСЫН ЖАСАУ

Эксгумациялау жүргізу қажет болған кезде сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам эксгумациялау жүргізу туралы қаулы шығарады және оны тергеу судьясына жібереді. Қаулыға қылмыстық істің эксгумациялау жүргізу қажеттігін растайтын материалдарының куәландырылған көшірмелері қоса беріледі. Қаулының көшірмесі бір мезгілде прокурорға жіберіледі.

Эксгумациялауды санкциялау туралы өтінішхатты тергеу судьясы материалдар сотқа келіп түскен кезден бастап жиырма төрт сағат ішінде тараптардың қатысуынсыз жеке-дара қарайды.

Тергеу судьясы өтінішхатты және істің ұсынылған материалдарын қарап шығып, эксгумациялауды санкциялайды не оны санкциялаудан уәжді қаулымен бас тартады, ал сот отырысы өткізіліп жатқан жағдайда эксгумациялауды санкциялау не санкциялаудан бас тарту туралы қаулы шығарады.

Тергеу судьясы шешімінің немесе қаулысының көшірмесі эксгумациялау туралы қаулы шығарған сотқа дейінгі тергеп-тексеру органына орындау үшін жіберіледі.

Эксгумациялау жүргізу немесе одан бас тарту туралы шешімге осықпк-ҚПК-нің 107-бабында көзделген тәртіппен шағым жасалуы, осы шешім прокурордың өтінішхаты бойынша қайта қаралуы мүмкін.

Эксгумациялауды санкциялау туралы өтінішхатты тергеу судьясы материалдар сотқа келіп түскен кезден бастап жиырма төрт сағат ішінде тараптардың қатысуынсыз жеке-дара қарайды. Тергеу судьясы өтінішхатты және істің ұсынылған материалдарын қарап шығып, эксгумациялауды санкциялайды не оны санкциялаудан уәжді қаулымен бас тартады, ал сот отырысы өткізіліп жатқан жағдайда эксгумациялауды санкциялау не санкциялаудан бас тарту туралы қаулы шығарады. Тергеу судьясы шешімінің немесе қаулысының көшірмесі эксгумациялау туралы қаулы шығарған сотқа дейінгі тергеп-тексеру органына орындау үшін жіберіледі.

Эксгумациялау жүргізу немесе одан бас тарту туралы шешімге осы ҚПК-нің 107-бабында көзделген тәртіппен шағым жасалуы, осы шешім прокурордың өтінішхаты бойынша қайта қаралуы мүмкін.

Эксгумациялауды, сотқа дейінгі тергеп-тексеру органы жергілікті санитариялық-эпидемиологиялық қызметке алдын ала хабарлай отырып, адам жерленген жердің әкімшілігі сот медицинасы саласындағы маманның қатысуымен жүргізеді.

Эксгумациялауды жүргізу кезінде эксгумациялау туралы қаулы шығарған, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам қатысады.

Эксгумация жүргізу кезінде сотқа дейінгі тергеп - тексеруді жүзеге асыратын, эксгумация туралы қаулы шығарған адам, ал қажет болған жағдайда жерленгеннің жақын туыстары қатысады. Эксгумация басталар алдында барлық қатысушыларға хаттамада осы мәліметтерді көрсете отырып, олардың құқықтары мен міндеттері түсіндіріледі.

Адамның мәйітін тану және қарап-тексеру, үлгілерді алу эксгумация орнында жүргізілуі мүмкін. Эксгумациядан кейін адамның мәйіті басқа зерттеулер жүргізу үшін медициналық ұйымға жеткізілуі мүмкін. Анықтау органдары сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамға эксгумация жүргізуге жәрдем көрсетуге міндетті.

Эксгумацияның барысы мен нәтижелері ҚПК-нің 199-бабының талаптарын сақтай отырып жасалатын хаттамада көрсетіледі.

Хаттамада көрсетіледі:

1) тергеу әрекеті жүргізілген күн, уақыт пен орын; 2) сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) және лауазымы; 3) эксгумациялауға қатысқан сот медицинасы саласы маманының лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде); 4) қайтыс болған адамның қатысқан жақын туыстарының немесе заңды өкілдерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), туған жылы, айы, күні, туған жері, тұрғылықты жері; 5) эксгумациялау жүргізу кезінде қатысқан өзге де адамдар туралы мәліметтер; 6) жүргізілген фотосуретке түсіру, дыбыс-, бейне- және кинотүсіру немесе өзге де жазып алатын ғылыми-техникалық құралдардың пайдаланылғаны туралы белгі және олар туралы мәліметтер; 7) жерленген адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), қайтыс болған күні, сондай-ақ эксгумациялау кезіндегі барлық әрекеттер мен барлық табылғандар олардың жүргізілу және табылу ретімен; 8) тергеу әрекетіне қатысатын адамдардың ескертулері; 9) эксгумациядан кейін адам мәйіті жіберілген мекеме не осы тергеу әрекетін жүргізу кезінде табылған, іс үшін маңызы бар, өзге де нәрселер көрсетіледі.

Тергеу әрекетіне барлық қатысушылар эксгумациялау туралы хаттамаға қол қояды. Егер хаттама бірнеше бетте жасалса, тергеу әрекетіне қатысушылар оның әрбір парағына қол қояды.

Егер эксгумациялау кезінде фотосуретке түсіру, бейне- және кинотүсіру немесе өзге де жазып алатын ғылыми-техникалық құралдар пайдаланылған болса, онда фотосуреттер, таспалар немесе өзге де ақпарат жеткізгіштер хаттамаға қоса беріледі. Егер мәйітті тану, қарап-тексеру, үлгілер алу басқа жерде жүргізілген болса, бұл туралы жеке хаттама жасалады.

"Мәйітті қарап-тексеру және эксгумациялау" тергеу әрекетінің хаттамасының нысаны мен мазмұны ҚПК-нің 199 бабы бойынша белгіленген жалпы қағидалар бойынша жасалады.

Кіріспе бөлігінде

Құжаттың жоғарғы жағында оның атауы "Мәйітті қарап-тексеру және эксгумациялау"–тергеу әрекетінің хаттамасы". Төменде: тергеу әрекетінің уақыты мен орны көрсетіледі.

Бұдан әрі тергеу әрекетіне қатысушылар туралы деректер көрсетіледі, олар өз қолдарымен растауы тиіс.

Негізі бөлігінде

Тергеу әрекетінің егжей-тегжейлі процесі, қандай жағдайда мәйітті эксгумациялау және тексеру жүргізілгені; қандай іс-әрекеттер, қандай ретпен, кіммен және қанша рет жүргізілгені; оның нәтижелері; қандай да бір техникалық құралдарды пайдалану туралы ақпарат; тергеу әрекетіне тартылғандардан өтініштердің болуы немесе болмауы туралы деректер көрсетіледі.

Қорытынды бөлігінде

Жерленген адамның, жерлеу орны әкімшілігі өкілінің, сот медицинасы саласындағы маманның, осы тергеу әрекетіне қатысқан қайтыс болған адамның жақын туыстарының немесе заңды өкілдерінің тегі, аты және әкесінің аты (ол болған кезде).

Хаттамаға "Мәйітті қарап-тексеру және эксгумациялау" тергеу әрекетіне қатысқан барлық адамдар және тергеушінің (анықтаушының) өзі қол қояды.

5. «ЭКСГУМАЦИЯЛАУДАН КЕЙІН АДАМНЫҢ МӘЙІТІН ЖЕРЛЕУ» ТЕРГЕУ ӘРЕКЕТІ ХАТТАМАСЫН ЖАСАУ

Эксгумациялаудан және одан кейінгі процестік әрекеттерден кейін адамның мәйітін жерлеуді оның қаулысы бойынша эксгумация жүргізілген адамның қатысуымен жерлеу орнының әкімшілігі жүргізеді. Адамның мәйітін жерлеу туралы хаттама жасалады.

Жерлеу басталар алдында қатысушы адамдарға олардың құқықтары, міндеттері мен жауапкершіліктері қол қойғызу арқылы түсіндіріледі.

Хаттамада жерлеу жүргізілген ауа райы жағдайлары және оның негізінде бұрын мәйітті эксгумациялау жүргізілген құжаттар туралы мәліметтер көрсетіледі.

Жерлеу кезінде міндетті түрде бейнетүсірілім жүргізетін техникалық құралдар қолданылады, ал осы процестік әрекеттің жазбасы хаттамаға қоса тіркеледі. Жерлеу және хаттама жасау аяқталғаннан кейін ол барлық қатысушы тұлғаларға танысу үшін ұсынылады және болған жағдайда оған ескертулер мен толықтырулар енгізіледі.

Хаттамаға барлық қатысушылар мен оны жасаған адам қол қояды.

«Эксгумациялаудан кейін адамның мәйітін жерлеу» тергеу әрекеті хаттамасының құрылымы

"Эксгумациялаудан кейін адамның мәйітін жерлеу" тергеу әрекетінің хаттамасы, хаттаманың нысаны мен мазмұны үшін ҚПК-нің 199 бабында белгіленген жалпы қағидалар бойынша жасалады.

Кіріспе бөлігінде

Құжаттың жоғарғы жағында оның атауы – "Эксгумациялаудан кейін адамның мәйітін жерлеу" тергеу әрекетінің хаттамасы. Төменде: тергеу әрекетінің уақыты мен орны көрсетіледі.

Бұдан әрі тергеу әрекетіне қатысушылар туралы деректер көрсетіледі, олар өз қолдарымен растауы тиіс.

Негізгі бөлігінде

Тергеу іс-әрекетінің егжей-тегжейлі процесі, қандай жағдайда эксгумациядан кейін адамның мәйітін көму жүргізілгені; қандай да бір техникалық құралдарды пайдалану туралы ақпарат; тергеу іс-әрекетіне тартылған "Эксгумациядан кейін адамның мәйітін жерлеу" жәбірленуші өкілінің, куәнің, маманның, сарапшының және сарапшының арыздарының болуы не болмауы туралы деректер көрсетіледі.

Қорытынды бөлігінде

Жерленген адамның тегі, аты және әкесінің аты (ол болған кезде), жерленген жер әкімшілігінің өкілі, сот медицинасы саласындағы маман, осы тергеу әрекетінің процесіне қатысқан қайтыс болған адамның жақын туыстары немесе заңды өкілдері болуға тиіс.

Хаттамаға "Эксгумациядан кейін адамның мәйітін жерлеу" тергеу әрекетіне қатысқан барлық адамдар және тергеушінің (анықтаушының) өзі қол қояды.

6. «АДАМНЫҢ МӘЙІТІН ҚАРАП-ТЕКСЕРУ» ТЕРГЕУ ӘРЕКЕТІН ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ

Адамның мәйітін ол табылған жерде сыртынан қарап-тексеру оның жалпы қағидалары сақтала отырып және сот медицинасы саласындағы маман дәрігердің, ал оның қатысуы мүмкін болмаған жағдайда өзге дәрігердің міндетті түрде қатысуымен жүргізіледі. Адамның мәйітін қарап-тексеру үшін басқа мамандар да тартылуы мүмкін. Адамның мәйітін қосымша немесе қайталап қарап тексерген жағдайда, сот медицинасы саласындағы маман дәрігердің қатысуы міндетті. Танылмаған адамның мәйітін фотосуретке түсіру, оған дактилоскопия жасау, сондай-ақ сараптамалық зерттеу жүргізу үшін үлгілер алу міндетті болып табылады. Адамның мәйітін сырттай қарап-тексеру кейіннен сот-медициналық сараптаманың жүргізілуін алмастыра алмайды және жоққа шығармайды. Мәйітті қарап-тексеру процесінде азаматтардың қайтыс болған адамды тану туралы мәлімдемелері кейіннен мәлімдеушіден куә ретінде жауап алынып, сол тергеу әрекетінің хаттамасына енгізіледі, бұл адам мәйітін бұдан әрі басқа адамдарға тану үшін көрсетуді жоққа шығармайды.

Тергеуші мәйіт табылған жердегі сот медицинасы саласы маманының міндеттеріне мыналар жататынын білуі тиіс:

1. Қайтыс болу уақыты мен фактісін жорамалдауға мүмкіндік беретін белгілерді анықтау.
2. Мәйітті сырттай қарап-тексеру және кейіннен сот-медициналық сараптама жүргізу сұрақтары бойынша тергеушіге (анықтаушыға) кеңес беру.
3. Қанға ұқсас іздер, шәует немесе адамның басқа да бөлінділерін, шаштарын, әртүрлі заттарды, нәрселерді, қарауларды және басқа да объектілерді тауып алуда тергеушіге (анықтаушыға) көмек көрсету.
4. Мәйіт және басқа биологиялық тектегі объектілерді қарап-тексерудің нәтижелерін сипаттауға, оқиға болған жерді қарап-тексерудің хаттамасын жасауға көмектесу.
5. Тергеушіге немесе анықтаушыға (ауызша түрде) табылған зақымданулардың сипаты, жарақатты түсірген болжамды қару мен өлімнің себебі туралы адын ала өзінің ойын айту.
6. Тергеушіге (анықтаушыға) сот-медициналық сарапшылардың шешуін қажет ететін сұрақтарды қалыптастыруға көмектесу.

Заң және сот-медициналық әдебиеттерінің, жалпыға бірдей қабылданған тергеу және сот-медициналық тәжірибелерінің деректеріне сәйкес мәйітті оның табылған жерінде, алынған нәтижелерді көрсете отырып, келесі реттілікпен қарап-тексеруді жүргізуге кеңес берілді:

1. Мәйіттің орналасқан жері және қалпы. Жердің дәл атауы және мәйіт орналасқан оның бөлігі көрсетіледі. Мәйіттің оны қоршаған нәрселерге қатысты жатқан күйі анықталады, бұл ретте жақын арада өзінің орналасқан жерін өзгертпейтін бағдарлар таңдалады. Мәйіттің қалпын белгілегенде оның дене бөлшектерінен қозғалмайтын бағдарларға дейінгі ара қашықтығын міндетті түрде өлшеу керек. Мәйіттің қалпы деп оның дене бөлшектерінің бір біріне қарасты өзара орналасуын түсіну керек. Мәйіттің жатқан күйі және қалпын сипаттау аумақты және түйінді фототаспаға түсірумен толықтырылады.

2. Мәйіттің үстіндегі және тікелей оның жанындағы заттар. Мәйіттің үстінде жатқан немесе оған жанасқан заттар ғана зерттеледі және сипатталады. Бірінші кезекте жарақат түсірген қаруларға көңіл аударылады, оларды мәйіттен алып тастауға тыйым салынады. Сипаттаған кезде табылған заттың нақты атауын, мәйітке қатысты оның орналасуы, затта қандай да бір ластанудың бар болуы көрсетіледі. Биологиялық тектегі іздер (қан және басқалары) табылған жағдайда олардың мәйіттің бөлшектеріне қатысты орналасуы, түсі, пішіні, көлемі, анықталады.

3. Мәйіттің киімі мен аяқ киімі. Жынысы бойынша (ер, әйел, бала), маусым бойынша (жазғы, қысқы, маусымдық), мақсатына сай (тұрмыстық, нысанды, спорттық, кешкі, арнайы) жіктеледі. Киім мен аяқ киімді сипаттау қарап-тексерудің статикалық сатысы барысында жүргізіледі, қарап-тексерудің динамикалық сатысы процесінде бұзылуы мүмкін ерекшеліктерге айрықша мән беріледі. Киімнің жыл мрзіміне немесе қоршаған ортаға сәйкес келу-келмеуі, мәйіттің үстіндегі киімінің жекелеген бөліктерінің орналасуы анықталады. Киімді сипаттағанда көрсетілетіндер: киімнің атауы, түрі, түсі және матасының суреті, тозу дәрежесі, киімнен шығатын иіс, ілмектерінің қалпы, ластануы және зақымдалуы, фабрикалық белгілері және түрлі таңбалары, аяқ киім табанындағы болжамды сүйрелген іздер. Мәйіттің киімін аса қажет болған жағдайда ғана шешеді.

4. Мәйіт туралы жалпы мәліметтер. Жынысы, шамамен жасы, денесінің ұзындығы, дене бітімі, толықтығы, терісінің түсі, көзге түсер белгілер және ерекше нышандар көрсетіледі.

5. Мәйіттік өзгерістердің бар болуы және айқындылығы. Қарап-тексеру хаттамасында мәйіттік өзгерістерді сипаттау міндетті түрде оларды белгілеу уақытын (сағаты және минуты) және қоршаған ортадағы ауа температурасын көрсетуден басталады. Хаттамада мәйіттің сууының, мәйіт дақтары мен сіресуінің таралу және айқындық дәрежесі, мәйіттің кеуіп кету немесе шіру белгілері, мәйіттік энтомофаунаның (мәйітке жәндіктер түсіп, шіру) бар-жоқтығы көрсетіледі.

6. Мәйіттің дене бөліктерінің ерекшеліктері және олардың зақымдануы. Хаттамаға бет, мойын, кеуде, іш, арқа, сыртқы жыныс мүшелері және аяқ-қолдарының ерекшеліктерін сипаттайтын мәліметтер енгізіледі. Мәйіттің зақымдалған жерлері, жалпы қабылданған сызбаға сәйкес, сол дене бөліктерін қарап-тексерудің барысында сипатталады. Оларды қарап-тексеру барысында мәйітті сот-медициналық зерттеу кезінде қолданатын нақты бір реттілік сақталуы керек, атап айтқанда- төмендемелі тәртіпте, басынан бастап аяқтарынан аяқтайды. Бұл кезеңде тексеріп-қарау кезінде оны сүңгілеуге және басқа да зақымның алғашқы түрі немесе қасиеттерін өзгеріске ұшырататын әрекеттер жасауға, теріні немесе ондағы іздерді сумен жууға, одан бөтен заттарды, нәрселерді және қаруларды алып тастауға тыйым салынады. Зақымдану бөлігіндегі бос жатқан бөтен заттар ғана тергеушіге беру үшін алынады.

7. Мәйіттің төсегі. Мәйіт табылған төсектің үстінің ерекшеліктері анықталады, мәйіттің төсегінің маңайында мәйіт денесінің іздері, ластануы және мәйіттің астында қандай да бір заттардың (түктердің) бары, түрі сипатталады.

Табылған жерінде мәйітті қарап-тексеруден кейін тергеуші (анықтаушы) сараптама тағайындау туралы қаулы шығарады және оны сот медицинасы орталығының аумақтық бөлімшесінің (филиалының) мәйітханасына жібереді. Мәйітпен бірге мәйітханаға сот-медициналық сараптама тағайындау туралы қаулы, және де оқиға болған жерде мәйітті қарап-тексеру хаттамасының көшірмесі жолданады.

Мәйітке сот-медициналық сараптама жүргізудің барлық жағдайларында келесі сұрақтарды шешу қажет (**бұдан әрі-негізгі сұрақтар**):

1. Өлімнің себебі қандай?
2. Өлімнің уақыты қашан болған?
3. Мәйітте қандай зақымдар бар, олардың сипаты, орналасуы, қалыптасу механизмі, денсаулыққа келтірілген зиян, алынған зақымдардың жәбірленушінің өліміне қандай себепті байланысы бар?
4. Тірі кезінде қандай да бір аурулармен ауырған ба?
5. Өлім алдында спирттік ішімдіктер ішкен бе?
6. Жағдайларды анықтау барысында-есірткі заттарын қолданғандығы туралы сұрақ қойлуы мүмкін.

Нақты оқиғаның мән-жайына қарай сараптама барысында шешу үшін тергеу үшін маңызды басқа да сұрақтар қойылуы мүмкін (**бұдан әрі арнайы сұрақтар**).

Оларға қойылатын негізгі талап олар сот-медициналық сарапшының арнаулы білімі шеңберінен (құзыреті шегінен) аспауы керек.

Тергеушіге (анықтаушыға) арналған ақпарат: кенеттен болған өлімнің себебі болуы мүмкін түрлі ауру салдарынан медициналық мекемелерде диспансерлік есепте тұрған ересек адам (көп жағдайда жасы келген адамдар) қайтыс болған жағдайда, мәйіттің денесінде дене зақымдануы балмаған жағдайда, оның диспансерлік есепте болғанын растайтын медициналық құжаттары болған жағдайда, ҚР ДМ бұйрығына сәйкес мұндай науқасты емдеген дәрігердің қайтыс болу туралы куәлігін беруге рұқсат берілген. Бұл жағдайда, тергеушіге жоғарыда көрсетілген құжаттар берілген жағдайда, мәйітті сою жүргізілмеуі мүмкін, көрсетілген себептер бойынша сот-медициналық сараптаманы тағайындау туралы шығарылған қаулының күші жойылады.

7. «ЖОЛ-КӨЛІК ОҚИҒАСЫНА ҚАТЫСТЫ ҚАРАП-ТЕКСЕРУ» ТЕРГЕУ ӘРЕКЕТІН ЖҮРГІЗУДІҢ ЖАЛПЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жол-көлік оқиғасы орнын қарап-тексеру жол-көлік оқиғасын тергеп-тергеудегі негізгі іс-әрекеттердің бірі болып табылады. Бастапқы тексерістің толықтығы мен сапасына, оқиғаның мән-жайларын қайта құру және оның қатысушыларының іс-әрекеттеріне дұрыс баға беру мүмкіндігі тәуелді.

Жол-көлік оқиғасының орнын қарап-тексеру басқа оқиғаларды тексерудің міндеттерінен өзгеше емес, сонымен қатар жол-көлік оқиғасының табиғатынан туындайтын өз ерекшеліктеріне ие.

Жол-көлік оқиғасы жылдам, ол бірнеше секунд ішінде дамып, аяқталады. Оқиға орнында болған жағдай ұзақ уақытқа созылмайды, сондықтан мұндай оқиғалардың тергеуінің нәтижелері көбінесе оқиға орнына уақытында кетуге, оны мұқият және сапалы тексеруге және оның нәтижелерін дұрыс бекітуге байланысты.

Жол-көлік оқиғасын сапалы тергеп-тексеру үшін қажеттілер: 20 метрден кем ұзындығы бар рулетка; электрондық цифрлық өлшеуіш құрылғы (ЕС ІР); жазу үшін планшет; сурет аксессуарлары-жазатайым оқиғалар схемасын жасау үшін тергеу сызғыш, түрлі-түсті қарындаштар; электр жарығы; бормен; инспекция туралы есептің стандартты нысандары; масштабтау сызбаларын сызу үшін миллиметрлік қағаз; жолдың бағасын өлшеуге арналған деңгей және сызғыштар, шеңбердің радиусы өлшеніп, бастапқы сызықты көрсету үшін жіңішке немесе күшті тоқыма (30 м.-ден астам).

Оқиға орнына аттану мүмкіндігінше тезірек жүзеге асырылуы керек, өйткені жол-көлік оқиғасы көбінесе қолайсыз метеорологиялық жағдайларға

Шөлмек картон қорапқа салынып, шпагат жіппен буып-түйілді, жіптің аяғы «ЖКД-13» пластилин мөрімен мөрленді. Қорапта «2017 жылы 20 қазанда жәбірленуші С.Д.Гончаровтың пәтерінен жеке мүлкін ұрлау фактісі бойынша қарау барысында үстінде үш саусақ ізі орналасқан шөлмек» нұсқасындағы түсіндірме жазба жасалды, тергеуші және куәгерлермен расталды.

Қарап-тексеру барысында Гоголь көшесіндегі 55-үй жанында орналасқан құрылыстар және поездге келетін жермен біріктіріліп, панораммалық тәсілмен фотоға түсірілді; № 55 үй қоршаған ортасыз подъездге келетін жермен; №7 пәтерге кіретін есіктің жалпы түрі; құлып және іздер орналасқан жері; сындыру құралынан қалған жаншылған із; дәліз бөлме және ас үйдің жалпы түрі; «LD» темекісінің тұқылы; қызғылт-қоңыр дақтармен кір көйлек; аяқ киім ізі; серванттың сол жақ есігі бөлек және саусақ іздерімен қоса; шаң қабаты алынған сервант сөресі; киім ілетін шкафтың оң жақ есігі; шөлмек және ондағы саусақ іздері.

Фотоға түсіру «Canon» сандық камерасымен жүргізілді. Түсіру шарттары; диафрагма - 8; ұсталым – 1/ 250 пәтерде суретке түсіру барысында жарқ етпе лампасы қолданылды, ал іздерді түсіру кезінде камерадағы макрофотография функциясы және масштабтық сызғыш пайдаланылды.

Қарап-тексеру, бұлыңғыр күн райында, күннің табиғи жарығында және ауа температурасы -5 градус шамасында болған кезде жүргізілді.

Оқиға болған жерден алынғандар:

1. Ойып салынатын есік құлпы (№1 пакет)
2. Сындыру құралынан қалған іздің пластилин көшірмесі (№2 пакет)
3. «LD» темекісінің тұқылы (№3 пакет)
4. Дактилоскопиялық пленкадағы аяқ киім ізі (№4 пакет)
5. Дактилоскопиялық пленкадағы сервант және шкаф есіктеріндегі саусақ іздері (№5-6 пакет)
6. Қызғылт қоңыр дақтар мен кір көйлек (.№7пакет)
7. Саусақ іздері орналасқан шөлмек (8 қорап)

Қарап-тексеру кезінде қарап-тексеру тәртібі, хаттама мазмұны, жоспарлар мен схемалар бойынша қатысушылардан өтініштер мен ескертпелер түскен жоқ (түсті): _____

Куәгерлер: _____(қолы)

_____ (қолы)

Қатысушылар: _____(жедел уәкіл, қолы)

_____ (аймақтық инспектор қолы)

Криминалист-маман _____(қолы)

Қарап-тексеру жүргізген:

Қарағанды қаласы ІІБ ТБ тергеушісі
полиция лейтенанты

Н.С.Мукашев

**Оқиға болған жерді қарап-тексеру
ХАТТАМАСЫ**

04.10.2023 жыл

Қарағанды қ.

Басталуы: 10 сағат 30 минут

Аяқталуы: 12 сағат 45 минут

Қарағанды ПБ-ның ТБ-нің тергеушісі, полиция аға лейтенанты К. Жұмабекова 04.10.2023 жылы Қарағанды қаласының ПБ кезекші бөліміне 09 сағат 35 минутта бейтаныс ер адамның мәйіті табылды деген хабарламасына сәйкес, Қарағанды қаласының 1.5 км тұсында оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан Талды өзенінің жағасына келіп, ҚР ҚПК-нің 199, 219, 220, 222, 224-баптарын басшылыққа ала отырып, сот-медициналық сарапшы (маман ретінде) Д.Ж. Бестаев, Қарағанды ПБ-ның жедел уәкілі, полиция капитаны П.Р. Теміров, Қарағанды ПБ-ның маман-криминалисттері, полиция аға лейтенанты П.Р. Пралов пен полиция лейтенанты Р.У.Таировтың қатысуларымен, белгісіз ер адамның мәйіті табылған оқиға бойынша оқиға болған жерді қарап-тексеру жүргізіп, осы хаттаманы толтырдым.

Тергеу әрекетіне маман ретінде қатыстырылып отырған Д.Ж.Бестаев, П.Р.Пралов пен Р.У.Таировқа ҚР ҚПК-нің 80-бабына сай құқықтары мен міндеттері түсіндіріліп, өз міндеттерін орындаудан дәлелді себептерсіз келуден бас тартқаны үшін немесе жалтарғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылатындығы туралы ескертілді. Қатысушылардың барлығына қарап-тексеру жүргізу барысында фотосуретке түсіру және бейнежазба қолданылатындығы ескертілді.

Сот-медициналық сарапшы

Бестаев Д.Ж.

Маман-криминалист

Пралов П.Р.
Таиров Р.У.

Қараумен анықталды:

Оқиға болған жерді қарап-тексеру объектісі болып, Қарағанды қаласының 1.5 км тұсында оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан Талды өзенінің жағасында орналасқан «Самал» деп аталатын жер болып табылады. Аталмыш жердің іске маңызды аумағының жалпы көлемі жуықтап алғанда 210 м². Бұл аумақта өзен жағалауы, шөгінді шөп пен тастақты жерлер орналасқан. Өзеннің батыс бөлігінде, ауылдан көлге бағыттайтын аумақта 30-35 жасар бейтаныс ер адамның мәйіті жатыр. Мәйіт шалқасынан орналасқан, оң жақ қолы жоғары көтерілген, ал сол жақ қолы кеудесінде жатыр. Басы сол- түстікке, яғни Талды ауылына бағытталған, аяғы оңтүстікке, яғни Талды өзенінің жағалауына

бағытталған. Мәйіт бет тұсымен оң жаққа бұрылып, көздері ашық жатыр. Аяқтары бір-біріне параллель.

Мәйіт үстінде көк түсті, жеңі ұзын көйлек киілген. Көйлекке қарау барысында қалтасында ешқандай заттар табылған жоқ. Көйлектің түймелері орында, үстіңгі екі түймесі және астыңғы екі түймесі түймеленбеген. Бұл ретте қойлектің оң жақ қалта тұсында қызғылт түсті 11x9,5см өлшемді канға ұқсас дақтар табылды. Қарау барысында дақ құрғақ емес, намдау болып келеді. Аталмыш дақтар қырылып, арнайы тампонға алынып, буып түйілді. Мәйіт аяғында ешқандай киім киілмеген, бірақ ішкі киімі бар. Аталған ішкі киім қоңыр түсті, еш жері зақымданбаған және сыртқы көрінісі бірқатар кірленген.

Сыртқы көрінісі бойынша ер адамның мәйіті шамамен 30-35 жаста, толықша келген, бойы 179 см. Денесінің терісі ақшыл түсті, оң жақ кеудесінде қою қызыл түсті қан тәріздес зат бар. Шашы ақшыл қоңыр түсті, шашыраңқы жатыр. Беті сопақ, маңдайы кең. Қасы жіңішке, доғал тәріздес. Көзі ашық, қоңыр түсті, үлкен, қарашығы үлкейген жоғары қараған. Мұрны орташа, түзу. Аузы жартылай ашылған, кішкентай, үстіңгі ерні жіңішке, ал астыңғы ерні жуан. Тістері орнында, тілі тістің әр жағындағы бөлікте жатыр. Құлағы сопақша тәріздес, кішкентай, басына мықты орналасқан. Мойны ұзын, жіңішке, еш жарақатсыз. Кеудесі мен қарны орташа толық, жыныстық мүшесі бұзылмаған. Жыныстық мүшелерден ешқандай биологиялық бөлінділер байқалмайды. Омыртқалары және басқа да сүйектері қолмен ұстап көру барысында белгілі бір зақымдар білінбейді. Аяқтары толықша келген.

Ерекше белгілері: оң жақ белінде қара түсті 4x2мм өлшемді мең бар. Арқа тұсының жамбас-бөксе үстіңгі бетінде тумысынан қалыптасқан қара-қоңыр түсті 4,2x2см өлшемді қал орналасқан. Сол қолының қолтыққа карама қарсы, иық тұсында жылан оралған рауан гүлге ұқсас жасанды сурет бар. Оң аяғының сан бұлшық ет бөлігінде «moi ноги устали» деген жасанды жазба әріптері бейнеленген.

Мәйіттің денесі суық, тік ішегіндегі температура +15С. Мәйіттік дақтар аз, ақшыл-қызыл көгілдір түстес, сол жақ бетінде және денесінің үстіңгі жағында. Оларды саусақпен басқанда жоғалып кетеді де, 20 сек. соң қайта қалпына келеді. Көрініп тұрған шіру белгілері жоқ.

Жарақаттар: Сол жақ қолының білек тұсы сопақ және көпсызықты пішінді терісі сыдырылған жаралары анықталды. Қырлары немесе шеттері қызғылт түсті болып келеді, жара үстінде қызғылт-қоңыр түсті катты қабыршығы пайда болған. Мәйіттің сол жақ кеудесінің жүрек тұсында доға секілді немесе тіке бағытталған, сопақша келген, шеттері тегіс-жатық, ұшы сүйір, ұзындығы 4,5 см, ені 2,5 см, тереңдігі 4 см болатын жарақат анықталды. Денені аударғанда жарақаттан қан тәріздес сұйықтық бөлінеді. Мәйітте басқа жарақаттар белгілері жоқ.

Өзеннің батыс бөлігінде мәйіттің оң жағында шамамен 85 см жерде 1,5 л «Coca-cola» сусынының бос бөтелкесі жатыр. Ішінде сусынның 0,1 л мөлшердегі қалдығы анықталды. Бөтелкеде ешқандай іздер анықталған жоқ. Мәйіттің аяқ жағында 1 м жерде ер адамнан қалған аяқ киім іздері анықталды. Аталған іздерге түпкілікті зерттеулер жүргізілу үшін гипстеліп алынды.

«Camel» темекісінің үш қалдығы мен «Зерно» арағының жартылай ішілген шөлмегі мәйіттің шығыс бөлігінде 1,5 м орналасқан. «Camel» темекісінің қалдықтарына қажетті зерттеулер өткізу үшін арнайы қорапшаларға салынып алынды. «Зерно» арағының шөлмегіне криминалистикалық ұнтақтармен өңдеу барысында дактопленкаға екі қол саусақ іздері алынып, қажетті қорапшаларға салынды. Өзен жағалауының солтүстік-батыс бөлігінде саз балшық жерден ұзындығы 20 см, ені 5 см, ас пышағы тәріздес зат табылды. Оның ұстағышы мен жүзінде қан тәріздес қою қызыл түстес заттар анықталды. Аталған затта ешқандай қол-саусақ іздері алынған жоқ.

Мәйіттің қалпы, жатқан жері «Canon» А430 маркалы сандық фотоаппаратпен түсірілді. Аталған мәйіттің денесі полиэтиленды қара түсті қапқа салнып, қаптың аузы мөрленіп қатысушы тұлғалардың қолдарымен расталды. Мәйіттің денесі өлімнің себебін және жарақаттың белгілерін, қалыптасу механизмін анықтау үшін мәйітханаға жолданды.

Оқиға болған жердің жалпы көрінісі шеңберленіп фотосуретке түсірілді және мәйіттің орналасуы төрт жағынан түсірілуімен қатар, «Coca-cola» суының бос бөтелкесі, ер адамнан қалған аяқ киім іздері, «Camel» темекісінің үш қалдығы, «Зерно» арағының жартылай ішілген шөлмегі және пышақ тәріздес құрал фотосуретке түсірілді.

Фотосуретке түсіру «Canon» А430 маркалы сандық фотоаппаратпен және бейнежазба «Sony» бейнекамерасымен жүзеге асырылды.

Қарап-тексеру күндізгі уақытта, бұлтсыз шуақ күнде және табиғи жарықта жүргізілді.

Оқиға болған жерден дәлелдеме ретінде алынғандар:

1. Мәйіт көйлегінен алынған қан тәріздес дақтар (№1 қорапша);
2. Оқиға болған жерден алынған аяқ киім іздерінің гипстік үлгісі (№2 қорапша)
3. «Camel» темекісінің үш қалдығы (№3 қорапша);
4. «Зерно» арағының жартылай ішілген шөлмегінен қол саусақ іздері алынған дактопленка (№4 қорапша);
5. Ас пышағы тәріздес зат (№4 қорап).
6. Адамның мәйіті (№5 полиэтиленды қара түсті қап).

Барлық алынған заттар №25 мөрімен мөрленді. Әрбір қорапшада түсінік беретін қағаз бар. Оқиға болған жерді қарап-тексеру кезінде мәйіттің орналасуын және анықталған іздерді көрсететін сызба мен хаттама толтырылды.

Тергеулік іс-әрекетке қатысушылардан іс-әрекет өту барысында ешқандай ескертулер мен өтініштер болған жоқ.

Қарап-тексеру барысында толтырылған хаттама қатысушыларға дауыстап оқылып берілді, бәрі дұрыс, қатысушылар тарапынан қарау тәртібі бойынша хаттама мазмұны мен жоспар сұлбасына арыздар мен ескертулер түспеді.

Сот-медициналық сарапшы

Бестаев Д.Ж.

Маман-криминалист

Пралов П.Р.

Таиров Р.У.

Жедел уәкіл:

П.Р.Теміров

Қарағанды ПБ ТБ-нің тергеушісі
полиция аға лейтенанты

Қ.Жұмабекова

Тірі адамды қарап –тексеру ХАТТАМАСЫ

«_20_» __04__ 2023 ж.

Қарағанды қ.

Басталды: «10 « сағат «00» минут.

Аяқталды: «11» сағат «15» минут.

Қарағанды қаласы ПБ ТБ тергеушісі полиция лейтенанты Н.Н.Мукашев, ҚР ҚПК-нің 199, 219, 224, 220 баптың 12 бөлігі баптарының талаптарына сәйкес Орталық ПБ-нің криминалисті маман полиция лейтенанты Ж.Н. Мадиевтің қатысуымен, «Samsung» маркалы сандық бейнекамера техникалық құралын қолдана отырып, Қарағанды қаласы Ермеков көшесінде 49 үйде орналасқан “Огонек “ дүкенінің қасында өзін Еркінов Есенкелді Жасұланұлы деп таныстырған азаматты тоқтатып, қарау жүргіздім, сол себепті ҚР ҚПК-ң 199 және 224 баптарының талаптарын сақтай отырып, осы хаттаманы толтырдым.

Қарау ашық ауа-райында табиғи жарықпен жүргізілді.

ҚАРАУМЕН АНЫҚТАЛҒАНЫ:

Қарап жатқан Еркінов Есенкелді Жасұланұлы азаматтың бойы 1 метр 70 см.европа ұлты, шашының түсі қаралау, иектің сол жағында мені бар, аяғында қоңыр былғары етік, қара түсті ждинси шалбар, басында сұр тоқыма шапка, үстіне киілген қара былғары куртка, осы курткасының оң жақтағы сыртқы калтасынан, сұр түрі фольгадан жасалынған кішкене мөлшері 3–4- мм. түйеншек табылып алынды..Ол түйеншекті жайған кезінде, ішінде ақ ұнтақты зат болғаны анықталды. Еркінов Есенкелді Жасұланұлына «бұл не зат»- деп қойылған сұраққа, «бұл зат – есірткі зат героин , және осы затты 2016 жылы қаңтар айының 16 күні «Огонек» дүкеннің қасында бейтаныс кавказ ұлттық әйелден 1000 теңгеге сатып алдым»- деп жауап берді.

Осыдан кейін ақ ұнтақты зат табылған Е.Ж.Еркіновтың курткасы бір целофан пакетке оралып, желімденіп, № 1 мөр басылды, және түсіндіру жазу жазылды: «№ 1 пакет. 2016 жылы 19 ақпан күні Е.Ж.Еркіновтен алынған куртка». Осы пакетке тергеуші және Е.Ж.Еркінов өзі қол қойды.

Содан кейін фольгадан жасалынған түйеншек конвертке салынып, желімденіп, № 2 мөр басылды, және түсіндіру жазу жазылды: «№ 2 пакет. 2016

жылы 19 ақпан күні Е.Ж.Еркінотен алынған фольгадан жасалынған түйеншік, ішіндегі зат пен бірге». Осы пакетке растау үшін тергеуші және Е.Ж.Еркінотың өзі қол қойды. Осымен қара - тексеру аяқталды.

Қарап - тексеру барысында толтырылған хаттама бейне камера алдында дауыстап оқылып берілді, бәрі дұрыс, қатысушылар тарапынан қарау тәртібі бойынша және хаттама мазмұны бойынша арыздар мен ескертулер түскен жоқ.

Қаралынған адам:

Е.Ж. Еркінот

Криминалист маман:

Қарау жүргізген:

Қарағанды қаласы ІІБ

ТБ тергеушісі

полиция лейтенанты (қолы)

Н.С.Мукашев

Заттарды қарап-тексеру хаттамасы ХАТТАМАСЫ

«21» __05__ 2023 ж.

Қарағанды қ.

Басталды: «10 « сағат «00» минут.

Аяқталды: «11» сағат «15» минут.

Қарағанды қаласы ІІБ ТБ тергеушісі полиция лейтенанты Н.Н.Мукашев № 8 кабинетінде ҚР ҚПК 199, 219 және 220 баптардың талаптарын сақтай отырып, келесі куәгерлердің қатысуымен:

1. Қанат Алпысұлы Баубекот – мекен-жайы Қарағанды қаласы, Муқанова көш. 19 үй, 276 пәтер;

2. Дастан Құдайбенгенұлы Есенов - мекен-жайы Қарағанды қал, Муқанова көш. 19 үй, 296 пәтер

Жоғарыда көрсетілген куәгерлердің қатысуымен азамат Ж.К. Сартабаевтан алынған етіктерге қарау жүргіздім. Сол жүргізілген әрекет туралы ҚР ҚПК 199, 224 б. сай хаттаманы толтырдым.

Қарау жүргізу алдында куәгерлер Қ.А. Баубекот пен Д.Қ.Есеновке ҚР ҚПК 82 б. сәйкес олар тергеу іс әрекеттерін жүргізуге қатысуға, тергеу іс әрекеті жөнінде хаттамаға енгізуге жататын мәлімдемелер мен ескертулер жасауға, өзі қатысқан тергеу іс әрекетінің хаттамасымен танысуға, қылмыстық ізге түсу органның іс әрекетіне шағым жасауға, қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде өзіне келтірілген шығындарға өтем алуға құқығы бар екені түсіндірілді. Сонымен қатар оларға ҚР ҚПК 82 б. көзделген міндеттері түсіндірілді және олар өз міндеттерін орындаудан немесе дәлелді себептерсіз

келуден бас тартқаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылатыны туралы ескертілді.

Куәгерлер: _____ Қ.А. Баубеков
_____ Д.Қ. Есенов

ҚАРАУМЕН АНЫҚТАЛДЫ:

Қараудың объектісі қара түсті былғары етіктер болып табылады. Етіктер көтерісінің екі жағынан ілгекке салынады. Оң жақ етіктің алдының оң жағында сызық түрінде 2 см. ұзындығы кесілген жері бар. Аяқ киімнің табаны тұтас қара қоңыр түсті. Оң жақ етіктің алды шеті бойынша 7 см. ұзындыққа кесілген. Аяқ киімнің іші ақ қоңыр түсті терімен қапталған. Ұлтарақтары тозған күйде. Етіктер қарау уақытында тозған күйінде екені анықталды.

Қарау күндізгі уақытта, бұлтсыз шуақ күнде және табиғи жарықта жүргізілді.

Қарау барысында қатысушылардан еш ескертпе мен өтініш түскен жоқ.

Хаттаманы тергеуші дауыстап оқыды, дұрыс жазылған. Өзгертулер мен толықтырулар жоқ.

Куәгерлер: 1. _____
2. _____

Қарауды жүргізген:

Қарағанды қаласы ІІБ ТБ тергеушісі

полиция лейтенанты

(қолы)

Н.С.Мукашев

Жол-көлік оқиғасы болған жерді қарап-тексеру хаттамасы

«_02_»_02_2023 ж.

Октябрь қ.

Тексеру басталды: 14 сағ. 59 мин.

Тексеру аяқталды: 15 сағ. 40 мин.

Энск облысы ІІД АБ аға анықтаушысы полиция капитаны Д.С. Ақжанов, 14 сағ 26 мин. уақытта, белгісіз тұлғадан Октябрь қаласынан Ульянов кентіне қарай «Орынбор-Омбы» тас жолында орын алған ЖКО жайлы хабарлама алып, оқиға болған жерге мына мекен-жай бойынша келді: Октябрь қаласынан Ульянов кентіне қарай «Орынбор-Омбы» тас жолдың 915 шақырымында ҚР ҚПК 219 және 220 баптарын басшылыққа ала отырып, сарапшы-маман Ж.Файзуллиннің қатысуымен, _____,

куәгерлердің қатысуымен:

1)Коваленко Андрей Александрович, 3.10.1989 ж.т. Топар ауылы, Б.Мира 13-39.

2)Сайлау Аслан, 12.03.1993 ж.т. Октябрь қаласы, Карбышев көшесі 14/32 үй, 59 пәтер, келісімімен және қатысуымен ҚР ҚПК 199 және 224 баптарын негізге ала отырып оқиға болған жерде қарап-тексеру жүргізді, оған сәйкес ретінде берілген хаттаманы жасады.

Жоғарыда айтылған тұлғаларды тексеруден бұрын келесі істерге қатысуға құқылы екендігі түсіндірілді: хаттамаға жататын тергеу жөнінде мәлімдеме мен ескертулер жасауға; олар қатысқан тергеу хаттамасымен танысу; прокаратура органдарына шағым айтуға; қылмыстық сот ісін жүргізу кезіндегі шығын өтемақысын алуға; қауіпсіздік шараларын қабылдау үшін өтініш жариялау. Сондай-ақ, оларға қарап-тексеру және нәтиже кезінде қажетті ақпараттық техникалық құралдарын қолданылатыны ескертілді.

Сонымен қатар, Коваленко М.А., Сайлау А. куәгерлерге ҚР ҚПК 82 бабына сәйкес оларға қылмыстық қудалау органдарының шақырған кездегі қызметтері түсіндірілді: тергеуге қатысу; осы тергеудің барысы мен нәтижелерін хаттамаға қол қою арқылы куәландыру; анықтаушының, тергеушінің, прокурордың рұқсатынсыз сотқа дейінгі материалдарды жария етпеуге; тергеу кезінде тәртіп сақтауға және ҚР ҚПК 160 бабы бойынша өз міндеттерін себепсіз орындамаса немесе қарсылық көрсетсе оларға тәртібі жөнінде ақшалай айыппұл салынатыны туралы ескертілді.

Куәгерлер 1. _____
2. _____

Файзуллин Ж. маманға ҚР ҚПК 80 бабы бойынша құқықтары мен міндеттері түсіндірілді және оған ҚР ҚПК 160 бабы бойынша өз міндеттерін себепсіз орындамаса немесе қарсылық көрсетсе оларға тәртібі жөнінде ақшалай айыппұл салынатыны туралы ескертілді. _____

Қарап-тексеру кезінде анықталды:

Оқиға болған жердің қарап-тексерудің объектісі болып жол жиегінде қара түсті «Toyota Mark II» маркалы м/н 9995SXM тұрған Октябрь қаласынан Ульянов кентіне қарай «Орынбор-Омбы» автожолы 975км/471км саналады, автомобильдің жанында 1,8 м жерде Жетпісов Берік Ахатұлының, 25.01.1991 ж.т., мәйіті орналасқан. Мәйіттің үстінде көк түсті күртеше, қызыл түсті кеудеше, көк түсті джинсы, аяғында қоңыр түсті етік болды. Мәйіт мәйітханаға сот-медициналық сараптама жүргізу үшін жіберілді. Көрнекі қарап-тексеру тексеріс кезінде алдыңғы жағының зақымдануы, алдыңғы оң және сол жағының зақымдануы, оң жағының және алдыңғы жақтың қақпағының зақымдануы анықталды. Жоғарыда көрсетілген екі автокөліктің арасында сол автокөліктердің бөліктері, заттары орналастырылды. Жиектері аз соғылған. Жүргін бөліктің жиегінен соққыға дейін іздер орналасқан. А/м №1 және жүргін бөліктің шетінің арақашықтығы 1,2 метрді құрайды, артқы дөңгелектерге дейін 1,30 м. А/н №2 және жүргін бөліктің шетінің артқы дөңгелектерге дейінгі арақашықтығы 10,5 метрді құрайды, алдыңғы дөңгелектерге дейін 11,7 м. Қарап-тексеру күндіз орындалды. Жүргін бөлік құрғақ асфальтты зақымсыз горизонтальды түрге ие. ЖКО дейінгі және ЖКО кезінде жауын-шашын болған жоқ. Қарап-тексеру кезінде табылған және алынғандар: Абай ауданы ІІБ аумағында орналасқан «Тойота Марк 2» маркалы м/н 999SXM автокөлігі, «КИА

Церата» маркалы м/н 222LXA автокөліктерінен жеке заттары мен құжаттары бар әйелдер сөмкесі, құжаттары салынған ерлер әмияны, қара түсті «Самсунг» маркалы ұялы телефоны, көк қапшықты ақ түсті «Самсунг» маркалы ұялы телефоны, қара-сұр түсті «Самсунг» ұялы телефоны мен қара түсті «Нокия» ұялы телефоны.

Тексеріс ашық ауа-райында, табиғи жарықтандыру кезінде және -4 °C ауа температурасында іске асырылды.

Оқиға болған жерден табылып алынды:

1. «Тойота Марк 2» маркалы м/н 999SXM автокөлігі;
2. «КИА Церата» маркалы м/н 222LXA автокөліктерінен жеке заттары мен құжаттары бар әйелдер сөмкесі ;
3. Құжаттары салынған ерлер әмияны;
4. Қара түсті «Самсунг» маркалы ұялы телефоны, көк қапшықты ақ түсті «Самсунг» маркалы ұялы телефоны, қара-сұр түсті «Самсунг» ұялы телефоны мен қара түсті «Нокия» ұялы телефоны.

Қарап-тексеру барысында _____ заттар орналасқан жоспар және кесте құрылды.

Қарап-тексеру барысында тексеріс реті, хаттама мазмұны, жоспары және кестесі жөнінде қатысушылардан арыз және ескерту келіп түсті: келген жоқ.

Куәгерлер:

Қатысушылар:

Қарап-тексеру жүргізген:

Энск облысы ПД АБ

аға анықтаушысы

полиция капитаны

/қолы/

Д.С. Ақжанов

Көлікті қарап-тексеру хаттамасы

«_30_»_09_2023 жыл

Октябрь қ.

Тексеру басталды: 13 сағ. 55 мин.

Тексеру аяқталды: 14 сағ. 40 мин.

Энск облысы ПД АБ аға анықтаушысы полиция капитаны Д.С.Ақжанов, куәгерлер:

1.Иванов Иван Иванович, 01.01.1989 ж.т., Энск қаласы, 14-25-58

2.Иванов Иван Иванович, 01.01.1989 ж.т., Энск қаласы, 14-25-58 және жүргізуші Е.С.Мец, қорғаушы А.К.Пенин, жәбірленуші Р.П.Ким, (жүргізуші, жәбірленуші, қорғаушы, маман және т.б.) ПД ЖКБ полиция лей-нты П.П.Сидровтың қатысуымен, ҚР ҚПК 199, 219-221 баптарынына сәйкес «_30_»_09_2023 ж. ЖКО қатысты Октябрь қаласынан Ульянов кентіне қарай «Орынбор-Омбы» тас жолымен келе жатып, аталған жолдың 915 шақырымында

(қай жерде) аумағында__ мем.№222LXA, ____ «KIA Cerato»____ автокөлікті қарап-тексеру жүргізілді.

ҚР ҚПК-нің 80, 82 баптарына сәйкес, куәгерлер мен маманға, олардың құқықтары мен міндеттері түсіндірілді.

Көлік құрамында келесідей бүлінгендер анықталды, яғни сыртқы зақымдары:

__көліктің алдыңғы оң жағы зақымдалған, оның ішінде: оң жақ бампері, алдыңғы оң жақ блок фарасы, шынылары сынған. Сонымен қоса көліктің капотының оң жағы байысқан. Алдыңғы терезесінің оң жағы жарылып сынған «өрмекші ұясындай».

Көліктің тежеуіш жүйесін қарап-тексеру кезінде анықталғаны:

__қандай-да бір ақаулар анықталмады

Көліктің рөль басқаруын қарап-тексеру кезінде анықталғаны:

__ қандай-да бір ақаулар анықталмады

Көліктің шассиін қарап-тексеру кезінде анықталғаны:

__ қандай-да бір ақаулар анықталмады

Көліктің жарықтану жабдықтарын қарап-тексеру кезінде анықталғаны:

_алдыңғы оң жақ жарықтануы толық сынған, басқадай ақаулар анықталмады

Көліктің ішін (салон) қарап-тексеру кезінде анықталғаны:

қандайда бір құжаттар табылмады. Артқы орындықта, сол жағында қара түсті күрте ер адамның және қара түсті қолқап табылды. Аталған заттар алынып, жеке-жеке полимерлі пакеттерге салынып, «пакеттер үшін» мөрімен басылды. Басқа айғақ заттар алынбады.

Хаттама оқылды, дұрыс жазылды.

Энск облысы ПД АБ

аға анықтаушысы

полиция капитаны

/қолы/

Д.С. Ақжанов

Қарап тексеруге қатысқан тұлғалар:

__/қолы/ Е.С.Мец, /қолы/ А.К.Пенин, /қолы/ Р.П.Ким

__/қолы/ ПД ЖКБ полиция л-нты П.П.Сидров

Экспертиза жүргізу туралы ХАТТАМА

«_15_»_10_2023 ж.

Сыркент қ.

Басталды: 10 сағ. 55 мин.

Аяқталды: 14 сағ. 20 мин.

Сыркент қалалық ПБ-ның ТБ-нің тергеушісі, полиция капитаны Ғ.М.Алиев 14.10.2023 жылы шығарылған экспертиза өткізу туралы қаулының негізінде, Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 199,225,227,228-баптарын басшылыққа ала отырып, куәгерлер:

1) Асқаров Еркін Орынбасарұлы, 17.12.1981ж.т. мекен жайы: Сыркент қаласы, Қонаев көшесі 70 үй, 16 пәтер, үй телефоны: 42-44-55;

2) Сәлімбеков Қуаныш Артақбайұлы, 11.03.1978 ж.т. мекен жайы: Сыркент қаласы, Жібек жолы көшесі, 17 үй, 41 пәтер, үй телефоны: 21-26-54;

Маман криминалист, полиция лейтенанты Ғ.Н.Айтқұловтың, сот-медицина саласындағы маман Р.А.Жорабековтың қатысуымен Сыркент қаласына қарасты, №13 христиан моласында жерленген, 14.06.1965 жылы туылған, азамат Евгений Петрович Шилиннің мәйітіне экспертиза жүргізілді.

Экспертиза жүргізу барысында жерлеу орны әкімшілігінің қызметкері Р.Н.Мендебаев, қайтыс болған адамның туыс ағасы П.М.Шилин қатыстырылды. Сондай-ақ мәйітті қазып алу үрдісіне Р.М.Винников және А.Елчибаев деген жұмысшылар жәрдем берді.

Экспертиза жүргізу алдында куәгерлерге ҚР ҚПК-нің 82 бабына сәйкес олардың құқықтары мен міндеттері түсіндіріліп, өз міндеттерін орындаудан дәлелді себептерсіз келуден бас тартқаны үшін немесе жалтарғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылатындығы туралы ескертілді.

Е.О. Асқаров _____/

Қ.А. Сәлімбеков _____/

Маман-криминалист Ғ.Н.Айтқұловқа және сот-медицина саласындағы маман Р.А.Жорабековке ҚР ҚПК-нің 80 бабының талаптарына сәйкес олардың құқықтары мен міндеттері түсіндіріліп, өзінің міндеттерін орындаудан дәлелді себептерсіз бас тартқаны немесе жалтарғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылатындығы ескертілді.

Ғ.Н.Айтқұлов _____/

Р.А.Жорабеков _____/

Қатысушы тұлғаларға тергеу әрекетін жүргізу барысында техникалық құралдар қолданылатыны ескертіледі.

Тергеу әрекетін бастамас бұрын қатысушыларыға СДТТБТ–не №05614054 санымен тіркелген қылмыстық іс бойынша 14.10.2023 жылы шығарылған экспертиза өткізу туралы қаулы жарияланды.

Эксгумация жүргізілетін жер болып Сыркент қаласынан солтүстік – шығысқа қарай екі шақырымдай жерде орналасқан №13 христиан моласы болып табылады. Мола аумағы жерлеу орны әкімшілігі қызметкері Р.Н.Мендебаевтың айтуы бойынша шамамен 100 ш/м. Мола металдан жасалған шарбақтармен қоршалған. Мола аумағына кіру есігі моланың оңтүстік-батысында орналасқан. П.М.Шилиннің және Р.Н.Мендебаевтың көрсетуі бойынша анықталған, қазып алынуға тиіс Е.П.Шилиннің мәйіті жерленген бейіт моланың орталық бөлімінде орналасқан. Бейіт ескерткіші ақшыл-көк түсті тас өнімімен жасалған. Бейіт ескерткішінің орталық тұсында Е.П.Шилиннің фотосуреті мен алтынсары түсті жазулармен жазылған келесідей жазбалар бар: «Евгений Петрович Шилин Годы жизни 14.06.1965-21.09.2010. Скорбим безмерно! Твои родители, дети и внуки». Бейіт ескерткіші 50 x 205 x 35 см. Өлшемі жер биіктігіде орналасқан. Бейіттің алдыңғы жағынан қараған кезде оң жағында «Темофеев И.Б 12.11.1918г.-03.14.1995г. Помним, скорбим, любим!» деген бейіт, сол жағында ескерткіші ағаштан жасалған крест тәріздес «Ветрова Р.С. 07.23.1902 г.- 11.15.1978 г. Прости нас за все! Твоя дочь и сын!» деген бейіттер орналасқан. Е.П.Шилиннің бейіті 200 см x 275 см ауқымды жерде орналасқан және ол жер биіктігі 110 см болатын қара түсті металдан жасалған қоршаумен қоршалған. Бейіттің алдыңғы жағынан қарағанда оң жақ бетінде, қоршаудың ішінде 30 см x 150 см x 75 см өлшемді қара түске боялған металдан жасалған отырғыш орналасқан. Қарау жүргізу барысында бейіт ескерткіштерінде, қоршауда және отырғышта ешқандай зақымдар және бұзылғанның белгілері анықталған жоқ. Бейітті қазу алдында, оның алдыңғы және сол жақ тұсынан бейіт ескерткіші мен ескерткіш тұрған жабдықты астыңғы жағынан қазу арқылы, олардың бүтіндігін сақтай отырып, алып қауіпсіз жерге қойылды. Бейітті қазу барысында алынған топырақ қара түсті, жұмсақ және сулы болып келеді. Жауықтап алған 150-155 см тереңдіке жеткен кезде табыттың үстіңгі беті көріне бастады. Табыттың жан-жағы ақырын және тыңғылықты топырақтан тазартылып, жердің қатты қыртысынан босатылады. Табыттың бүтіндігі бұзылмаған және сыртында ешқандай зақымдар көрінбейді. Осыдан кейін табыт тереңдіктен жер бетінде шығарылды. Табыт ұзындығы 180 см, ені 80, биіктігі 75 см өлшемді болып келеді. Табытты алған кезде, бейіт түбінде ешқандай заттар табылған жоқ. Табыт құрылымы негізінен ағаш өнімінен тұрады, тақтайлары нам, бірақ әлде төзімді. Табыттың үстіңгі бетінде қағылған шегелер босатылып, табыт қақпағы алынды. Ішінен ақшыл мата тәріздес зат табылды. Бұл ретте мәйіт үсті осы материалмен бүркелген. Аталған матаның мәйіттің бет және қол тұстарында қызғылт түсті бояуға боялған. Матаны алып тастаған кезде ішінен ер адамның мәйіті табылды. Мәйіт үстінде ақ түсті көйлек, қара түсті аяқ киім, ақ түсті ішкі киім және қара түсті шөлкі киілген. П.М.Шилин алынған мәйіт өзінің туысы Е.П.Шилиннің мәйіті екендігін көрсетті. Мәйіт киімдерінде ешқандай зақымдар анықталған жоқ. Содан кейін ақырын алдын-ала дайындалып қойған клеенка тәріздес затқа табыттан шығарылып қойылды. Табыт ішінде ағаш қалдықтарынан басқа заттар табылған жоқ. Мәйітке сырттай қарау жүргізу барысында ешқандай зақымдар анықталған жоқ. Осыдан кейін мәйітке

қосымша сот медициналық сараптама тағайындау үшін арнайы көлікке салынып, мәйітханаға жолданды.

Атбасар қаласында қарасты, №13 христан моласының және Е.П.Шилиннің бейіттінің жалпы көрінісі, бейітті қазу барысы, алынған табыт пен мәйіт фотосуретке түсіріледі. Фотосуретке түсіру «Canon» А430 маркалы сандық фотоаппаратпен жүзеге асырылады. Эксгумация табиғи жарықтың көмегімен, ашық күнде, желсіз ауа райында жүргізілді. Эксгумация өткізілген жердің сызбасы құрастырылды.

Куәгерлерден және басқа да тергеулік іс-әрекетке қатысушылардан тергеу әрекетінің өту барысында ешқандай ескертулер, өтініш болған жоқ.

Эксгумация барысында толтырылған хаттама қатысушыларға дауыстап оқылып берілді, бәрі дұрыс, қатысушылар тарапынан қарау тәртібі бойынша хаттама мазмұны мен жоспар сұлбасына арыздар мен ескертулер түспеді.

Куәгерлер:

Е.О.Асқаров
Қ.А.Сәлімбеков

Маман криминалист:

Ғ.Н.Айтқұлов

Сот медицина саласындағы маман:

Р.А.Жорабеков

Жерлеу орны
әкімшілігі қызметкері

Р.Н.Мендебаев

Е.П.Шилиннің туыс ағасы

П.М.Шилин

Жұмысшылар:

Р.М.Винников
А.Елчибаев

Сыркент қалалық ПБ-ның
ТБ-нің тергеушісі
полиция капитаны

Ғ.М.Алиев

Куәландыру жүргізу туралы ХАТТАМА

«_28_»_04_2023 ж.

Қарағанды қ.

Басталды: 14 сағ. 15 мин.

Аяқталды: 14 сағ. 30 мин.

Қарағанды ПБ-ның ТБ-нің тергеушісі, полиция капитаны А.Қ.Қонақбаев Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 199,223,224-баптарын басшылыққа ала отырып, куәгерлер:

1) Еркіннов Елдос Серікұлы, 17.12.1981ж.т. мекен жайы: Қарағанды қаласы, Қонаев көшесі 7 үй, 10 пәтер, үй телефоны: 42-44-55;

2) Сарсенов Уахит Мұратұлы, 11.03.1978 ж.т. мекен жайы: Қарағанды қаласы, Жібек жолы көшесі, 10 үй, 42 пәтер, үй телефоны: 21-26-54;

қатысуларымен Қарағанды ПБ-ның №5 тергеу бөлмесінде СДТТБТ–не №05614064 санымен тіркелген қылмыстық іс бойынша 12.12.1982 ж.т. күдікті Самалов Азамат Рымбекұлына куәландыруды жүргізіп, бұл туралы осы хаттама толтырылды. Куәландыру өткізудің негізгі мақсаты жәбірленуші Қалиева Шолпан Масылқызының өз жауабында айтқандай, қылмыс жасау барысында күдіктінің қолында байқап қалған жолбарыс тәріздес жасанды суреттің бар немесе жоқтығын тексеру болып табылады.

Куәгерлерге ҚР ҚПК-нің 82 бабына сәйкес олардың құқықтары мен міндеттері түсіндіріліп, өз міндеттерін орындаудан дәлелді себептерсіз келуден бас тартқаны үшін немесе жалтарғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылатындығы туралы ескертілді.

Е.С. Еркіннов_____/

У.М. Сарсенов_____/

Осыдан кейін барлық қатысушыларға хаттама тәртібі жарияланды да, А.Р.Самаловқа үстіңгі киімін шешіп қоюы ұсынылды және бұл әрекет онымен орындалды. Осылайша А.Р.Самаловты куәландыру барысында келесідегідей мән-жайлар анықталды: А.Р.Самаловтың оң қолының иық тұсында, шынтақтан жоғарғы үстіңгі бетінде жасыл түсті жолбарыс жануарына ұқсас, 2,1х3,4 см өлшемді жануар басының жасанды суреті анықталды. А.Р. Самаловтың қолдарында басқа жасанды суреттер анықталған жоқ. Осымен тергеу әрекеті аяқталды.

Хаттама дұрыс жазылып, дауыстап оқылды. Қатысушылар тарапынан шағымдар мен өтініштер түскен жоқ.

Е.С. Еркіннов_____/

У.М. Сарсенов_____/

Куәландырылушы:

А.Р.Самалов

Қарағанды ПБ-ның
ТБ-нің тергеушісі
полиция капитаны

А.Қ.Қонақбаев

Жануарға қарап-тексеру жүргізу ХАТТАМАСЫ

06.08.2023 жыл

Қарағанды қ.

Басталуы: 10 сағат 30 мин.

Аяқталуы: 10 сағат 45 мин.

Қарағанды ПБ-нің тергеу бөлімшесінің тергеушісі, полиция лейтенанты Ж.Макенова, «Асыл тұқым» ашық акционерлік қоғамының ірі кара малға арналған қорасында ҚР ҚПК 199, 219, 220, 221, 224-баптардың талаптарын сақтай отырып, Қарағанды ПБ-нің маман-криминалист, полиция лейтенанты П.Р.Ескеновтың қатысуымен СДТТБТ-де №232421220 санымен тіркелген кылмыстық іс бойынша дәлелдеме болып табылатын бір бас сиырға қарап-тексеру жүргіздім.

Тергеу әрекетіне маман ретінде қатыстырылып отырған П.Р. Ескеновке ҚР ҚПК-нің 80-бабына сай құқықтары мен міндеттері түсіндіріліп, өз міндеттерін орындаудан дәлелді себептерсіз келуден бас тартқаны үшін немесе жалтарғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылатындығы туралы ескертілді.

Маман-криминалист

П.Р. Ескенов

Қараудың объектісі болып төрт жасар бір бас сиыр болып табылады. Сиырдың жалпы пішіні орташа, қоңыр түсті. Объектінің бас тұсынан мұрынға дейінгі қашықтық, алдыңғы оң аяғының ішкі жағы ақ түсті. Екі мүйізі ішке қарай қайырылған, ұзындығы оң жағындағысы 18 см, сол жағындағысы 18,3 см. Құлақтары сопақ тәріздес және ішкі жағы ақшыл түсті. Оң жақ құлағында жіппен оралып, «025 асыл тұқым» жазуы бар көк түсті ең бар. Құйрығының ұзындығы 89 см.

Жалпы сиырға қарау барысында, оның денесінде ешқандай жарақаттар анықталған жоқ.

Фотосуретке түсіру «Canon» A430 маркалы сандық фотоаппаратпен және бейнежазба «Sony» бейнекамерасымен жүзеге асырылды.

Қарап-тексеру күндізгі уақытта, табиғи жарықта жүргізілді. Қарау барысында қатысушылардан ешқандай ескертпелер мен өтініштер түскен жоқ.

Хаттама тергеушімен дауыстап оқылып, дұрыс жазылды. Өзгертулер мен толықтырулар жоқ.

Маман-криминалист

П.Р.Ескенов

Қарағанды ПБ ТБ тергеушісі
полиция лейтенанты

Ж. Макенова

ӨЗІНДІК БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Қарап-тексеру жүргізуге қойылатын тактикалық талаптар.
2. Күдіктіні куәландыру жүргізудің ұйымдастырушылық-тактикалық ерекшеліктері.
3. Тергеушінің (анықтаушының) қарап-тексеру жүргізудегі ұйымдастырушылық-тактикалық қызметі.
4. Жәбірленушіні куәландыру жүргізудің ұйымдастырушылық-тактикалық ерекшеліктері.
5. Жедел-тергеу топ қатысушыларының қарап-тексеру жүргізу кезіндегі өзара іс-әрекеті.
6. Куәні куәландыру жүргізудің ұйымдастырушылық-тактикалық ерекшеліктері.
7. Қарап-тексеру жүргізудің қағидаттары.
8. Тергеулік қарап-тексерудің түсінігі, түрі және мағынасы.
9. Мәжбүрлі түрде куәландыру жүргізудің ұйымдастырушылық-тактикалық ерекшеліктері
10. Тергеулік қарап-тексеру жүргізудің кезеңдері мен сатылары.
11. Оқиға орнын бастапқы, қайталап және қосымша қарап-тексеру.
12. Тергеушінің эксгумация жүргізудегі ұйымдастырушылық-тактикалық қызметі.
13. Оқиға орнындағы қарап-тексеру нәтижелерін тіркеу.
14. Эксгумация жүргізудің заңдылығын анықтайтын себептер мен негіздерді келтіріңіз.
15. ҚР ҚПК сәйкес қарап-тексерудің қылмыстық-процестік сипаттамасын беріңіз.
16. Эксгумация жүргізудің мақсаттарын, оның қатысушыларын және орындалу тәртібін атаңыз.
17. ҚР ҚПК сәйкес тергеулік қарап-тексеру қандай түрлерге бөлінеді.
18. ҚР ҚПК сәйкес куәландыру жүргізудің мақсатын атаңыз.
19. Қылмысқа қатысты материалдық іздерін ескере отырып, оқиға орны мен қылмыс жасалған жердің қылмыстық іс жүргізу ерекшеліктерін атаңыз
20. Эксгумация жүргізудің процестік жүргізу тәртібін атаңыз.
21. Қандай жағдайларда қылмыстың жекелеген түрлерін тергеу барысында бір қылмыс бойынша бірнеше оқиға орны болуы мүмкін? Жауап ҚР ҚК және ҚПК баптарының нормаларын қамтуы тиіс.
22. Эксгумация жүргізудің тактикалық әдістерін атаңыз.
23. Оқиға орнын қарап-тексерудің қылмыстық іс жүргізу мақсаттарын атаңыз. Жауап дәлелді ақпарат көздеріне қатысты ҚР ҚПК баптарының нормаларын қамтуы тиіс.
24. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында куәландыруды жүргізудің түсінігі және мәні.

25. Егер қылмыстың материалдық іздерін табу ықтималдығы шамалы болса, оқиға болған жерді тексеру жағдайларын атаңыз. Сіз көрсеткен деректер ҚР ҚПК сәйкес қалай пайдаланылады?
26. Сотқа дейінгі тергеу барысында эксгумация жүргізудің түсінігі мен мәні.
27. Оқиға болған жерді қарап-тексеру кезінде қылмыстық іс жүргізу заңнамасына сәйкес тергеушінің қандай әрекеттері міндетті болып табылады?
28. Эксгумация жүргізу туралы қаулысына санкция алу тәртібі.
29. ҚР ҚПК сәйкес оқиға орнын қарап-тексерудің жанжақтылығында қандай кепілдіктер бар? Жауап ҚР ҚПК баптарының нормаларын қамтуы тиіс.
30. Мәйітті жерлегеннен кейін оны эксгумациялау тәртібі.
31. Оқиға болған жерді қарап-тексеру кезінде оның жетекші рөлін көрсететін тергеушінің функционалдық міндеттерін атаңыз.
32. Эксгумациядан кейін адамның мәйітін жерлеу тәртібі.
33. Куәландыру хаттамасын жасау ерекшеліктері қандай.
34. Қарап-тексеру орнына барар алдында тергеушінің дайындығы қандай? Жауап ҚР ҚПК баптарының нормаларын және заң ғылымдарының ұсынымдарын қамтуы тиіс.
35. Оқиға орнын қарап-тексеруде қатысушылардың дәлелдеу субъектілерінің функционалдық міндеттерін сипаттаңыз.
36. Эксгумация барысында қатысатын адамдардың шеңберін, олардың құқықтық жағдайын көрсетіңіз.
37. Оқиға орны мен мәйітті қарау кезінде сот-медициналық сарапшының қызметі қандай нормативтік құжаттармен реттеледі?
38. Оқиға орнында анықтау органдарының қызметкерлері ҚР ҚПК және басқа да нормативтік құжаттар тұрғысынан қандай іс-әрекеті.
39. ҚР ҚПК сәйкес тірі адамды қарап-тексеру жүргізудің тәртібі.
40. Жол көлік оқиғасы болған жерде автокөлікті қарап-тексеру жүргізудің тәртібі.
41. Автокөлікті қарап-тексеру тәртібі.
42. Оқиға болған жерде қысқаша хаттама толтырудың ерекшеліктері.
43. Үй жайды мәжбүрлі түрде қарап-тексеруде тергеу судьясынан санкция алу тәртібі.
44. Дыбыс-, бейнежазбаны қолдана отырып, қарап-тексеру тергеу әрекетінің жүргізу тәртібі мен ерекшеліктері.
45. Құжаттарды қарап-тексеру тәртібі.
46. Мәйітті қарап-тексеру және оны мәйітханаға жолдау тәртібі.
47. Ашық аумақтарды қарап-тексеру жүргізудің тәртібі.
48. Қандай жағдайда қайталап қарап-тексеру жүргізіледі.
49. Қандай жағдайда қарап-тексеру барысында куәгерлер қатысады.
50. Жануарларды қарап-тексеру тәртібі.

ӨЗІНДІК БАҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

1. Мәйітке қосымша қарап тексеру жүргізуге болады ма...

- Қосымша қарап-тексеру жүргізуге болады.
- ҚР ҚПК-де қарастырылмаған.
- Жүргізілмейді.
- Тергеу бастығының бұйрығымен жүргізіледі.
- Маманның ұсынысы бойынша ғана жүргізіледі.

2. Жәбірленушіге қатысты мәжбүрлеп куәландыру жүргізуге болады ма...

- Тергеу судьясының санкциясымен жүргізіледі.
- Прокурордың келісімімен жүргізіледі.
- Жәбірленушіге қатысты мәжбүрлі түрде куәландыру жүргізілмейді.
- ҚР ҚПК-де қарастырылмаған.
- Криминалист-маманның ұсынысымен жүргізіледі.

3. Ұйымдар, сондай-ақ дара кәсіпкерлер кәсіпкерлік қызметте не жеке практикамен айналысатын адамдар пайдаланатын үй-жай немесе аумақ оқиға орны болып табылған жағдайларда, оларды қарап-тексеру үшін...

- Тергеу судьясының санкциясы талап етілмейді.
- Тергеу судьясының санкциясы талап етіледі.
- Куәгерлердің қатысуымен жүргізіледі.
- Ұйым басшылығының ұсынысымен жүргізіледі.
- Соттың шешімі керек.

4. Тұрғын үй-жайды мәжбүрлеп қарап-тексеру жүргізу қажет болған кезде, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам қарап-тексеру жүргізу туралы...

- Қаулы шығарады.
- Мәжбүрлі түрде қарап-тексеру хаттамасын құрастырады.
- Ұсыныс шығарады.
- Акт толтырады.
- Анықтама шығарады.

5. Егер тұрғын үй-жай оқиға орны болса және оны қарап-тексеруді кейінге қалдыруға болмаса, онда тұрғын үй-жайды қарап-тексеру кейіннен материалдарды...

- Бір тәуліктік мерзімде тергеу судьясына жібереді.
- Екі тәуліктік мерзімде тергеу судьясына жібереді.
- Бір тәуліктік мерзімде тергеу прокурорға жібереді.
- Бір тәуліктік мерзімде тергеу ТБ бастығына жібереді.
- Үш тәуліктік мерзімде тергеу судьясына жібереді.

6. Тергеу судьясы жүргізілген қарап-тексерудің заңсыз екені туралы шешім қабылдаған жағдайда...

- Заңды немесе заңсыз екені туралы қаулы шығарады.
- Заңды немесе заңсыз екені туралы хаттама шығарады.
- Заңды немесе заңсыз екені туралы ұсыныс шығарады.
- Заңды немесе заңсыз екені туралы шешім шығарады.
- Заңды немесе заңсыз екені туралы үкім шығарады.

7. Қарап-тексеру кезінде табылғанның және алып қойылғанның барлығы куәгерлерге, қарап-тексерудің басқа да қатысушыларына көрсетілуге тиіс, бұл туралы...

- Хаттамада белгі жасалады.
- Қаулыда белгі жасалады.
- Анықтамада белгі жасалады.
- Акт жасалынады
- Хабарлама жасалынады.

8. Нәрселер қарап-тексерілгеннен кейін...

-ҚПК-ің 118-бабының қағидаларына сәйкес заттай дәлелдемелер деп танылуы мүмкін.

-ҚПК-ің 119-бабының қағидаларына сәйкес заттай дәлелдемелер деп танылуы мүмкін.

-ҚПК-ің 120-бабының қағидаларына сәйкес заттай дәлелдемелер деп танылуы мүмкін.

-ҚПК-ің 121-бабының қағидаларына сәйкес заттай дәлелдемелер деп танылуы мүмкін.

-ҚПК-ің 115-бабының қағидаларына сәйкес заттай дәлелдемелер деп танылуы мүмкін.

9. Куәға қатысты мәжбүрлеп куәландыру жүргізуге болады ма...

- Тергеу судьясының санкциясымен жүргізіледі.
- Прокурордың келісімімен жүргізіледі.
- Мәжбүрлі түрде куәландыру жүргізілмейді.
- ҚР ҚПК-де қарастырылмаған.
- ТБ бастығының ұсынысымен жүргізіледі.

10. Арыз иесіне қатысты мәжбүрлеп куәландыру жүргізуге болады ма...

- Тергеу судьясының санкциясымен жүргізіледі.
- Прокурордың келісімімен жүргізіледі.
- Мәжбүрлі түрде куәландыру жүргізілмейді.
- ҚР ҚПК-де қарастырылмаған.

-ТБ бастығының ұсынысымен жүргізіледі.

11. Куәландыру жүргізу барысында тергеуші шығарады...

- Қаулы.
- Анықтама.
- Ұсыныс.
- Шешім.
- Бұйрық.

12. Қарап-тексерудің кезеңдері...

- Қорытынды.
- Бастапқы.
- Қайталама.
- Қосымша.
- Сипаттау.

13. Қарап-тексерудің сатысы...

- Статикалық және динамикалық.
- Динамикалық және статистикалық.
- Физиологиялық және сараптамалық.
- Кешенді және жүйелік.
- Бастапқы және жұмыс.

14. Концентрлі қарап-тексеру...

- Шеткі аумақтардан шартты орталыққа қарай жүргізіледі.
- Шартты орталықтан шеткі аумақтарға қарай жүргізіледі.
- Солдан оңға қарай жүргізіледі.
- Оңнан солға қарай жүргізіледі.
- Квадрат бойынша жүргізіледі.

15. Эксцентрлі қарап-тексеру...

- Шартты орталықтан шеткі аумақтарға қарай жүргізіледі.
- Шеткі аумақтардан шартты орталыққа қарай жүргізіледі.
- Квадрат бойынша жүргізіледі.
- Солдан оңға қарай жүргізіледі.
- Оңнан солға қарай жүргізіледі.

**Заттай дәлелдемелер-іздерінің қысқаша сипаттамасы оқиға орнын
қарап-тексеру хаттамасында**

Қыл- мыстың іздері	Оқиға орнын қарап-тексеру хаттамасында табылған іздердің қысқаша сипаттамасы
<i>Қол іздері</i>	Мыналар көрсетіледі: қандай заттан із табылды (атауы, мақсаты); заттың материалы мен жай — күйі (ылғалды, шанды, таза, тегіс, кедір-бұдыр); заттың жеке ерекшеліктері; іздің түрі (үстірт, көлемді, терлеу-көрінбейтін, соңғысының боялған түсі); папиллярлық өрнектің түрі (доғалы, ілмекті, бұралған); іздер өңделді ме, егер солай болса, қандай әдіспен; қол іздерін суретке түсіру жүргізілді ме; із қандай жолмен алынды (затпен, құйма жасалды); із қалай оралған (қандай материал оралған және қандай мөрмен мөрленген).
<i>Аяқ іздері</i>	Белгіленеді: іздердің орналасқан жері, бетінің түрі (топырақ — саз, құм, құрғақ, дымқыл; еден — ағаш, тас, линолеум; кілем матасы; жиһаздың қаптамасы және т.б.); іздердің түрі (көлемді, үстірт; қабыршақтану, қабаттау; түссіз, боялған; аяқ киім, жалаң аяқ); іздердің айналасындағыларға қатысты орналасуы жол элементтері: қадамның ұзындығы, ені және аяқтың бұрылу бұрышы-оң, теріс; қозғалыс бағыты сызығы; жүру сызығы; із пайда болған заттың сипаты мен түсі; іздердің өлшемдері (іздің жалпы ұзындығы, табанның ұзындығы, аралық бөліктің ені, ұзындығы мен ені табан құрылымының ерекшеліктері, бедерлі өрнектің элементтері; жалаң аяқтың ізінің метатарсальды бөлігінің басып шығару ені, арка мен өкшенің ені); өкшенің басып шығару формасы (алдыңғы шеті-түзу, қиғаш); табанның суреті, оның ерекшеліктері (таға, тырнақ басы), өкшенің қиғаштығы, таңбалау белгілері;
<i>Көлік құрал- дарын ың іздері</i>	Мыналар көрсетіледі: іздер қалдырылған беттің түрі мен жай-күйі (дымқыл асфальт, құрғақ құмды топырақ, қар); іздің түрі (көлемді беткі, оң, теріс, статикалық, динамикалық тежеу ізі, төгілген сұйықтық, көлік құралының төменгі бөлігінен төгілген кір); қозғалмайтын бағдарларға қатысты іздің орналасқан жері; ені доңғалақ протекторларының жүгіру бөлігі, жолдың ені, көлік құралының негізі, юза ізінің ұзындығы, төгілген сұйықтықтың, төгілген кірдің ені мен ізінің ұзындығы; іздің бірдей ерекшелігінің екі ізі арасындағы қашықтық (шинаның ақауы және т.б.); қозғалыс бағытының анықталған белгілері; қалған іздерді сипаттайтын өзге де ерекшеліктер.
<i>Қан іздері</i>	Мыналар көрсетіледі: іздің орналасқан жері (киім заты, оның бір бөлігі, пышақ, еден, үстел, орындық және т.б.); екі тұрақты бағдарға дейінгі қашықтық және ең маңызды объектілер — мәйіт; заттағы іздің салыстырмалы орналасуы, атап айтқанда, кез

	келген жақын нүктелерге, сызықтарға, элементтерге (киім тігістеріне, қосылу орындарына) дейінгі қашықтық және олардың түрі (шашырау, тамшылар, шалшықтар, қанды іздер, жағындылар); іздің пішіні (сопақша, дөңгелек, сұрақ белгісі түрінде), шеттерінің сипаты (тісті, сәулелері шығып тұрған); іздің мөлшері (ең үлкен ұзындығы, ені); түсі (қызыл, қоңыр, лас-жасыл), қыртыстардың, қосындылардың, ластанулардың болуы; іздеуші заттың сіңу дәрежесі; дақтардағы қан мөлшері; іздерді анықтаудың, алудың және бекітудің қолданылған әдістері, осы операцияларды кім жүргізді; қаптаманың сипаты және мөрлеу фактісі; жағымсыз жағдайлардың болуы (зақымдану кезінде қан дақтарының болмауы)
<i>Микро бөлшектер</i>	Мыналар көрсетіледі: зат, микробөлшектер орналасқан бет, оқиға орнында осы объектінің салыстырмалы орналасуы; объектідегі микробөлшектердің орналасуы (өкше, аяқ киімді сыпыру және т.б.), объект бетінің қандай да бір бағдарларына дейінгі қашықтық (шеттер, тігістер, жарықтар); микробөлшектердің сандық сипаттамалары: бірлік (бір,екі); микробөлшектер тобы алып жатқан аумақ, оның конфигурациясы, өлшемдері; жеке микробөлшектердің түсі, өлшемдері, конфигурациясы; микробөлшектерді анықтау және бекіту кезінде қолданылатын әдістер (үлкейткіш әйнек, инфрақызыл түрлендіргіш, шаңсорғыш және т.б.); микробөлшектерді алу әдістері (жабысқақ пленкаға, зат тасымалдағышпен бірге және т.б.); орау және мөрлеу (шыны ыдыста, пробиркада, қағазда және т.б.); суретке түсіру фактісі және микробөлшектерді суретке түсірудің қолданылған түрлері, схемалар жасау.
<i>Қару</i>	Жалпы қарап-тексеру Сипатталады: қару түрі; қарудың айналадағы объектілерге қатысты нақты орналасуы (қарудың тұмсық кесіндісінен ең жақын екі бағдарға дейінгі арақашықтықты, мәйіт болған кезде-оның ең жақын бөлігіне, алақанның ең жақын шекараларына дейінгі арақашықтықты көрсету қажет); (компас бойынша анықталады немесе қозғалмайтын объектілерге, сондай-ақ мәйітке қатысты көрсетіледі); мылтық орналасқан бетке қатысты мылтық қақпағының тұтқасының немесе терезесінің орналасуы; қару табылған беттің сипаттамасы және қарудың астында іздердің болуы (ойықтар, зақымдар және т.б.); Толық қарап-тексеру Мыналар көрсетіледі: жүйе, модель, калибр; таңбалау белгілері, фирмалық белгі, нөмір; бөлшектердің зақымдануы, ақаулары бар ма, егер бар болса, қандай және қандай бөлшектерде; папиллярлық өрнектердің, қанның, шаштың, ми затының, ұнтақ күйесінің, жер бөлшектерінің және басқа заттардың іздері бар

	ма; (түсірілген, сақтандырғыш взводта); патронның болуы, дүкенде қалған патрондардың саны, картридждердегі таңбалау белгілері, дұрыс жұмыс істемейтінін көрсетуі мүмкін іздер; оқпаннан шығатын жанған мылтықтың иісі сезіле ме; оқпан арнасы туралы мәліметтер (мылтықтардың болуы, олардың бағыты, майлаудың, ұнтақ көміртегінің, тоттың болуы, және т.б.); револьвер барабанының камераларында патрондардың немесе гильзалардың болуы, олардың орналасу реттілігі, оның ішінде гильза, патрон бар ма.
Оқ	Сипатталады: оның түрі; корпустың пішіні (бөтелке, цилиндр тәрізді); корпус диаметрлері арақатынасы; қақпақтың диаметрі; дульцаның ішкі диаметрі; ұзындығы; корпус пен капсула жасалған материалдың түсі; таңбалау белгілері (калибр, шығарылған жылы, зауыт маркасы, жұлдызшалар); аңшылық жең (қағаз, металл) жасалған материал; корпуста және жең түбінде саусақ іздері бар ма; оқтың жең жолағына бекіту тәсілінің белгілері (қысу, өзек); праймердегі барабан соққыларының болуы және пішіні (дөңгелек, сопақ, алмұрт тәрізді); іздердің жылтырлығы бар ма; жең ақаулары (жарықтар, ойықтар, дульцтің жыртылуы); қақпақтың шетінің алдыңғы бетіндегі лақтырғыштың, корпуста журналдың және камераның болуы; корпуста басқа калибрлі қарудың камерасына сәйкес келген кезде жеңді тегістеу нәтижесінде пайда болатын сызаттар түріндегі іздер бар ма; жеңнің қуысынан шыққан ба.
Гильза	Сипатталады: оның құрылымы (қабығы, жартылай қабығы, қабығы жоқ) және мақсаты (тапанша, револьвер және т.б.); ұшының пішіні (өткір, жалпақ, сопақша) және артқы бөлігі (цилиндрлік, конустық); қабықтың түсі; деформацияның болуы (жыртылған, тегістелген, жарылған); өлшемдері (ұзындығы мен диаметрі бөгде бөлшектердің болуы (талшықтар, қан, кірпіш бөлшектері, әк, шаң және т.б.); ұшында ерекше бояудың болуы; оқтың гильзаға бекітілу тәсілінің белгілері (сақиналы ойық, түбір іздері); түбінде таңбалау белгілерінің болуы және сипаты; оқпан арнасы өрістерінің іздерінің саны, бағыты және көлбеуі.

**Мәйітті алғашқы тексеріп-қарағанда зорлап өлтірілгеніне
күдіктенуге негіз болатын сыртқы зақымданудың белгілері
болған жағдайда сот-медициналық сараптамаларды
тағайындау бойынша ұсынымдар**

1) Тұйық қатты нәрселердің жарақаттау әсерінің белгілері анықталған жағдайда, тергеуші мұндай нәрселердің әртүрлі және көп болатындығын ескергені жөн. Олардың арасынан қаруды (кастет, алақанға киілетіндер және басқалары), құралды (балға, үтік, жөндеу құралы және т.б.) және заттарды (тас, таяқ және т.б.) атап өтуге болады. Сондай-ақ тұйық қатты нәрселер қатарына адам денесінің бөліктері (қол, аяқ, тіс және т.б.) де жатады.

Басқа зақымданулардың арасында тұйық қатты нәрседен жарақат алу көп жағдайда тұрмыстағы, өндірістегі, көліктегі және т.б. оқиғаларға тән.

Тұйық қатты нәрсемен жасалған зақымдану сипаттары құралдың, ол тиген жердің аумағы мен ерекшеліктеріне, жарақаттау күшінің бұрышына, жарақат алған дене бөлшегінің анатомиялық ерекшеліктері, киімнің болуына және т.б. байланысты. Тұйық қатты нәрселердің соққысы салдарынан киім бүтін қалпында қалу мүмкіндігін ескерген жөн, ал киімнің астында денеде түрлі зақымдар болуы мүмкін.

Кейбір жағдайларда киімде, оның пішіні мен ерекшеліктерін қайталайтын тұйық нәрселердің ізі табылуы мүмкін. Тұйық нәрселердің пішіні басқа материалдарға қарағанда тығыз мақта-мата материалдарында жақсы сақталып калады. Киімде тұйық нәрсенің соққысынан калған іздерден басқа өткір құралдармен тілген немесе кескен тәрізді зақымдар болуы мүмкін.

Зақым келтірген құралдың ерекшеліктері мен сипатын денеге тиген бөлігіндегі қанталау, сыдырылған жерлер көрсетуі мүмкін (мысалы белдікпен ұрғанда оның айылбасы түріндегі қанлатау).

Мәйітті бастапқы қарап-тексеру барысында тұйық нәрсемен бар күшімен ұрған кезде де жәбірленушінің денесінде, сонымен қатар оның киімінде (сүйектері мен ішкі органдарынан айырмасы) көзге көрінетін жарақаттардың болмау мүмкіндігін ескерген жөн. Бірінші кезекте бұл бас миына қан құйылған кездегі бас сүйегінің сынуына, жұлынға зақым келіп омыртқаның мойын бөлігінен жарақат алуына қатысты. Мұндай зақымдануларды кейде мәйітті қарап-тексеру кезінде зақымданбаған тері арқылы ұстап көру барысында ғана байқауға болады. Дегенмен, олардың сипатын және өлімге қатысты себеп-салдарлы байланысын тек мәйітке сот-медициналық сараптама жүргізгеннен кейін ғана анықтауға болады.

Жекелеген жағдайларда мәйітті сырттай қарап-тексеру деректері бойынша көп мөлшерде қансыраудан өлімнің болуы ішкі органдар мен іште қан кету салдарынан болуы мүмкін.

Оқиға болған жердің маңайындағы заттар қан іздерін, шаш, тоқыма бұйымдардың жіптерін және басқа да жұғындыларды анықтау үшін қарап-тексеріледі. Қан іздері табылған жағдайда қарап-тексеру хаттамасында олар егжей-тегжейлі (шашырауы, сіңуі, жағылуы, дақтар және т.б.) табылған жерін, орналасуын, түсін, жағдайын (сұйық, кеуік, құрғақ), объектіге сіңу дәрежесі көрсетіліп сипатталуы керек.

Қажет болған жағдайда оқиға болған жерде мәйітке сот-медициналық сараптама жүргізу кезінде маман-дәрігер тергеушіге шешілуі тиіс сұрақтарды қалыптастыруға көмектеседі.

Мәйітті табылған жерінде тергеуші қарап-тексергеннен кейін мәйітханаға сот-медициналық сараптаманы тағайындау туралы қаулы, сонымен бірге оқиға болған жерде мәйітті қарап-тексеру хаттамасының көшірмесі жеткізіледі. Сараптама мекемесінің зертханалық бөлімшелеріне заттай айғақтарға сараптама тағайындау туралы қаулылармен бірге тергеуші алған заттай айғақтар жеткізіледі.

Тұйық қатты нәрсемен жасалған зақымдары бар мәйітке сот-медициналық сараптама жүргізу барысында барлық жағдайларға арналған жалпы сұрақтардан басқа нақты болған оқиғаның мән-жайымен анықталатын арнайы сұрақтар қатары да шешілуі мүмкін:

- Зақым қандай нәрсемен жасалған?
- Барлық келтірілген зақымдар бір нәрсемен жасалған ба?
- Зақымдардың бетінде оларды келтірген нәрсенің пішіні, көлемі, салмағы және басқа жалпы және жеке нышандары туралы белгілері бар ма, егер бар болса, олар қандай белгілер?
- Зақымдар адам денесінің бөліктерімен жасалуы мүмкін бе?
- Зақымдар құлау нәтижесінде пайда болуы мүмкін бе?
- Жәбірленушінің денесінде күресуге және өзін-өзі қорғауға ұқсайтын зақымдар бар ма?
- Келтірілген зақымдардың уақыты қандай?

Нақты болған жағдайдың ерекшелігіне қарай басқа сұрақтар қойылуы мүмкін.

2) Денені ауыр жарақаттауға байланысты *өмірімен сыйыспайтын зақымдар*, жол-көлік апатының салдарынан болған жарақаттануда, жоғарыдан құлауда, жарылыстан болған жарақаттануда және басқа жарақаттануларда кездеседі. Мұндай зақымдарға келесілер жатады: бастың денеден бөлінуі немесе мылжалануы, мойын, кеуде немесе іш тұсындағы ауыр жарақаттар, дененің бөлінуі. Егер мәйітті табылған жерінде бастапқы қарап-тексерген кезде мұндай зақымдар тірі кезінде болғаны байқалса, онда олардың қайтыс болуымен тікелей себеп-салдарлы байланыста екендігі туралы жорамалдау

қалыпты жағдай болып табылады. Өкінішке орай, көптеген азаматтардың өмірі қиылатын техногендік апаттар қазіргі таңда көп кездеседі. Бұл ең алдымен авиациялық апаттар, тұрғын үйлердің жарылысы, темір жол оқиғалары және т.б. Мұндай жағдайларда қаза табушылардың көп болғандығынан, оқиға болған жерді қарап-тексеру бригадалық тәсілмен жүргізіледі, ал қарап-тексеруге бірнеше маман-дәрігерлер және ТЖМ бөлімшелері тартылады.

Бұл ретте ауыр міндеттердің бірі мейлінше ұқыпты қарап-тексеру, түрлі шығу тегі бар заттай айғақтарды сипаттау және белгілеу болып табылады. Бұл өз кезегінде қаза болғандардың жеке басын анықтаудағы кейінгі сараптамамен байланысты денелерді фрагменттеу кезінде өте маңызды.

Түрлі доңғалақты және шынжыр табанды көлік құралдарынан болған зақымданулардың айқын ерекшеліктері бар. Жол-көлік оқиғалары (ЖКО) тек елді мекендерде немесе жолдарда ғана емес, сонымен қатар жолсыз жерлерде де (егістікте, орманда және т.б.) болады. Кей кезде ЖКО белгісіздік жағдайында орын алады, көлік жүргізушісі оқиға болған жерден қашып кетеді.

ЖКО үш негізгі түрге бөледі: *басып кету, соқтығысу және аударылу*. Жекелеген ерекше топтардың да бар екені белгілі, мысалға жолаушының көлік құралынан түсіп қалуы және т.б.

Оқиға болған жерде жарақаттанудың себебін және механизмін анықтау үшін маңызы бар түрлі заттай айғақтар табылуы мүмкін көліктің ізі (жұмсақ топырақты жерде олар ауқымды көрінуі мүмкін, ал қатты жерде үстіртін жеңіл), қан іздері, органдар мен тіндердің бөліктері, лак-бояу сырының іздері, шыны сынығы және т.б. Олардың бәрі сипатталу керек, қажет болған жағдайда фотоға түсірілуі тиіс.

ЖКО жағдайларында мәйіттегі зақымдарды және түрлі тектегі іздерді зерттеу болған оқиғаны мейлінше жете сипаттауға жиі мүмкіндік береді. Маман-дәрігер, ең алдымен, мәйітте табылған зақымдардың көлік құралының әсерінен немесе басқа себептерден пайда болғандығын анықтауға тырысуы керек.

Мәйітті қарап-тексеру барысында ол мәйіттің жол үсті элементтеріне (жол жиегі, жыра, шектеу сызығы және басқалары) және көлік құралына (немесе оның іздеріне) қатысты күйін және қалпын сипаттауы тиіс. Киімін қарап-тексеру оның жағдайын атап өтуге мүмкіндік береді: ағытылған немесе жабық, зақымдардың бар болуы және олардың сипаты жыртылуы, тілінгені, мыжылғаны, сүйреу іздері, көлік құралының бөліктері іздерінің болуы, шыны сынықтары, топырақ, лак-бояу сырлары, жанар-жағар май материалдары және т.б.

Протектор іздері тәріздес (жабысқан шаң, балшық немесе қарда оның ізінің болуы) зақымдар мен жағылған қалдықтардың болуына, радиатор

қаптамасының ізі және басқа көлік құралының шығыңқы бөліктерінің ізі, аяқ киімінің табанында сырғанау іздерінің бар болуына аса көңіл бөлген жөн.

Мәйітті қарап-тексерген кезде ондағы бар зақымдарды сипаттау қажет, олардың орналасуын және әрқайсысының табанның өкше тұсынан бастап ара қашықтықтары, сүйектердің қалыпсыз түрде қозғалған орындарын, сықырлаудың болуын (крепитация), дененің жекелеген бөліктері пішінінің өзгеруі, аяқ-қолдарының қысқаруы және басқаларын атап өту керек.

Оқиғаның түріне қарай болуы тиіс, бірақ қарап-тексеру барысында табылмаған, іздер мен заттардың (мысалы, ашық ауқымды зақымдануларда мәйіттің жанында немесе астында қан іздерінің болмауы және т.б.) болмау себебін талдап шығу қажет.

Нақты көлік түрлерінен келтірілген зақымданулардың өздеріне тән ерекше сипаттары бар болғандықтан, қарап-тексеру нәтижесі бойынша маман-дәрігер көлік құралының ерекшеліктерін ғана емес, сонымен бірге жарақат механизмі туралы да соғып өту, басып кету және т.б., болжам жасауы мүмкін.

Оқиға болған жерде тез жойылып кететін іздерді, оларды фотоға түсіру, іздер табылған заттарды алып кою, және де көшірме бедерін (слепок) жасау жолымен сақталуының қамын ойлау қажет.

Табылған зақымданулар (майысқаны, таю іздері, лак-бояу сырларының кеткен тұстары және т.б.) мен биологиялық текті іздерді (қан, шаш, тіндер мен органдардың бөлшектері, киім бөліктері және басқалары) салыстырмалы түрде бағалау мақсатында күдікті көлік құралына кешенді сот көлік-техникалық және сот-медициналық сараптама жүргізу қажет.

Мәйітте ЖКО кезінде келтірілген зақымданулар болған жағдайда, сот-медициналық сараптама негізгі сұрақтардан басқа келесі арнайы сұрақтарды да шешуі мүмкін:

- Мәйітте табылған зақымдар көлік құралының жарақаттауы әсерінің салдарынан болуы мүмкін бе, егер ол мүмкін болса, көлік құралының түрі қандай және жарақат шамамен оның қай бөлігімен келтірілуі мүмкін бе?

- Жәбірленушінің денесінде және оның киімінде қандай да бір көлік құралының жарақаттау әсеріне тән зақымданулар мен іздер бар ма?

- Табылған зақымдар автомобильдің соғу салдарынан пайда болуы мүмкін бе, егер мүмкін болса, соққы дененің қай бөлігіне, қандай биіктікте, қай бағытта және бастапқы соққы автомобильдің қандай бөлігімен жасалған?

- Табылған зақымдар доңғалақпен басып өту салдарынан пайда болуы мүмкін бе, егер мүмкін болса, дененің қай бөлігін, қандай қалпында басып өткен және автомобильдің доңғалағы қай бағытқа қарай айналған?

- Зақымдар автомобильдің ішінде отырып алған жарақаты кезінде пайда болуы мүмкін бе, егер мүмкін болса жәбірленушінің кабинада қай орында отырғанын анықтауға бола ма?

- Зақымдар жәбірленушінің көлік құралынан жол үстіне түсіп қалу кезінде пайда болуы мүмкін бе?

- Мәйітте және оның киімінде денені сүйрету нышаны бар ма, егер бар болса бұл жағдайдағы дененің бағыты және қалпы қандай болды?

Нақты болған жағдайдың ерекшелігіне қарай басқа сұрақтар қойылуы мүмкін.

3) Рельстік, темір жол жарақаты деп жүріп бара жатқан рельстік көлік құралының бөліктерімен келтірілген немесе жүріп бара жатқан осындай көліктен түсіп қалу салдарынан пайда болған зақымданулары. Олар түрі мен көлеміне қарай әртүрлі болуы мүмкін болмашыдан ауқымдыға дейінгі аяқ-қолдарының және дене фрагменттерінің жарылуы, бөлінуі. Денені рельстік көлік құралының дөңгелегімен (дөңгелектерімен) басып өту кезінде пайда болатын зақымданулар айрықша болып келеді.

Басып өту денені ондаған кейді тіпті жүздеген метрге дейін баратын қан мен денені сүйрету (тартып сүйрету) іздері қалатын темір жол төсемімен сүйретіп өтумен қоса жүруі мүмкін. Бұл ретте, киімнің жекелеген фрагменттері мен ішкі органның бөліктері жолда шашылып, бір-бірінен алыс қашықтықта шашылып қалуы мүмкін. Дене мен киімнің жұғынды материалдармен ластануы өзіндік сипаты болып табылады.

Өз кезегінде, бұл жағдайда көлік құралында қан, шаш іздері, тіндер мен адам денесінің органдарының бөліктері, киім фрагменттері, киімнің матасының суретінің іздері және басқалары табылуы мүмкін.

Рельстік жарақатқа ұқсатып, қылмыс іздерін жою мақсатында адам мәйітін рельстің астына тастайтын жағдайлар да болады.

Дәрігер-маман кей жағдайларда оқиға болған жерде (мәйіт табылған жерде) мәйіттегі барлық зақымданулардың рельстік көлік құралының әрекетіне жататынын және олардың кейбірінің өзге жағдайларда пайда болуын анықтауы мүмкін. Бұл ретте зақымданулардың тірі кезіндегі шығу тегін бағалау ерекше маңызға ие болады.

Рельстік көліктен болған зақымдануларға сот-медициналық сараптама кезінде негізгі сұрақтардан басқа, келесі арнайы сұрақтар да шешімін табуы мүмкін:

- Мәйітте табылған зақымданулар рельстік көлік құралының жарақаттау салдарынан болуы мүмкін бе, егер мүмкін болса оның қандай бөлігімен жарақатталуы мүмкін?

- Зақымданған жерлерінде қиыршық тастар, темір жол майы және басқа бөтен заттар бар ма?

- Зақымданулар рельстік (теміржол) жарақатқа тән бе? Нақты болған жағдайдың ерекшелігіне қарай басқа сұрақтар қойылуы мүмкін.

- Зақымдардың барлығы рельстік көлік бөліктерінің ықпалынан пайда болған ба, егер олай болмаса мәйітте қандай зақымдар бар, олардың саны, орналасуы, пайда болу механизмі, қайтыс болуымен байланысты себеп-салдары қандай?

- Рельстік көліктің басып өтуі салдарынан пайда болған зақымданулар бар ма, бар болса дененің қай бөлігінен басқан және дөңгелектер қай бағытқа қарай айналған?

- Мәйітте және оның киімінде денені сүйрету нышаны байқала ма, олай болса сүйрету бағыты қандай және сүйрету кезіндегі дененің калпы қандай?

- Зерттеу үшін мәйіттің барлық бөліктері жеткізілді ме, олар бір немесе бірнеше адамға тиесілі ме?

Нақты болған жағдайдың ерекшелігіне қарай басқа сұрақтар қойылуы мүмкін.

4) *Өткір нәрселермен жарақаттау әсері анықталған жағдайда,* тергеуші өткір заттардың әрекет ету механизміне қарай кескіш, тескіш, тесіп-кескіш, шапқыш болып бөлінетінін, олардың салдарынан пайда болған жаралар (зақымдар), тиісінше, кесілген, тесілген, тесіліп кесілген, шабылған болатынын білуі тиіс. Оқиға болған жерде дәрігер-маманға олардың пайда болу механизмін анықтауға мүмкіндік беретін өткір нәрселердің салдарынан болған зақымдардың өзіндік ерекшеліктері болады.

Кесілген жаралар адамның өз қолымен (суицид) жасалуы да мүмкін. Мұндай жағдайда, әдетте, ол жаралар білектің алдыңғы жағында, шынтақ шұқырында, мойынның алдыңғы жақтауларында орналасады. Өз қолымен жасалған зақымдардың ерекшелігі олардың көп болуы, қатар-қатар орналасуы, түрлі тереңдігі, бір жерде кескіш нәрсенің бірнеше рет қозғалдығын көрсететін терідегі жараның шетінде бірнеше сызаттың (тіліктің) болуы. Сызаттардың морфологиялық ерекшеліктері қайталама кесу әрекетінің бағытын анықтауға мүмкіндік береді.

Жәбірленуші өзін қорғамақ болып, өзін-өзі қорғау үшін күресу процесінде өткір нәрсенің жүзін ұстап алған уақытта саусақтары мен қол буынының алақан жағында кесілген жаралар пайда болуы мүмкін.

Тесілген жаралар жіңішке ұзын нәрселермен (біз, тоқыма бізі және т.б.) жасалуы мүмкін. Мұндай жағдайларда олар кішкене, тіпті аса үңіліп қарамаса білінбейтін көлемде болады. Дегенмен, қолқа тамырының, жүректің, бауырдың зақымдалуы салдарынан іште көп қан кету салдарынан адам қайтыс болуы

мүмкін. Кейбір жағдайларда тесілген жаралардың орны оқ тиген жараға ұқсас болады.

Тесіліп-кесілген жаралар бөтен адам жарақаттаған кезде көбіне кеуде тұсында, аркасында немесе ішінде болады. Жәбірленушінің өз-өзіне зақым келтірген кезде, ондай зақымданулар өзінің қолы жететін шектеулі дене бөлігінде бірнеше рет жасалып, қатар-қатар орналасып шоғырланады.

Шабылған жаралар әдетте баста орналасады және көп жағдайда сүйектердің зақымдануымен қоса жүреді.

Өткір нәрсемен жасалған зақымдар (мойынның кесілген жаралары, бастың шабылған жаралары және басқалары) әдетте көп мөлшерде сыртқы қан кетумен қоса жүреді. Мұндай зақымдар болған жағдайда мәйіт табылған жердегі қан іздерінің мардымсыз болуы оқиғаның ол жерде болмағанына негіз бола алады, яғни ол жерге тек мәйіттің орны ауыстырылған. Сондай-ақ, қан іздері жәбірленушінің емес, қылмескердің де іздері болуы мүмкін екенін ескерген жөн.

Өткір және тұйық нәрселермен зақымдау негізінен тұрмыстық жағдайларда кездеседі. Оқиға болған жерді қарап-тексеру барысында зақым келтіру үшін қолданылуы мүмкін нәрселерді табуға болады, кейде оларды мәйітте қалдырады.

Өткір нәрселерден болған зақымдану кезінде, мәйітке сот-медициналық сараптама жүргізумен қоса берілген заттай айғақтарға медициналық-криминалистік сараптама жүргізу негізгі сұрақтардан басқа келесі арнайы сұрақтарды да шешуі мүмкін:

- Егер зақымдар тесіп-кесетін сипаты бар нәрсемен жасалған болса, оның жүзінің ерекшеліктері қандай, оның бір немесе бірнеше жүзі бар ма, оның ұзындығы мен енінің көлемі қандай?

- Егер зақымдар тесу сипаты бар нәрсемен жасалған болса, оның ерекшеліктері қандай, оның ұзындығы мен көлденең қимасының көлемі қандай?

- Мәйіттегі зақымдардың жасалынған уақыты қандай?

- Егер бірнеше зақымдану болса, олар бір нәрсемен жасалған ба, әлде бірнеше нәрселермен бе?

- Зақымдарда зақым келтірген нәрсені анықтауға болатындай іздер бар ма?

Нақты болған жағдайдың ерекшелігіне қарай басқа сұрақтар қойылуы мүмкін.

5) *Адамның құлағанынан күдіктенген* жағдайда үйдің кіреберісінде, сатылық марштарда немесе саты алаңында мәйіт табылған жағдайда бұл жерлердің оқиға болған орынға әрқашан сәйкес келе бермейтінін ***тергеуші***

(анықтаушы) есте сақтауы керек. Бұл жағдайда зақымданулардың адамның құлауы нәтижесінде пайда болу фактісін анықтау шешуші маңыз болып табылады. Мұндай жағдайда адам зорлықпен өлтірілмеген болу керек, тек дененің құлауынан болуы мүмкін. Сатылық марштан құлау жәбірленушіні бөгде адамның итеріп жіберуінің соққысының салдарынан немесе жәбірленушінің дене тепе-теңдігін жоғалту нәтижесінде болуы мүмкін.

Кіреберісте мәйіт табылған жағдайда қағида тұрғысында келесі сұрақтарды шешу маңызды болып табылады: зақымдардың пайда болу уақыты, жері және механизмдері, денені басқа жерден әкеліп тастау мүмкіндігі, құлағанымен қоса сатыға соғылу салдарынан зақымдардың пайда болу мүмкіндігі.

Сатылық марш немесе саты алаңына құлау фактісін терідегі өзіндік зақымданулар мен киімдегі былғанып ластанған іздер анықталған кезде сезіктенуге болады. Бұл үшін сатылық марштың сатыларына қарасты дененің жекелеген бөліктерінің ара қашықтығы мен қалпына, киімдегі жағылған заттарға, қан іздеріне және басқаларына көңіл аудару керек.

Әдетте, жоғарыдан құлаған кезде пайда болатын зақымданулардың қандай да бір арнайы нышандары болмайды, дегенмен, олардың жиынтығы жеткілікті түрде сипатты болып келеді және де олардың пайда болу механизмін анықтау үшін пайдалануға болады.

Жоғарыдан құлау мен жазық жерде құлауды (тұрып тұрған жерінен) ажырата білу керек. Құлау биіктігі, соғылған жерлері және соғылған сәттегі дененің қалпы пайда болған зақымдардың ерекшеліктерін анықтайды. Бұл ретте, жарақаттың ауырлығы негізінен құлау биіктігіне байланысты, ал зақымдардың сипаты мен орындары соғылған мезеттегі дененің қалпына байланысты.

Кей уақытта мәйітті қарап-тексеру барысында биіктіктен (сатыдан, төбеден, бағанадан) құлауына себеп болуы мүмкін электр тоғынан болған зақымдарды (электр белгілері) табуға болады.

Оқиға болған жерді қарап-тексеру барысында (адамның биіктіктен құлауы) мәйіттің орналасқан жеріне, оның кейпіне, жәбірленушінің құлауы мүмкін жердің бетіне және заттарға көңіл аудару керек. Осы және басқа маңайындағы заттарда киім, шаш, қан және басқаларының іздері болуы мүмкін, оларды жинап бағалау барысында құлау траекториясы туралы пікір айтуға мүмкіндік туады.

Болжамды құлау траекториясын ескере отырып, денемен соғылған кезде қалған іздердің (ұшқан сырдың ізі, киімнің фрагменттері, желініп қалуы, шаш, қан іздері, тері бөліктері және басқалары) баржоғын білу үшін шығыңқы нәрселерді (антенналар, ауабаптағыштар және басқалары) қарап-тексеру қажет.

Болжамды құлаудың басталған жерін қарап-тексеру барысында шынылардың бүтінділігіне, терезе жақтауларының еніне, терезе алды тақтайларының биіктігіне, аяқ, қан, сүйрелеу іздерінің бар-жоғына және басқаларына көңіл аудару керек.

Адамның өз бойының биіктігінен құлауын жазықтықта құлау деп атайды. Мұндай жағдайларда негізінен жиі бас зақымданады. Күш көрсетілген жерлерде, әдетте дақ жаралар, қанталау, зақымдалған жаралар, бас сүйігінің бет және ми бөлімдерінің сынығы пайда болады. Ми қабығына және затына қан құйылу түріндегі бассүйек ішінің жарақаты, сонымен қатар мидың шайқалуы және соғылған және соққыға қарсы жерлерінің жаралануы да жиі кездеседі. Жазық жерде құлауын шынтақтарында (шалқасынан құлау) немесе тізелері мен алақандарында (етпетінен құлау) зақымдардың болуы куәландырады.

Жәбірленушінің биіктіктен құлауы немесе тұрған қалпында жазықтықта құлауы кезінде, мәйітке сот-медициналық сараптама жүргізумен қоса берілген заттай айғақтарға медициналық-криминалистік сараптама жүргізу негізгі сұрақтардан басқа келесі арнайы сұрақтарды да шешуі мүмкін:

- Табылған барлық зақымданулар биіктіктен құлауы салдарынан пайда болған ба?

- Дененің қай бөлігімен құлаған?

- Мәйіттің денесінде қайтыс болғаннан кейін пайда болған зақымданулар бар ма, олар биіктіктен құлау барысында пайда болуы мүмкін бе?

- Табылған зақымданулар тұрған қалпында жазық жерде құлау барысында пайда болуы мүмкін бе?

- Бастапқы жылдамдығын күшейту салдарынан тұрған қалпында жазық жерде құлауына әкеп соқтырған зақымданулар бар ма?

- Табылған зақымданулар биіктіктен құлауы салдарынан пайда болуы мүмкін бе?

- Егер мүмкін болса болжамды биіктігі қандай және қалай құлаған (тура, бір ізбен, еркін, еркін емес)?

- Биіктіктен қандай із қалдыратын жердің бетіне құлаған?

- Дененің қай бөлігі жерге бірінші тиген?

Нақты болған жағдайдың ерекшелігіне қарай басқа сұрақтар қойылуы мүмкін.

б) Оқ тиген зақымдар келтірілген кезде оқиға болған жерде гильзаларды, оқ тығынын, ал тосқауылдарда оларға кірген атыс снарядтарын (оқ, бытыра) табуға болады.

Бұл жағдайларда табылған оқтар мен гильзалардың мәйіт денесіне қатысты орналасуын, сондай-ақ жекелеген тосқауылдардағы, маңайындағы

заттардағы оқ тиген жерлердің (пішіні мен көлемін көрсетіп) орналасуын, оларда ату компоненттерінің бар болуын нақты белгілеу қажет.

Автоматты оқ ату қаруын қолданған кезде бөлме ішінде гильзалар жан жаққа ұшады және бөлменің кез келген жерінде табылуы мүмкін. Ашық жерде гильзалар мен оқтарды іздеген кезде металл іздегішті пайдалану орынды болады. Бытыралы қарудан оқ атулар болған жағдайда тосқауылдардағы бытыраның шашыраған аумағын, бытыраның санын және олардың ара қашықтығын өлшеу керек.

Киімдегі зақымдарды қарап-тексеру кезінде киімнің қыртыстары мен бұйымдарының арасында оқтар, бытыралар, тығындар болу мүмкіндігін ескеру қажет, оларды алып, зертханалық зерттеуге жіберу керек.

Мәйітті қарап-тексеру барысында ату қашықтығы туралы пікір жасауға мүмкіндік беретін белгілерге ату факторының бар болуы және айқындығына назар аудару керек.

- Зақымдар саны, олардың орналасуы (табанның өкше тұсынан бастап ара қашықтығы), пішіні, көлемі, ұштары, оқ дәрінің иісі және жанбай қалған оқ дәрі түйірлерінің бар болуы және олардың алып жатқан аумағы;

- қару ұңғысы ұшының іздерінің бар болуы және оқ тиген жердің жара маңындағы тіндердің жыртылуының бар болуы;

- жаралау сипатын (тесіп өткен, жабық, жанап өткен) және оның ерекшеліктерін;

- айналасындағы заттардағы, мәйіттің денесіндегі, киімдеріндегі қанға ұқсас іздер, олардың орналасуы және ерекшеліктері көрсетілуі қажет.

Осының бәрі қосылып атушы мен жәбірленушінің бір-біріне қатысты өзара орналасуы және ату қашықтығы туралы сұрақтарды шешуге көмектесуі мүмкін.

Жаралардың сипатына қарай дәрігер-маман мәйіттің табылған жерінде кірген және шыққан оқ тиген жаралардың бар жоғын анықтап және болжамды түрде ату қашықтығы және зақым келтірудің реттілігі туралы айтуы тиіс.

Өзін-өзі өлтіру кезінде марқұмның қолының буынында күйе, қан тамшылары және де болмашы зақымдарды табуға болады. Жәбірленушінің өзін-өзі өлтіруі немесе оқ ататын қаруы болған шабуылшыға көрсеткен қарсылығы туралы нұсқаларды тексеру үшін мәйіттің саусақтары мен қолдарының буынын сумен шаю орынды болады.

Егер оқиға болған жерде қару табылған болса, оның жекелеген нәрселерге және мәйітке қатысты орналасуын белгілеу қажет.

Оқ тиген жарақатта, мәйітке сот-медициналық сараптама жүргізумен қоса берілген заттай айғақтарға медициналық-криминалистік

сараптама жүргізу негізгі сұрақтардан басқа келесі арнайы сұрақтарды да шешуі мүмкін:

- Мәйіттің денесінде табылған барлық зақымданулар оқ тию салдарынан болған ба?

- Мәйітте қанша жарақат бар, олардың кірген және шыққан жаралары қай жерлерінде орналасқан?

- Денедегі жара каналының бағыты қандай?

- Оқ тиген жарақаттарының сипаты қандай (тесіп өткен, жабық, жанап өткен)?

- Жаралар жалғыз оқ ату немесе автоматтық қарудан дүркін оқ ату салдарынан болған ба?

- Жаралар оқ тигеннен немесе бытыра тигеннен пайда болған ба?

- Ату қашықтығы қандай?

- Жарақат бос патронмен жасалуы мүмкін бе?

Нақты болған жағдайдың ерекшелігіне қарай басқа сұрақтар қойылуы мүмкін.

6-1) Мәйіттің мойнында странгуляциялық жолақ болған жағдайда әрқашан оның шығу тегінің негізі туралы сұрақ туындайды: асып өлтіру, қылғындыру немесе өзін-өзі өлтіргенге ұқсату?

Жіппен қылғындырған кезде странгуляциялық жолақ әдетте тұйық оңашаланған болады, көлденең бағытта, ұзына бойы айқындылығының дәрежесі бірдей болады, мойынның орта немесе төменгі бөлігінде орналасады.

Странгуляциялық жолақ айқын көрінетін болмаса, тұйық емес болса (алшақ ажыратылған) қан шығып тұрса, жоғарғы буылтығы үңгіп кірген, ал төменгісі қисайған болса, бұл жағдайда асып өлтірілгендігін болжау әбден мүмкін.

Мәйітті жіппен қылғындырып, кейін асып өлтірген жағдайда оның мойнында әрқашан ең аз дегенде екі странгуляциялық жолақты табуға болады. Бұл өз кезегінде дәрігер-маманға олардың пайда болу реттілігі туралы пікір айтуына мүмкіндік береді.

Странгуляциялық жолақтың сипаты қылғындыру түрі (асып өлтіру, қылғындыру) туралы ғана сұрақты шешуге мүмкіндік береді, бірақ белгілі дәрежеде зорлап өлтірілгендігінің (өлтіру немесе өзін-өзі өлтіру) түрі туралы шешімді анықтамайды.

Кейбір жағдайларда мәйітті қоршаған орта оның қалай асып өлгендігін анықтауға мүмкіндік береді, ал басқа жағдайларда мәйіттің табылған қалпында асылып өлу мүмкін еместігін көрсетеді. Тіреу ретінде қолданылуы мүмкін заттарды, оларда аяқ киімнің немесе аяқтың іздері бар-жоғын қарап-тексеруге мақсатты әрекет ету керек.

Мәйітке жақын орналасқан маңайдағы заттарда қан іздері және шаштар болуы мүмкін. Олар адамның жан арпалысы кезіндегі бұлшық еттерінің қалшылдап тартылуы кезінде сол заттарға соғылу нәтижесінде қандай да бір жарақаттар (тырналу, жарақат, қанталау) пайда болған кезде сол жерлерден табылады.

Дене еркін асылып тұрғанда аяқ ұшынан еденге (жерге) дейінгі және тұғырға еденнен ілмектің бос ұшының бекітілген жеріне дейінгі ара қашықтықты өлшеу керек.

Дене толық асылмаған кезде дененің қай бөлігі тіреуіш нүктесі болғандығына, еденнен ілмектің еркін ұшына дейінгі және ілмектің бекіткіш ұштарына дейінгі ара қашықтығын белгілеу керек.

Егер ілмектің ұшы қолын созғандығы адамның бойынан аспайтын биіктікте болса, онда ілмектің шеті бекітілуі мүмкін көтеріңкі жер немесе тіреуішке көңіл аудару керек. Мұндай жердің немесе тіреуіштің болмауы, не болмаса онда іздер болмаған жағдайда оқиға жердің жағдайы өзгертілгенін немесе мәйітті асып қою арқылы өзін-өзі асып өлтіргенге ұқсатуын көрсетуі мүмкін. Мәйітті қарап тексергенде:

- киімнің жағдайын (киімнің жыртылғандығы, түймелерінің болмауы және басқаларын) атап өту керек;

- өлімнің ауыр жағдайда болғанын және оның белгілерін атап өту керек;

- мәйіттік дақтардың орналасуын және олардың орнығуының мәйіттің кейпіне сәйкес келетіндігін (мәйіттің кейпін өзгертуі сәйкес еместігін көрсетеді) атап өту керек;

- қол буыны терісінің жағдайын (өзін-өзі өлтірушілердің алақандарынан, жабысқақ лента немесе парафин арқылы алуға болатын ілмек материалының талшықтарын табуға болады) қарап-тексеру керек;

- ілмектің түрін және ерекшелігін (құрылымы, орам саны, материалы, із қалдырған жерінің ені, жалпы ұзындығы және бос бөлігінің ұзындығы, тіреуішке бекіту тәсілі және ерекшелігі, тіреуіште және жіпте сырғанау іздерінің болуы, түйіннің байланған түрі және т.б.), оның мойында қалай орналасқанын және странгуляциялық жолақтың сәйкестігін сипаттау керек;

- странгуляциялық жолақтың түрін және ерекшелігін (орнығуы, түсі және тереңдігінің тығыздығы, жиек ұштарының ерекшелігін, бөгде заттардың болуы талшықтар, ластанулар және т.б.) сипаттап көрсету керек.

Көп жағдайларда терінің баздануы (әсіресе балаларда), терінің табиғи жолақтары (толық адамдарда және балаларда), тығыз қысып тұрған киім бұйымдарынан түскен сызықтар (күртенің жағасы және т.б.) странгуляциялық жолаққа ұқсауы мүмкін.

Өзін-өзі асып өлтіргендей етіп жасалғандығын төмендегілер көрсетеді:

- тіреуіштің болмауы, онсыз ілмектің бос ұшын бекіту мүмкін емес;
- мәйіт кейпіне сай келмейтін мәйіт дақтарының, қан іздерінің және өзге бөлінділердің орнығуы;
- ілмек материалы бедерінің мойындағы странгуляциялық жолақ тереңдігінің бедеріне сәйкес келмеуі;
- ілмектің материалы лас болса да жәбірленуші алақанының таза болуы;
- табанындағы ластанулар асылып тұрған дене маңайындағы жердің сипатына сәйкес келмейді.

Мойынның алдыңғы жақ бетінде жарты ай тәрізді тырнаулар (тырнақтың аймағынан бастап) мен түрлі пішіндегі қанталаулардың болуы мойынды қолмен қылғындырғандығын (мойынды жұқа заттың үстінен буындырғанда мойында зақымданулар болмауы да мүмкін) көрсетеді. Қолмен буындыру әрқашан қылмыс болып табылады.

Мұндай жағдайларда тергеу және сот органдарымен күресу және өзін өзі қорғауы деп бағалануы мүмкін басқа зақымданулардың морфологиялық белгілерінің бар болуы аса маңызды.

Мойынды саусақтармен буындырғанда зақымдардан басқа, мәйітке сот-медициналық сараптама жүргізу кезінде анықталатын, тез өліп кетуінің морфологиялық белгілері мойында пайда болуы осы жағдай үшін қалыпты.

Ұқсас морфологиялық белгілер мұрын мен ауыз саңылауларын жұмсақ затпен жапқан кезде де байқалады. Бұл ретте бетте көзге көрінетін жарақаттар болмауы мүмкін. Тек еріннің ішкі жағын айналдырып қараған кезде шырышты қабықтың жыртылғанын, қан құйылғанын, қызыл иектің зақымданғанын, кейде тіпті тістердің зақымданғанын байқауға болады. Жаңа туған нәрестелердің мәйітінде еріндері қанық қызыл түске оранып, құрғап, жиырылып және тығыздалып қалуы мүмкін, бұл өз кезегінде тырналды деп қате бағалануы мүмкін екенін ескеру керек.

Тыныс алу жолдарын жұмсақ нәрсемен жабу кезінде маңайындағы тері сұр түске оранып, мұрын мен еріннің жайпақталу ерекшелігі байқалады, ауыз бен мұрын қуыстарының шырышты қабығында ұлпа, жастықтың жүні және басқалары болуы мүмкін. Ол заттың (ауызға салған тығын) сілекеймен, құсық қалдықтарымен, шырышпен, қанмен ластанғанын байқау мүмкін.

Ауызға барынша терең тығылған тығын жұмсақ таңдайды басып тұрады және мұрынның дем алысын бұзады. Оқиға болған жерде мәйітті қарап-тексеру процесінде тығынды және басқа бөгде заттарды ауыздан алып тастауға болмайды. Жәбірленушінің басында полиэтилен пакет болған жағдайда оны шешпейді, ал қарап-тексеру хаттамасында оның қалай байлану тәсілін, басқа және мойынға жабысуының тығыздығы және т.б. көрсетіледі.

Ұсақ сусымалы заттарды ішке тартқанда кеңірдек пен үлкен бронхалар бітеліп қалу нәтижесінде ауа жетпей қалады, ал олардың бөліктері (құм, дән және т.б.) көп мөлшерде мұрын мен ауыз қуыстарының аузында табылады.

Құсық қалдықтарын аспирациялау (жұтылған ауа ағынының сорылуы нәтижесінде бөтен денелердің тыныс жолдарына енуі) нәтижесінде тұншығудан өлгендігін қиналып өлгендігінің морфологиялық нышандарымен бірге, аузынан алкогольдің иісі шығуымен қатар бетте, киімде, маңайында құсық қалдықтары іздерінің болуы көрсетеді.

Балалардың тыныс алу жолдарын жабу ұсақ заттарды (түймелер, мұз кампиттер және басқалары) аспирациялау кезінде болуы мүмкін, олар тек мәйітті сою процесінде ғана табылады. Бұл жағдайларда қандай да бір зақымданулар табылмайды. Беттің ісінгендігі және тез қайтыс болғанының белгілері көрсетіледі.

Бөгде заттарды аспирациялау салдарынан тыныс жолдарының тесігін жабу есейген жастағы адамдардың, әсіресе егде жастағы адамдардың (тіс протездері, дұрыс шайналмаған тамақтардың түйірлері және т.б.) өлімінің себебі болып табылады.

Мәйітке сот-медициналық сараптама жүргізумен қоса берілген заттай айғақтарға медициналық-криминалистік сараптама жүргізу негізгі сұрақтардан басқа келесі арнайы сұрақтарды да шешуі мүмкін:

Мойынды ілмекпен буындыру салдарынан болған зақымданулар болған жағдайда:

-Мәйіттің мойнында странгуляциялық жолақ бар ма, егер бар болса ол қалай орныққан, ол тірі кезінде пайда болған ба, әлде қайтыс болғаннан соң ба?

- Ілмектің сипаты мен ерекшеліктері қандай?

-Странгуляциялық жолақтың морфологиялық белгілері мәйіттің мойнында болған ілмектің ерекшеліктерімен сәйкес келе ме?

-Мойынды буындырған сәтте ілмек қай бағытка керілген?

- Жәбірленушінің өзі ілмекті мойнына тартуы мүмкін бе?

- Мойынды буындыру бір рет болған ба, әлде бірнеше рет пе?

-Ілмек мойынын буындырған кезде жәбірленуші қандай калыпта болған?

-Мәйіт асылған қалпында қаншалықты ұзақ уақыт тұрған?

Мойнында қолмен буындыру салдарынан болған зақымданулар, аузын және (немесе) мұрын жабу белгілері болған жағдайда:

-Мойнын қолмен буындырғанын қандай нышандар көрсетеді?

-Мойынды бір қолмен немесе екі қолмен буындырған ба, оның нышандары қандай?

- Мойынды буындыру бір рет болған ба, әлде бірнеше рет пе?

-Мойын дененің қай бөлігімен буындырылған (қолдың буыны, білек, иық)?

-Жәбірленушінің тыныс алу жолдарына бөгде адаммен бөтен заттардың енгізілгенін көрсететін белгілер бар ма?

-Беттегі зақымданулар онын аузы мен мұрнын жапқандығына нұсқай ма?

- Аузы мен мұрнының саңылаулары қандай нәрсемен жабылғанын анықтау мүмкін бе?

Нақты болған жағдайдың ерекшелігіне қарай басқа сұрақтар қойылуы мүмкін.

6-2) Судан алып шығарылған мәйітті қарап-тексеру кезінде тергеуші табылған жері мен мәйітті қарап-тексерудің, мәйіттің суда немесе судан шығарылғанына орналасқан жеріне байланысты өзіндік ерекшеліктерге ие екенін ескергені жөн. Мәйіт жедел топ келгенше куәлармен судан шығарылуы, судың көтерілуі мен қайтуы кезінде, дауыл кезінде толқынмен теңіз жағасына шығарылып тастауы, сонымен қатар кіші су қоймаларында суының тартылып қалуы салдарынан құрғақ жерге шығып қалуы мүмкін. Кіші су қоймаларында және ыдыстарда батып кеткен жағдайда мәйіт әдетте қайтыс болған жерінде калады. Ірі су қоймаларында мәйіт батқан жерінен үлкен қашықтыққа су ағынымен, ағаш ағызу барысында салмен, сондай-ақ жоғары және төмен су ағыны бойынша кемелермен ауыстырылуы мүмкін.

Мәйіт ірі су қоймаларында табылған жағдайда, көл, өзеннің атауы, жағалаудың атауы (оң, сол), дененің дүниенің төрт бұрыштарына (солтүстік, оңтүстік, батыс, шығыс) және маңайындағы қоршаған нәрселерге катысты орналасуы, кейпі, дененің қай бөліктері суда және нәрсе бетінде немесе дененің толық суға батқандығы және қандай тереңдікте екені көрсетіледі, еркін жүзде ме, әлде бірдеңемен ұсталып тұр ма, су және ауа температурасы өлшенеді, су құрамын (тұщы, ащы) да көрсету керек.

Жылы күндері мәйітті судан тек құрғақ жерде оны қарап-тексеру және оны мәйітханаға апару бойынша барлық дайындық шараларын толық жүргізгеннен кейін ғана алып шығу керек. Бұл судан шығарылған мәйіттердің тез бұзылатындығына байланысты. Тергеуші хаттамада мәйітті суда мақсатқа сай іздеу үшін қандай құралдар қолданылғанын, мәйіт қандай тәсілмен судан шығарылғанын және бұл жағдайда киімі мен денесіне қандай зақымданулар келтірілгенін көрсетуі қажет.

Мәйітті кіші су қоймаларында, сұйықтықпен толтырылған ыдыстарда тауып алған жағдайда, су қоймасының сипатын, ыдыстың көлемін (мысалы: ваннаның ұзындығы, ені және биіктігі), қандай сұйықтықпен толтырылғанын, көрсетеді, сұйықтық қабатын, судың және ауаның температурасын өлшейді. Мәйіттің кейпін сипаттайды: денесінің қай бөліктері батырылған, қандай

бөліктері сұйықтықтың бетінде, немесе дене толық және қандай тереңдікке батқанын көрсетеді. Егер су ваннадан ағызып жіберілсе, немесе мәйіт ыдыстан шығарылған болса, онда жоғарыда аталған деректерді тергеу жолымен алу қажет Мәйіттің денесінің қай бөліктері заттарға тиіп тұрғанын көрсету қажет.

Арық, шұңқырларды қарап-тексерген кезде олардың тереңдігін, су қабатының қалыңдығын өлшеу керек, суда қоспалардың бар-жоғын, тұнықтығын, түбіндегі шөгінділер құрамын (лай, құм, ағаштардың жапырақтары және басқалары) атап көрсетілу керек.

Судан шығарылған мәйітті қарап-тексеру барысында киімінің маусымға сәйкестігіне көңіл бөлінеді, ылғалдылық дәрежесін, матаның түсін (суда ұзақ уақыт болу салдарынан түсін өзгертуі мүмкін), киім- де құм, лай, ұлу қабыршағының жұғындылары, оған жабысқан су қоймасының жәндіктерінің бар-жоғы, киім мен терінің мазутпен және басқа техникалық сұйықтықпен бүлінгендігін сипаттайды.

Егер мәйітте түйінделіп байланған ілмектер (аяқ-қолын байлаған, мәйітке салмақ қосып байланған және т.б.) болса, оларды мәйіттен алмай және түйіндерді шешпей фотоға түсіреді және сипаттайды. Мәйітке қосып байланған ауыр салмақ болса, оның салмағын болжап анықтау үшін материалын және көлемін көрсету қажет.

Айқын түрдегі шіріген өзгерістері жоқ мәйіттің мәйіттік дақтары ашық-көк, қанық-күлгін немесе қызғылт не болмаса алқызыл реңкті қызыл-күлгін болуы мүмкін. Кейбір жағдайларда ағынмен мәйіттің калпы өзгертілген кезде мәйіттік дақтар денесінің түрлі бөліктерінде орналасады. Егер мәйіттің бір бөлігі судың бетінде болса, суға батқан сызық бойынша қызылдау жолақтар пайда болады, уақыт өте олар мәйіттік дақтардың түсіне өзгереді.

Мәйітті қарап-тексеру кезінде суда болу белгілеріне аса көңіл бөлінеді: мәйіттік дақтарының түсі, терісінің бозарыңқылығы, «құс» терісінің болуы, емізік және ұма маңайындағы терісінің жиырылуы, баздануы. Терінің баздануын сипаттаған кезде оның орналасуын және айқындылығын атап көрсетеді: эпидермистің шалғырттануы және босауы, қатпарлылығы (ұсақ немесе ірі), інжудей ақ түсі, көпіршіктер, тері қыртысының, тырнақтарының сылынуы немесе болмауы. Эпидермистің оңай қатпарланатындығын, бастың әр жерінен шаштарын тарту жолымен шаштарының беріктігінің дәрежесін тексереді. Шаштың таз болып түсуінің суда түсуінен айрықша белгісі теріде түсіп қалған шаш буылтығының орнында шұқыр түріндегі нүктедей тереңдіктердің бар болуы.

Балдырлар болған жағдайда олардың дененің тұла бойына жайылуы, түрі, ұзындығы, жуандығы, түсі, консистенциясы, терімен байланысының беріктілігі көрсетіледі.

Мәйітті қарап-тексеру кезінде суға кетіп қалудың белгілерінен алғашқы 2-3 тәулікте тек ауыз бен мұрын саңылаулары маңайындағы ұсақ көпіршікті көбікті анықтауға болады. Көбік кепкен кезде жұқа ұсақ қуысты үлпек пайда болады. Көбік болмаған жағдайда көкірек қуысын басу керек, содан кейін көбік пайда болуы мүмкін. Мәйіттегі зақымданулар калыпты тәртіппен сипатталады.

Заттай айғақтарды алу

Киім мен теріден су қоймасының мекендеушілерін, балдырларды, және мәйітті тапқан жерге сай келмейтін жұғындыларды алып тастаған орынды. Мәйіт суда емес, басқа сұйықтықта табылған жағдайда, таза ыдысқа бұл сұйықтықтың үлгісін алады. Кейбір жағдайларда салыстырып зерттеу үшін арықтар мен шұңқырлардан сумен бірге түбіндегі тұнба қалдықтарының үлгісін де алады, өйткені кейде олар мәйіттің ауа тарату жолдарында және асқазанында болуы мүмкін.

Тоспа суы бар су қоймаларынан планктонды анықтау үшін су үлгісін алады. 1 литрден кем емес суды алу батометрмен немесе салмақ аяланған шөлмекпен алынады. Шөлмекті алдын-ала осы су қоймасының суымен бірнеше рет шаяды. Су үстіңгі және түбіндегі қабаттардан алынады. Мәйіттің суға кеткен кезінен қарап-тексеру жүргізгенге дейін айлар өткен болса немесе мәйіт ұзақ ара қашықтыққа ауыстырылса және суға батқан жері белгілі болмаса, онда су үлгісін алу мақсатқа сай емес. Мұндай жағдайларда планктонды бақылап зерттеу үшін мәйітханада мәйітті сойған кезде оның өкпесін алады.

Қарап-тексеру аяқталған соң мәйіт заттай айғақтармен, оқиға болған жерді және мәйітті қарап-тексеру хаттамасының көшірмесімен, мәйітке сот-медициналық сараптама тағайындау туралы қаулымен және заттай айғақтарға сот-медициналық сараптамасын тағайындау туралы қаулымен бірге мәйітханаға жіберіледі.

Судан шығарылған мәйітті зерттеу кезінде сот-медициналық сараптама негізгі сұрақтардан басқа, келесі арнайы сұрақтарды да шешуі мүмкін:

- Өлімнің себебі неде? Суға батып кетуі салдарынан қайтыс болған ба немесе өзге себебі бар ма?

- Мәйітте зақымданулар бар ма? Егер болса, олардың түрі, орнығуы және пайда болу механизмі қандай, олар тірі кезінде немесе қайтыс болғаннан кейін пайда болған ба? Егер тірі кезінде болса, қайтыс болғанға дейін қанша уақытта?

- Мәйіт суда қанша уақыт болған?

Нақты болған жағдайдың ерекшелігіне қарай басқа сұрақтар қойылуы мүмкін.

ТАПСЫРМАЛАР ЖИНАҒЫ

№1 тапсырма

Кіріспе: 2023 жылдың 1 қыркүйегінде сағат 8.30-да Қарағанды қаласының ІІБ кезекші бөліміне С.К.Макишев азаматынан телефон қоңырауы түсті. Ол 2023 жылдың 25-ші тамызынан 31-ші тамыз аралығында шетелде болғанын айтты, сол аралықта белгісіз тұлғалар терезені бұзу арқылы Ермекова көшесінің № 104 үйінде орналасқан №24 пәтерге заңсыз кіріп мүлкін ұрлаған. Нақты қандай мүліктерді ұрлағанын толықтай білмейді, өйткені полицияның келіп бірінші кіруін күтіп отыр. Қарағанды қаласының ІІБ кезекшісі телефондық хабарламаны алып жедел-тергеу тобын жоғарыда көрсетілген мекен-жайға жіберді.

Тапсырма:

1. Оқиға болған жерге қарап-тескеру хаттамасын құрастыру және оны өткізудің іс жүргізу тәртібін анықтаңыз.

2. Оқиға болған жерді қарап-тексеру тергеу әрекетіне еліктеу жүргізу. Пәтер екі бөлмелі, жататын бөлме, қонақ бөлмесі және ас ішетін бөлме. Қарап-тексеру барысында есіктерге қандай зиян келгендерін анықтау.

Ескерту:

Пәтерді қарап-тескеру барысында сервант әйнегінен және аяқ киімнің картон қорабынан бір қол саусағының ізі алынды. Орамал қорабының сыртынан екі қол саусақ іздері табылды. Шкаф есігінен екі қол саусақ іздері табылды. Иіс су қорабынан үш қол саусақ ізі табылды. (Қарап-тексеру арнайы дайындалған бөлмеде жүргізіледі).

№2 тапсырма

Кіріспе: Қарағанды қаласының ІІБ ТБ тергеушісінің өндірісіндегі ҚР ҚК 106 б. 1 б. құрамы бойынша басталған қылмыстық істі тергеу барысында азамат И.Л.Имановқа қатысты денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру фактісі бойынша КІІБ жедел уәкілінен баянат түсті. ЖІШ барысында күдікті ретінде 1989 жылы туған Петров Федор Степанович ауызша әңгімелесу барысында азамат И.Л.Имановқа қатысты пышақпен зиян келтіргеннен кейін, пышақты қоқысқа арналған жәшікке тастадым деген ақпарат түсті. Қоқысқа арналған жәшік Қарағанды қаласының 14-ші шағын ауданның №4 үйдің аумағында орналасқан.

Тапсырма:

1. Тергеу-жедел тобының құрамын анықтау.

2. Оқиға болған жерге қарап-тескеру хаттамасын құрастыру және оны өткізудің іс жүргізу тәртібін анықтаңыз.

2. Оқиға болған жерді қарап-тексеру тергеу әрекетіне еліктеу жүргізу.

№3 тапсырма

Кіріспе: 17.10.2023 жылы сағат 23-00-де А.Н.Мукашев «Жарптица» кафесінде, орналасқан жері: Карағанды қаласы, Гоголя көшесі № 21, С.В.Козлов және 4 белгісіз тұлғамен (азиат тәріздес) спирттік ішімдіктер ішіп отырады. Сосын белгісіз тұлғалардың біреуі. Бойы аласалауы азамат А.Н.Ивановпен сөзбен келіспей дау туады. Осы жағдайда белгісіз тұлғада бұзақылық оймен қоғамдық тәртіпті қоғамды құрметтемеу анық көрінетін, азаматтарға күш қолданумен не оны қолдану қатерін төндірумен, не барынша арсыздықпен ерекшеленетін әдепсіз әрекеттер жасаумен аса қатыгездікпен бұзуға ұштасып А.Н.Ивановқа дене жарақатын келтіре бастайды екінші белгісіз тұлғамен. Бұны байқаған П.Н.Иванов бауырына көмектесуге ұмтылады. Мукашев А.Н. екі белгісіз тұлғамен ұмтылған П.Н. Ивановқа дене жарақатын келтіре бастайды. Осы жағдайда Козлов С.В. далаға шығып «Ваз» автокөлігінен тапанша алып келіп А.Н.Ивановтың иығына екі рет атады, сосын П.Н.Ивановтың ішіне бір рет атып дене жарақатын келтірді.

Тапсырма:

1. Оқиға болған жерге қарап-тескеру хаттамасын құрастыру және оны өткізудің іс жүргізу тәртібін анықтаңыз.
2. Кіріспеге сәйкес кафеде қарап-тексеруге еліктеу өткізу.

№4 тапсырма

Кіріспе: 01.09.2023 жылы түнде «Транзит» кафесінде бұзақылық болған, орналасқан жері: Карағанды қаласы, Керамическая көшесі № 118. Бұзақылық фактісіне қатысты Қарағанды қаласының ІІБ ТБ ҚР ҚК 293 б.3 б.2 б. сәйкес қозғалғанқылмыстық істі тергеп-тексеру барысында, жоғарыдағы бұзақылық фактісіне қатысы бар деген азамат Н. ұсталады. Оның үйінде тінту жүргізіледі. Тінту барысында күдіктінің қылмыс жасағанда болған киімі алынады. Тінтуге қатысқан азамат Н. оның гаражы бар екенін айтты. Содан соң тергеуші гаражда қарап тексеру жүргізді, бірақ заттай дәлелдемелер табылмады. Күдікті азамат Н. қылмыс жасаған пышақты гараждағы үстелдің суыrmасында екенін айтты.

Тапсырма:

1. Тергеу-жедел тобының құрамын анықтау.
2. Қарап-тексеруді өткізу методикасының сұрағын шешу, қарап-тексеру жүргізудің қажеттілігін анықтау.
3. Оқиға болған жерге қарап-тексеру хаттамасын құрастырыңыз.
4. Кіріспеге сәйкес қарап-тексеруге еліктеу өткізу.

№5 тапсырма

Кіріспе: 2023 жылдың 31-ші қаңтарында 21 сағат 40 минут кезінде Е.Е.Карманов пен С.В.Морозов Қарағанды қаласының Жаббаев көшесінің бойында орналасқан И.А.Исаковке тиесілі гараждан мүлік ұрламақшы болды, алайда оларға байланысты емес жағдайлар салдарынан қылмыс аяғына дейін

жеткізілмеді. Күдіктілер патрульда жүрген қызметкерлермен ұсталынды. Оқиға болған жерде күдіктілердің қолдарында балта, балға бар екені анықталды. Оқиға орнында гараждың есіктері ашылмағаны анықталды.

1. ҚР ҚПК 27-тарауының тиісті баптарын қолданып оқиға болған жерге қарап-тексеру хаттамасын құрастыру.
2. Оқиға болған жерді қарап-тексеру тергеу әрекетіне еліктеу жүргізу.

№6 тапсырма

Кіріспе: 2023 жылдың 10 қаңтарында Смирнов В.В. өзінің мекен жайында: Қарағанды қаласы, Кошанбаева көшесінде 5 үйде, өзімен бірге тұратын И.В. Құлымбет арасында дау туады. Кейін В.В.Смирновқа И.В.Құлымбетті қасақана өлтіруге ой келеді. В.В.Смирнов пышақты алып И.В.Құлымбеттің мойнына үш рет сұғып алады. Соңғысы алған жарақаттарының салдарынан оқиға болған жерде қайтыс болады. Оқиға болған жерге шығып, тергеуші тұрғын жайды қарап-тексеруге кірісті. Орналасқан мекен-жайы: Қарағанды қаласы, Кошанбаева көшесінде 5 үйде. Үй бір қабаттық, кіретін есігі ағаш. Үйдің маңында Уют дүкені, ЖҚС «Юна» және №7 үй орналасқан.

Тапсырма:

1. Болған жағдайды бағалаңыз.
2. ҚР ҚПК 27-тарауының тиісті баптарын қолданып оқиға болған жерге қарап-тексеру хаттамасын құрастыру.
3. Оқиға болған жерді қарап-тексеру тергеу әрекетіне еліктеу жүргізу.
4. Оқиға болған жерді қарап-тексеру барысында міндетті түрде қатысатын адамдарды анықтаңыз.
5. Осы оқиға болған жерді қарап-тексеру барысында тергеуші нақты қандай нормативтік құқықтық актілерге сүйенуі қажет?

№7 тапсырма

Кіріспе: 13.09.2023 жылы күндізгі уақытта Сарматов С.М. өзінің үйінде болды. Орналасқан мекен жайы: Қарағанды қаласы, Юбилейная көшесі, 75 үй, 11 сағат 00 минут шамасында танысы Жүніс Ж.Т. келеді, қолында бір шөлмек арақ 0,5 литр «Русская» маркалы. Кейін екеуі спирттік ішімдікті іше бастайды. Ішу барысында дау пайда болады. Сарматов С.М. қолына әйнек шөлмекті алып Ж.Т.Жүністың басынан екі рет соғады, соңғысы есінен айырылып жерге құлайды. Сарматов С.М. аяқпен соғып дене жарақатын келтіріп оқиға болған жерден қашып кетеді.

Тапсырма:

1. ҚР ҚПК 27-тарауының тиісті баптарын қолданып оқиға болған жерді қарап-тексеру хаттамасын құрастыру.
2. Оқиға болған жерді қарап-тексеру тергеу әрекетіне еліктеу жүргізу.

№8 тапсырма

Кіріспе: 2023 жылдың 09 қазан күні Қарағанды қаласының ІІБ кезекші бөліміне азаматша Н.Паршыновадан телефон арқылы хабарлама түсірген. Ол хабарламасында Қарағанды қаласы Ленин көшесі 22/55 пәтерде сағат 10-30 шамасында бірлесіп спирттік ішімдік ішу барысында азамат С.Шаровпен өзара сөзге келіспей қалып жанжалдасу барысында соңғысы азамат Н.Паршынованың заңды некедегі күйеуіне С.С.Асетовке пышақпен дене жарақатын салып соның салдарынан соңғысы қайтыс болғандығын көрсеткен.

Тапсырма:

1. ҚР ҚПК 27-тарауының тиісті баптарын қолданып оқиға болған жерді қарап-тексеру хаттамасын құрастыру.
2. Оқиға болған жерді қарап-тексеру тергеу әрекетіне еліктеу жүргізу.

№9 тапсырма

Кіріспе: 2023 жылдың 29 қыркүйек күні Қарағанды қаласының ІІБ-на азаматша Исымова И.С. жазбаша арызбен келген. Ол өз арызында Қарағанды қаласының 21 мөлтек ауданында орналасқан гараждардың жанында өзіне бұрын таныс азамат А.Абаев пен С.Серіков екеуі күш қолданып еркінен тыс жыныстық қатынас жасаған. Осы әрекеттерді жасау барысында И.С.Исымова қарсылық көрсетіп А.Абаевтың жейдесін жыртып, оның бір бөлігі оқиға орнында қалып қоюы мүмкін екендігін көрсеткен. Сонымен қатар бұл жыныстық қатынас жасау барынында контрацептикалық қорғануды (презерватив) пайдаланғандығын көрсеткен.

Тапсырма :

1.Алынған ақпараттарды есепке ала отырып ОБЖ қарап-тексеру жүргізу хаттамасының құрылымын және оны жүргізудің процессуалдық тәртібін анықтаңыз.

2. ОБЖ қарап-тексеру хаттамасын толтырыңыз. Сонымен қатар ОБЖ жәбірленуші И.С.Исымова өзі көрсеткендігін есепке алу қажет. ОБЖ Қарағанды қаласының Оңтүстік шығыс ауданы 21 мөлтек ауданындағы гараждар орналасқан жер. Оқиға орын алған жердің жалпы аумағы 15x20 м. Осы аумақтың солтүстік-батысында 150 метр жерде автотұрақ орналасқан, ал шығыс жағынан 70 метр жерден Волочаевская көшесі өтеді. Оқиға болған жерде жаңбырдан кейін шалшық су жиналған. Осы ақпарат бойынша қылмыстың іздерін анықтап тауып оларды алу бойынша іс шаралар қолдану қажет.

№10 тапсырма

Кіріспе: 22.10.2023 жылы Қарағанды облысы Балқаш қаласынан 25 шақырым Алматы бағытына қарай Алматы-Екатеринбург тас жолында орналасқан Юкос жанар-жағар май құю бекетінде қарақшылық шабуыл орын

алған. Оқиға орнына қарап-тексеру жүргізу барысында ОБЖ Макаров тапаншасы, оқтар және бос гильзалар табылып алынған.

Тапсырма :

1.Алынған ақпараттарды есепке ала отырып жоғарыда көрсетілген ОБЖ қарап-тексеру хаттамасын толтырыңыз, осы тергеу әрекетіне еліктеу жүргізу қажет.

2.Алынған заттарға қарап-тексеру жүргізу хаттамасын толтыру қажет.

№11 тапсырма

Кіріспе: 2023 жылдың 21 қазан күні Қарағанды қаласының ІІБ кезекші бөліміне Қарағанды қаласы Ермеков көшесі 18 үй 21 пәтер тұрғыны П.П.Хан арызданған ол өз арызында жасы кәмелетке толмаған қызы С.С.Ханға белгісіз тұлға сексуалдық сипаттағы әрекеттер жасаған. Оқиға 2023 жылдың 21 қазан күні саған 10-00 шамасында Қарағанды қаласы Ермеков көшесі 18 үйдің 2 подъезде 2 мен 3 қабат арасындағы баспалдақ алаңында орын алған.

Тапсырма:

1. Алынған ақпаратты есепке ала отырып тексеру іс шараларының жоспарын құрастырыңыздар.

2. Жедел- тергеу тобының құрамын анықтаңыздар.

3. ОБЖ қарап-тексеру жүргізу хаттамасын еліктеу жасау арқылы толтырыңыздар.

№12 тапсырма

Кіріспе: 24.10.2023 жылы Қарағанды қаласы Гете көшесі 36 үйде А.К.Барашевтің жеке меншік пәтерінен ұрлық жасау дерегі орын алған. Осы ұрлық бойынша ОБЖ қарап-тексеру жүргізу барысында пәтерден үй иесіне тиесілі емес Нокия Х-2 маркалы ұялы телефон табылып алынған.

Тапсырма :

1.Алынған ақпараттарды есепке ала отырып ҚПК талаптарына сай заттарды алу және заттарға қарап-тексеру жүргізуге еліктеу жасаңыз. Оқиға болған жерге қарап-тексеру хаттамасын және алынған заттарға қарап-тексеру хаттамасын толтырыңыз.

№13 тапсырма

Кіріспе:19.08.2023 жылы Қарағанды қаласы ІІБ кезекші бөліміне азамат «Р» шағымданып , ол өз шағымында Қарағанды қаласы Ленин көшесі 18 жеке меншік үйдің ауласында азамат К.Н.Секов есірткі заттарын өсіретіндігін көрсеткен. Аталған хабарлама бойынша жедел тергеу тобы көрсетілген мекен жайға қарап-тексеру жүргізу барысында Марихуана есірткі заттарын өсірілетіндігі анықталған.

Тапсырма:

1.Алынған ақпараттарды есепке ала орынып ОБЖ қарап-тексеру жүргізуге еліктеу жасаңыздар. Хаттама толтырыңыздар.

№14 тапсырма

Кіріспе: 28.10.2023 жылы Қарағанды қаласында қылмыстардың жедел алдын алу іс шараларын жүргізу барысында Қарағанды қаласы Ермеков көшісі 14 үйде орналасқан Мир дүкенінің жанында азамат Е.К.Есеновтің жеке басын тексеру барысында үстіне киген қара күртешесінің сол жақ сыртқы қалтасынан жылтыр қағазға оралған есірткі заты табылып алынған.

Тапсырма:

1.Алынған ақпараттарды есепке ала отырып көзі тірі адамға қарап-тексеру жүргізу еліктеуін жасаңыз, хаттама толтырыңыз.

№15 тапсырма

Кіріспе: № 23351303100556 қылмыстық істі тергеп-тексеру кезінде Қазақстан Республикасының ҚК 188-1 бабы бойынша ірі қара малды ұрлаған дерегі бойынша «ДОС» ЖШС жеке меншік құқығына тиесілі Қарағанды қ. Әуезов көш. 23 үй аумағында орналасқан бір бас ірі қара малдың жоғалғаны анықталды. Осыған байланысты жедел-тергеу топ оқиға болған жерді қарап-тексеру тиіс.

Тапсырма:

1.Түскен ақпаратқа сәйкес оқиға болған жерді қарап-тексеру хаттамасының құрылымын және оны жүргізудің процестік тәртібін анықтау.

2.Оқиға болған жерге қарап-тексеру хаттамасын құрастырыңыз. Жаттығуға сәйкес қарап-тексерудің еліктеуін жүргізіңіз. Ірі қара мал (сиыр, ала түсті, басы мен төрт аяғы ақ түсті, қалған жерлер қара түсті, бойы 140 см., жасы 5 жылдық, мүйізі ақшылдау, 20 см. шамасында, мойынының ұзындығы орташа, мұрыны ақшыл-қызыл түсті, кеуде түсі 70 см, жалпақтығы 45 см шамасында, арқасы жалпақ.

№16 тапсырма

Кіріспе: 25.10.2023 ж. Қарағанды қ. ІІБ кезекші бөліміне жол-көлік оқиғасы туралы телефон арқылы хабарлама түскен. Онда, Алматы-Екатеринбург тас жолында Астана – Қарағанды бағытындағы жолында 100 км. қашықтығында жол-көлік оқиғасы болған.

Ақпарат. Жеңіл автокөліктер бетпе-бет жоғарыда аталған жолда соғылған, м/н 356 BSA 09 «Ауди» маркалы автокөліктің жүргізушісі автокөліктің басқаруына ие бола алмай қалып қарама-қарсы жолға шығып келе жатқан м/н 125 IDH 01. «Тойота» маркалы автокөлікпен соқтығысқан. Жол-көлік оқиғасының кесірінен зардап шеккендер бар.

Тапсырма:

1.Түскен ақпаратқа сәйкес оқиға болған жерді қарап-тексеру хаттамасының құрылымын және оны жүргізудің процестік тәртібін анықтау.

2. Оқиға болған жерге қарап-тексеру хаттамасын құрастыру. ОБЖ қарап-тексерудің еліктеуін жүргізу. Алматы-Екатеринбург тас жолы екі жақтан көліктер жүреді, екі сызықтан тұрады, жолдың жан-жағында жол көрсеткіштері бар, жолды екі жаққа бөлетін жол сызығы бар (ақ түспен боялған) және жолдағы асфальттан он және сол жағы сары түсті бояумен боялған. Тас жолдың үсті асфальт төселген, жолдың ені - 6,8 м. Жолдың екі жақты жиегі топырақтан тұрады, оның ені 2,4 м. 2,6 м. дейін. 25 м. бағана (столб) Қарағанды қ. бағытталған, тас жолдың он жағы жол жиегінде автокөліктің дөңгелегінің іздері байқалады. Тас жолдың он жағында 37 м. бағана (столб) Қарағанды қ. бағытталған және одан 2,3 м. аралығында он жақ жол жиегінде ер адамның мәйіті жатыр.

№17 тапсырма

Кіріспе: 30.10.2023 ж. Қарағанды қ. ПБ кезекші бөліміне балықшы С.Н. Ескендіровтен хабарлама түскен, онда ол «Федоров су қоймасының» жиегінде, Қарағанды қаласында белгісіз әйелдің мәйітін тауып алған, жасы 25-30, орташа дене бітімі, қатыгездікпен өлтірген белгілерін байқаған, денесінде оқ жарақаттары байқалған. Оқиға болған жерге жедел-тергеу топ келген соң келесі анықталды: өзеннің солтүстік-батыс жағында, судан 1,5 м. аралығында сол жағына адамдар жүретін жол орналасқан жерде 25-30 жасы аралығында, белгісіз әйелдің мәйіті жатыр. Мәйіттің басы солтүстікке бағытталған, аяқтары оңтүстік жаққа бағытталған. Әйел мәйіті іш жағымен жатыр, оң қолы шамалы бүгілген, сол қолы басына қарай созылған, сол аяғы өзеннің суында жатыр, он аяғы шамалы ішке қарай бүгілген, басы оң жағына қарай бұрылған, беті құмға тиіп тұр. Мәйіттің үстінде: ақ түсті көйлек, қысқа жеңдерімен. Мәйіттің кеуде түсінде оқ-жарақаттары байқалады.

Тапсырма:

1. Түскен ақпаратқа сәйкес оқиға болған жерді қарап-тексеру хаттамасының құрылымын және оны жүргізудің процестік тәртібін анықтау.

2. Оқиға болған жерді қарап-тексеру хаттамасын құрастыру, еліктеу жасау.

№18 тапсырма

Кіріспе:Қарағанды қ. ПБ тергеушісі мәйіт табылғаны туралы хабарламаны алғаннан кейін 12 сағат 20 минут шамасында Алматы – Екатеринбург (М36) тас жолдың 142 км. келіп келесі анықталды: белгісіз әйел мәйіті, ішімен жатыр, он жақ қолы бүгілген, сол жақ қолы бөлшектенген. Мәйіттің асты жағы жоқ, іші жұмсақ. Мәйіттің үстінде келесі киімдер киілген: жемпір қара түсті, ақ түсті көйлек. Мәйіттің үстінде ерекше белгілері жоқ. Мәйіттің басындағы шашы сарғыш түсті, ұзындығы орташа. Мұрны тік, ерні толық, көзі қара, қабағы қара. Жасы 25-30 аралығында. Дене бітімі орташа.

Мәйіттің басынан 3 м. арақашықтықта крассовкий ақ түсті, 38 өлшемі жатыр. Оқиға болған жерді қарап-тексеру барысында мәйіттің басы, денесі, қолы және аяғы, мәйіттің киімінің үстіндегі қанға ұқсас іздері, мәйіт табылған жалпы жергілікті жерді фото-суретке түсірілді.

Тапсырма:

1. Түскен ақпаратқа сәйкес оқиға болған жерді қарап-тексеру хаттамасының құрамын және оны жүргізудің процестік тәртібін анықтау.
2. Оқиға болған жерге қарап-тексеру хаттамасын құрастыру, еліктеу жасау.

№19 тапсырма

Кіріспе: Қарағанды қ. Михайлов ПБ кезекші бөліміне аз. А.Ә.Құсайновтан хабарлама түскен, онда Қарағанды қаласы Әлиханов көшесі 63 үй тұратын көршісі Р.С.Агимановтың үйінен жаман иіс (мәйіт иісіне ұқсас) шығатынын хабарлаған. Ол көршісін соңғы рет көргеніне бір апта болыпты. Қарағанды қ. Михайлов ПБ жедел тергеу тобы оқиға орнына шығып келесіні анықтады: Оқиға болған жерді қарап-тексеру объектісі болып бір қабатты ағаштан жасалған, үстінде темір қаңылтырдан жасалған шатыры бар үй болып табылады. Ол Қарағанды қаласының оңтүстігінде орналасқан. Үй бір пәтерлі, алаңы 36 кв.м. (6х6). Үйдің қабырғалары ағаш бөренеден жасалған, едені ағаштан жасалған, боялмаған. Үйге кіретін есіктің сол жағынан екі терезе орналасқан, көшегі оңтүстік-батысқа бағыталған. Үйдің есігі ағаштан жасалған, оң жағы бұрышта орыс пеші орналасқан. Бөлменің ортасында, үстел орналасқан, оның қасында еденде ер адамның мәйіті бетімен жоғарыға қарап жатыр, басымен терезеге бағытталған, аяқтары ішке қарай бүгілген, он қолы дене бойымен жоғары көтерулі, сол қолы артқа қарай жатыр. Мәйітпен пеш арақашықтығы 3 м. Мәйітпен үйге кіретін кіре беріс есіктің арақашықтығы 3,65 м. Бас сүйегінің шүйдесінің аумағында 5 см. ісік бары байқалған. Маңдайының сол жақ орташа сызықтың жанында 3 см. жарақаты бар.

Тапсырма:

- 1.Түскен ақпаратқа сәйкес оқиға болған жерді қарап-тексеру хаттамасының құрамын және оны жүргізудің процестік тәртібін анықтау.
2. Оқиға болған жерді қарап-тексеру хаттамасының құрастыру, еліктеу жасау.

№20 тапсырма

Кіріспе:№2335130110564 қылмыстық істі тергеп-тексеру барысында Л.Т.Мұқышеваның өліміне қатысты сот-дәрігерлік сараптамасының қорытындысына сәйкес: «Л.Т.Мұқышеваның өлімі бас-миына жарақат келген». Осыған сәйкес, тергеуші сот – дәрігерлік сараптамасының қорытындысын негізге ала отырып қылмыстық істі қысқартқан. Л.Т.Мұқышеваның ұлы Диас Мұқышев тергеушінің қабылдаған шешімімен келіспей прокурорға өтініш жазған. Прокурор қылмыстық іс материалдарымен танысып тергеушінің

шешімін толық емес деп, қылмыстық іс материалдарын толықтырып, және қосымша сот-дәрігерлік сараптама тағайындауға, Л.Т.Мұқышеваға эксгумация жасау туралы ұсыныс берген.

Эксгумациялау туралы қаулыны санкциялағаннан кейін жедел-тергеу топ Л.Т.Мұқышева жерленген жерге барды. Диас Мұқышев анасы Л.Т.Мұқышева 25.05.1961 ж.т., жерленген орнын жедел тергеу топ мүшелеріне көрсетіп, жерленген жері жан-жағы темірден қоршалған, мрамыр тасында Лаура Тұмарқызы Мұқышева 25.05.1961 – 15.09.2016 ж. жазуы бар. Жерленген мәйітті қазып алғаннан кейін жедел-тергеу топ өз жұмысын әрі қарай жалғастырды.

Тапсырма:

1. Түскен ақпаратқа сәйкес жағдайды талдаңыз. Эксгумациялау жүргізу тәртібін ұсыныңыз. Эксгумациялау жүргізу шешімі дұрыс па?

2. Эксгумациялау жүргізу туралы қаулыны құрастырыңыз, эксгумациялау хаттамасының құрылымын және оны жүргізудің процестік тәртібін анықтаңыз.

3. Хаттаманы құрастыру еліктеу жүргізу арқылы.

№21 тапсырма

Кіріспе:Қарағанды қ. №2 перзентханасында Г.К.Мүслимава босану кезінде көз жұмған. Қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында келесі анықталды: Г.К.Мүслимованың өліміне перзентхананың жұмыскерлері Б.К.Аймағанбетова, Ж.Қ.Ильясова қатысы бар, себебі Г.К.Мүслимова босану кезінде дұрыс дәрігерлік көмек көрсетпеген.

Сот-дәрігерлік сараптамасының қорытындысына сәйкес «Г.К.Мүслимованың өлімі перзентханада босану кезінде дұрыстап алғашқы дәрігерлік көмек көрсетілмеген, егер дұрыс алғашқы көмек көрсетілгенде ондай жағдай болмауы мүмкін...».

Осыған байланысты тергеуші жоғары аталған дәрігерлерге қылмыстық істі қысқарту туралы шешім қабылдаған.

Тапсырма:

1. Түскен ақпаратқа сәйкес жағдайды талдаңыз. Аталған жағдайға байланысты эксгумациялау жүргізген дұрыс па?

2. Жерленген мәйітке туыстарының рұқсатынсыз эксгумация жүргізуге тергеушінің құқығы бар ма?

3. Талдау жасаңыз; эксгумациялау жүргізу туралы қаулы құрастырыңыз; эксгумация жүргізуіне бас тарту туралы арыз қабылдаңыз; эксгумация және мәйітті қарап-тексеру хаттамасын құрастырыңыз. Еліктеу жасаңыз.

№22 тапсырма

Кіріспе: №2335100100015 қылмыстық істі тергеп-тексеру бойынша жол-көлік оқиғасы себебінен Р.Д.Секербаев қайтыс болған. Жол-көлік оқиғасына кінәлі екендігі құқық қорғау қызметкері Н.А.Азнабеков анықталды. Соңғысына күзетпен ұстау бұлтарпау шарасы қолданылған.

Тергеп-тексеру барысында сот-дәрігерлік сараптамасының қорытындысына сәйкес «Р.Д.Секербаевтың өлімі жүрек тоқталған, денесіндегі дене жарақаттары АУЫР жарақат түрін куәландырады. Осыған сәйкес прокуратура органдары қосымша сот – дәрігерлік сараптама тағайындауға, expertтік зертеу жүргізу үшін эксгумация жүргізуіне талап етті.

Эксгумациялау туралы қаулыны санкциялағаннан кейін жедел-тергеу топ Р.Д.Секербаевтың жерленген жеріне барып келесіні анықтады: Соқыр деген жерге жерленген, жан-жағы темірден жасалған, қара түсті шарбақтармен қоршалған, мрамыр тасында Рамазан Думанұлы Секербаев 27.02.1981 ж. – 20.09.2016 ж. жазылған. Жерленген мәйітті қазып алғаннан кейін жедел-тергеу топ өз жұмысын әрі қарай жалғастырды.

Тапсырма:

1. Түскен ақпаратқа сәйкес жағдайды талдаңыз. Эксгумация жүргізу тәртібін ұсыныңыз. Эксгумация жүргізу шешімі дұрыс па?

2. Алынған ақпаратқа талдау жасаңыз, эксгумациялау жүргізу туралы қаулы құрастырыңыз, эксгумация хаттамасының құрылымын және оны жүргізу процестік тәртібін анықтаңыз.

3. Хаттаманы құрастыру, еліктеу жүргізу.

№23 тапсырма

Кіріспе: М.А.Маратовтың өміріне қастандық жасағанына қатыстылығы бар екендігін анықтау мақсатында күдікті И.Б.Омаровты куәландыру жүргізу туралы тергеуші шешім қабылдады. Тергеуші И.Б.Омаровта ерекше белгілері татуировка және басқа да ерекше белгілері бар үшін анықтау мақсатында куәландыру жүргізуге кірісті. М.А.Маратовтан жауап алу барысында келесі анықталған, күдіктінің бетінде бетперде болған, сол қолының үлкен бармағында «М.А.В.» деген татуировка болған, он жақ қолының бармақтарында тыртық (шрам) 15 см. болған.

И.Б.Омаровты куәландыру туралы шешім қабылдап, тергеуші тергеу әрекетін жүргізу үшін қаулы шығарды.

Тапсырма:

Куәландыру жүргізу туралы қаулы құрастырыңыз.

№24 тапсырма

Кіріспе: 25.09.2023 ж. Қарағанды қаласы Ерубаева көшесінде орналасқан «Юна» саунасында белгісіз тұлғалар аз-ша А.Ә. Құсайынованы зорлаған.

Жауап алу барысында соңғысы былай деп көрсеткен, 25.09.2023 ж. 23:00 сағат шамасында Ерубаева көшесімен үйіне бара жатқан. Оған азият ұлтты, бейтаныс азамат жол бойы қасында жүріп, кездесіп үйіне дейін шығарып салуына өтінген. Жол бойындағы саунаға кіріп бірге алкагольдік ішімдік ішіп, саунаның ішінде болған жолдастарымен зорлаған. Белгісіз тұлғалардың түрлерін айтып бере алмаған, бірақта жігіттердің сөздері есінде қалған, ішіндегі бір жігіт ЖС «Қарағанды жылу» меңгерушісі болып істейтіндігі есінде қалған.

Сонымен қоса, ол жігіттің денесінің сол жағында 5 см. пышақ суретті татуировкасы бар екендігі байқаған. Бірақ та, оны таный алмады, түрі есінде сақталмаған. Аталған жігіт саунада шамалы алкагольдік ішімдік ішкеннен кейін кетіп қалған.

Куә ретінде «Қарағанды жылу» меңгерушісі С.М.Рахимовтан жауап алу барысында барын жоққа шығарды, ол күні саунаға болмағандығын баяндаған және оның әйелі Ельмира айта алады. Осыған байланысты татуировкасы бар ма, жоқ па екенін анықтау мақсатында куәландыру жүргізуге тура келді. Бірақ, куә С.М. Рахимов оған куәландыру жүргізуіне рұқсат бермеген.

Тапсырма:

1. Аталған жағдайға талдау жасаңыз.
2. Осындай жағдайда сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізуші тұлғаға не істеуге болады?
3. Тиісті процессуалдық құжаттарды толтырыңыздар.
4. Мәжбүрлеу түрде куәландыру жүргізу туралы қаулы шығаруға болады ма?
5. Мәжбүрлі түрде куәландыру жүргізу туралы хаттама құрастырыңыз.

№25 тапсырма

Кіріспе: 26.11.2016 ж. сағат 11 сағат 15 минут шамасында, белгісіз тұлға Қарағанды қ. Ерубеева көшесі №15 үйдің жанында азамат С.Д.Жумашевтың өміріне және денсаулығына қауіпті күш қолдану арқылы, ашық түрде, оған тиесілі «Самсунг» маркалы ұялы телефонын жымқырған. Соның салдарынан С.Д.Жумашевқа жалпы құны 132 000 теңге көлемінде материалдық шығын келтірген.

27.11.2016 ж., осы жасаған қылмыстық құқық бұзушылық үшін 1978 ж.т., Паршин Ринат Исаевич, ұсталынды. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында анықталды, жәбірленуші Д.С.Жумашев шабуыл жасау барысында И.Р.Паршинға қарсылық көрсету барысында, ол И.Р.Паршиннің бет жағына дене жарақатын жасаған, сонымен қатар оның сол қолын тырнап алған. Ұсталынған И.Р.Паршин өзін жасалған қылмысқа қатыстылығы жоқ екендігін айтып, сонымен қатар он жақ көзі көгергендегі туралы оны полиция қызметкерлері ұстау барысында алған.

Тапсырма:

1. Алынған ақпараттарды есепке ала отырып, қажетті түрде болған жағдайға талдау жасау.
2. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізіп жатқан тұлға, болған жағдайға байланысты не істеу керек?
3. Күштеп куәландыру өткізу туралы қажетті түрде қаулы шығару.
4. И.Р.Паршиннің денесіндегі дене жарақаттары бар екендігі туралы куәландыру хаттамасын құрастыру.

№26 тапсырма

Кіріспе: 02 қараша 2023 жылы сағат 14.30 минут шамасында Ибадуллаев Ж.А., Қарағанды облысы Топар поселкесінде алкогольдық мас күйінде болып, бұзақылық жасау мақсатында, өзіндегі аспаздық пышағын алып, Қарағанды облысы Топар п. Амангелді көшесі №49 үйдің ауласына кірген. Сол мақсатпен Ибадуллаев Ж.А., көрсетілген ауладағы № 2 аз. И.Т.Купавцеваға тиеселі пәтердің әйнегін қаққан, яғни қоғамдық тәртіпті қоғамды құрметтемеу, соның салдарынан аз.И.Т.Купавцеваның тыныштығын бұзған. Сол уақытта аулаға И.Т.Купавцеваның көршісі Л.В.Шиховцова кірді. Ж.А.Ибадуллаев оны көріп оған келіп өзінің қолындағы пышақпен күш қолданамын деп қорқытқан, аз.Л.В.Шиховцова өзінің өміріне денсаулығына қауіп төнгенін сезіп талып қалған. Сол кезде полиция қызметкерлері келіп қылмыс орнында Ж.А.Ибадуллаевті ұстады. Әрі қарай жедел-тергеу тобы шақырылды. Келген сәттен бастап тергеуші оқиға болған жерді қарап-тексеруге кірісті, тексеру барысында анықталды, учаскелік жер, 25х30 м өлшемдері, «рябница», сеткасымен қоршалған, қаралып жатқан объектінің Шығыс және Батыс жағында плитадан салған бір этажды үйлер №49 және № 51 Қарағанды обл. Топар п. Амангелді көшесі. Қарап-тексеру барысында пышақ алынды: жалпы ұзындығы 31 см, пышақтың сабы 13 см, жүзінің ұзындығы 18 см, пышақтың жүзінде оюланып жазылған «Room» жазуы бар.

Тапсырма:

1.Алынған ақпараттарды есепке ала отырып, болған жағдайда талдау жасап, тексеру жоспарын құрастырындар.

2.Кіріспеден алынған мәлімет бойынша оқиға болған жерді қарап-тексеру хаттамасын құрастырыңыздар, алынған заттай дәлелдемелерге қарап-тексеру хаттмасын құрастырыңыздар, еліктеу жүргізіңіз.

№27 тапсырма

Кіріспе: 11.11.2023 жылы 03 сағат 00 минут шамасында Ли К.Н. Қарағанды қ. Степной-1 ықшам ауданы № 46 үй 125 пәтерде бұрынғы танысы Л.Г.Лебедевпен ішімдік ішіп отырды. Ішімдік ішу барысында К.Н.Ли және Г.Л.Лебедевтын арасында дау пайда болды, өйткені И.С.Сафроноваға балағаттау сөз айтқаны үшін.

Осы сәтте К.Н.Лида Г.Л.Лебедевті өлтіруге бағытталған қылмыстық ой туды. Сол мақсатпен К.Н.Ли ас ішетін бөлмесіне барып столдың үстінде жатқан пышақты алып, зал бөлмесінде креслода отырған Г.Л.Лебедепке келіп, он қолындағы аспаздық пышағымен кеуде тусына бір лет ұрып жіберген. Г.Л.Лебедев пышақтан алған жарақатынан, жедел көмек келгенше оқиға орнында қаза тапты.

12.11.2023 жылғы №568 сот медициналық сараптама анықтамасына сәйкес аз.Г.Л.Лебедевтің өлімі кеуденің сол жақ тұсынан кіріп жүрегі, өкпе зақымдаған салдарынан болған.

Тапсырма:

1.Алынған ақпараттарды есепке ала отырып болған жағдайға талдау беріңіз, тексеру жоспарын құрастырыңыздар.

2.Оқиға болған жерге қарап-тексеру хаттамасын құрастырыңыздар, алынған заттай дәлелдемелерге қарап-тексеру хаттамасын құрастырыңыздар, оқиға болған жерді қарап-тексеру хаттамасының құрылымын және оны өткізудің процессуалдық тәртібін анықтаңыздар.

3.Алынған кіріспеге сәйкес қарап-тексеру еліктеуін өткізіңіздер, қарап-тексеретін пәтер бес қабатты үй жайда орналасқан, алтыншы подъездің бесінші қабатында, кіре барысында сол жағында, №125 пәтер есігі біреу, темір көзі орнатылған, қандайда бір көрінбейтін бұзулысыз, есік ойма ағылшын типтік құлыппен жабылады. Пәтер екі бөлмелі, ұйықтайтын бөлме, қонақ бөлмесі, ас ішетін бөлме және жуынатын (дәретхана) бөлме. Пәтерде жалпы тәртібі бұзылған, киімдер шашылған, шамалы қажетті жиһаздар бар. Қарап-тексеру барысында зал бөлмесінің еденінде евро ұлты ер адамның мәйіті табылды, бойы 176 см, орта денелі, шаштары сарғыш, мәйіт арқасымен жатыр, аяқтары созылған, қолдары бүктеліп кеуде тұсына қысылған. Мәйітті қарап-тексеру барысында бір пышақ кірген жарақат табылды. Әрі қарай ас ішетін бөлмесін қарап-тексеру барысында әйнектің алдында аспаздық пышақ табылды, аспаздық пышағы ұзындығы 21 см, жүзінің ұзындығы 11 см, пышақтың сабы 10 см. Пышақтың жүзінде қара-қоңыр түсті дақ бар.

№28 тапсырма

Кіріспе: 12 наурыз 2023 жылы 16 сағат 00 минут шамасында, Дубин В.Р. өзінің жыныстық қажеттілігін қанағаттандыру үшін, бұрынғы танысы аз.Г.Д.Сидоровамен жыныстық қатынасқа түсу үшін, өзінің "Мазда" маркалы, «556 DER 01» мем.номер авто көлігімен Қарағанды қ. Ерубаева көшесі 32 үйде орналасқан ҚММУ медициналық колледжіне келді. Сол оқу мекемесінің жанында ол Г.Д.Сидорованы күтіп алды. В.Р.Дубин өзінің қылмыстық іс әрекетін жүзеге асыру үшін, алдау арқылы Г.Д.Сидорованы өзінің авто көлігіне отырғызып алды. Содан кейін Р.В.Дубин оның әрекеттері қоғамға қауіпті екенін түсіне отырып, сонымен қатар өзінің ойын жүзеге асыру мақсатында Д.Г.Сидорованы адамдар болмайтын Қарағанды қ. 33 шахты аймағындағы айдалаға апарған. Сосын Р.В.Дубин өзінің машинасының ішінде отырып, өзінің қылмыстық іс әрекетін жүзеге асыру мақсатында Г.Д.Сидорованы жыныстық қатынаста болуға итермелеген, бірақ ол Р.В.Дубинге келісім бермей қарсылық көрсеткен, сонымен қатар ол Р.В.Дубиннен істемеуін өтінген. Р.В.Дубин оның оң қолын бұрап қайырып, оның көрсеткен қарсылықтарына көнбей, оның юбкасын және ішкі киімін, сонымен қатар ол өзінен шалбарын және ішкі киімін шешіп, Г.Д.Сидорованың жыныс мүшесіне, өзінің жыныс мүшесін енгізіп, күш қолдану арқылы жыныстық қатынаста болған. Болған мән-жай бойынша Г.Д.Сидорова арызбен Қарағанды қ. ІІБ –ның кезекші бөліміне келген.

Тапсырма:

1.Алынған ақпараттарды есепке ала отырып тергеулік қарап-тексеру жүргізу үшін жоспарын құрыңыздар. Қарап-тексеру объектісін көрсетіңіздер.

2.Оқиға болған жерді қарап-тексеру хаттамасын құрастырыңыздар, алынған заттай дәлелдемелерге қарап-тексеру хаттамасын құрастырыңыздар, оқиға болған жерді қарап-тексеру хаттамасының құрылымын және оны өткізудің процессуалдық тәртібін анықтаңыздар. Алынған ақпарат бойынша (жергілікті жерді және авто көлікті қарап-тексеру).

4.Оқиға болған жерді қарап-тексеруге еліктеу өткізіңіздер.

№29 тапсырма

Кіріспе: 12 шілде 2017 жылы 19 сағат 00 шамасында Беков К.Е. өзінің жыныстық құмарлығын қанағаттандыру мақсатында Қарағанды қ. Лободы көшесі 9 үй 21 пәтерде тұратын Е.Н.Цойға жекелеген ақы үшін жыныстық қатынаста болу үшін келді. К.Е.Беков ол сол пәтердің қонақ бөлмесіне кіріп мүшеқап киіп табиғи түрде Е.Н.Цоймен жыныстық қатынаста болды. Жыныстық қатынастан соң Е.Н.Цой мүшеқапты ас ішетін бөлмесіндегі қоқыс шелегіне лақтырып жіберді. Содан кейін Е.К.Беков екінші рет Е.Н.Цоймен жыныстық қатынасқа түсті, жыныстық қатынас барысында ол К.Е.Бековтан ақысын сұрады, бірақ онда қаражаты болмай, соның салдарынан олардың арасында жанжал болды. Е.Н.Цой қарсылық көрсетіп оң қолымен К.Е.Бековтың сол жақ мойнынан ұрған. Сол кезде К.Е.Бековта Е.Н.Цойды өлтіру туралы қылмыстық ой туды. К.Е.Беков өзінің қылмыстық ойын жүзеге асыруы мақсатында Е.Н.Цойдың артынан келіп оң қолымен мойнынан ұстап, сол қолымен қылқындырған. Содан кейін К.Е.Беков Е.Н.Цойды босатты ол өмір белгісін беріп жатқандықтан, К.Е.Беков өзінің қылмыстық іс әрекетін аяғына жеткізу үшін интернет кабелін алып Е.Н.Цойдың мойнына салып қылқындырған, соның салдарынан Е.Н.Цой оқиға болған орнында қайтыс болған.

Тапсырма:

1.Алынған ақпараттарды есепке ала отырып болған жағдайға таулдау беріңіз, оқиға орнын қарап-тексеру құрылымын және өткізудің процессуалдық тәртібін анықтандар.

2.Оқиға болған жерді қарап-тексеру хаттамасын құрастырыңыздар. Алынған заттай дәлелдемелерге қарап-тексеру хаттамасын құрастырыңыздар. Кіріспе бөліміндегі алынғанды есепке ала отырып қарап-тексеруге еліктеу өткізіңіздер, қарап-тексерілетін №8 пәтер үш қабатты үйдің, екінше подъезінің бірінші қабатында орналасқан, подъезге кіргенде он жағында, пәтердің есігі екеу. Бірінші есік темір сұр түсті бояумен боялған, ойма құлпы бар. Екінші есік ағаштан жасалған, ішкі жағынан қара түсті жылытқыш қабатталған, қапталған құлыппен жабылады. Қарап-тексеру барысында есіктерде көрінетін қандайда зақымдар жоқ. Пәтер бір бөлмелі, қонақ бөлмесінен, ас ішетін және жуынатын (дәретхана) бөлме. Пәтерде жалпы тазалық бұзылмаған, заттардың бәрі орындарында, зал бөлмесінде күрескен және сүйреткен іздері бар. Шығыс қабырғасының маңындағы еденде біркісілік

жататын, қара-көк түсті үрілген матрац бар, онда қоңыр түсті тау көрінісінде тұрған арыстан бейнеленген дивандек төселген, сол матрацта евро ұлты әйел адамның денесі жатыр, бойы 158 см, арықша келген дене мүшесі. Тексеру барысында әйелдің денесінде білек шынтағында инъекция іздері бар, мойын жағында екі сызық іздері бар, механикалық тұншығу болғандығы байқалған.

№30 тапсырма

Кіріспе: 28.11.2023 жылы сағат 18.00 шамасында Қарағанды қ. Құрылысшылар көшесі №123 мекен жайында П.Р.Иванов А.О.Максимовпен алдын ала сөз байласу арқылы, тергеу мен анықталмаған аз.Н тиесілі Қарағанды қ. кварталдағы 145 үйдің № 459 аймағында орналасқан құнды материалдық заттар бар екендігін, онын ішінде, темір радиаторы, сонымен қатар жоғары көрсетілген мекен жайда аз.О күзетшісінде, ақша заттары болуы мүмкін, П.Р.Иванов өзінің қылмыстық ойын жүзеге асыруға байланысты, аз.Н. күш қолдану арқылы бөтеннің мүлкін алып қоюға бағытталған мақсатта, тергеумен анықталмаған авто көлігімен №459 аймақтың территориясына келген. Көрсетілген жер бөліміне кірген кезде П.Р.Иванов, А.О.Максимовпен алдын ала сөз байласу арқылы және анықталмаған жәбірленуші Н. оларды кіргізетіндігін білген, өйткені оларды таныйтын болған, оларды өзінің бөлмесіне кіргізген. Тергеумен анықталмаған тұлға Н., бастың қарақұс жағынан ұрып дене жарақатын келтірген. Әрі қарай құралдарды қолданып, «Миф» маркалы атты темір радиаторларын ұрлап кеткен, әрқайсысының құны 40 000 тенге. Соның салдарынан аз.О., жалпы көлемде 240 000 тенге материалдық шығын келтірген.

Тапсырма:

1.Алынған ақпараттарды есепке ала отырып болған жағдайға таулдау беріңіз, оқиға орнын қарап-тексеру құрылымын және өткізудің процессуалдық тәртібін анықтаңыздар.

2.Оқиға болған жерді қарап-тексеру хаттамасын құрастырындар. Алынған заттай дәлелдемелерге қарап-тексеру хаттамасын құрастырыңыздар. Кіріспеден алынған мәліметтерге сүйене отырып Қарағанды қ. Оңтүстік-шығыс бөлімінде орналасқан есепке алу кварталы №145 үй № 459 участкесін қарап-тексеру еліктеуін жүргізу. Қарап-тексеру жүргізетін объект 2,3 метр бетон плиткаларымен қоршалған, территорияға кіру сол жағындағы темір қақпа арқылы, қарап-тексеру барысында темір қақпа ашық жағдайда. Барлық периметрі бойынша жарық шамдары орналасқан. Қарап-тексерудің негізгі объектісі болып бетоннан жасалған бір қабатты құрылыс, оған кіру екі жақты темір қақпасы арқылы, кіру барысында территория көлемі 35х45 метр, ішінде өндіріс бөлімдер бар, сварка цехы және т.б.«Күзетшілер» бөлімін қарап-тексеру барысында, орындық, оның арқа жағында сары түсті скоч табылды. Қарап-тексеру барысында 18 саусақ іздері, скотч фрагменті, иіс іздері, тер іздері және екі пар перчатка табылып алынды.

Процестік құжаттарды толтыру барысында жиі қолданылатын заң терминдерінің, өзге де қолданыстардың қысқаша қазақша-орысша сөздігі

Алдын ала тергеу – предварительное следствие

Алу – выемка

Алып келу – привод

Айып тағу – предъявление обвинения

Айыпталушы – обвиняемый

Айыпталушыны жеткізу – доставка обвиняемого

Анықтады – установил

Анықтау – дознание

Азаматтық жауапкер – гражданский ответчик

Азаматтық талапкер – гражданский истец

Арнаулы білім – специальные знания

Айғақ беру – давать показания

Атағы – звание

Бұлтартпау шаралары – меры пресечения

Беттестіру – очная ставка

Дауыстап оқыды – прочитал вслух

Жағдайдың өзгеруі – изменение обстановки

Жазу үлгілері – образцы почерка

Жауап алу – допрос

Жария етілді – объявлено

Жәбірленуші – потерпевший

Жеке кепілдік – личное поручительство

Жұмыс орны – место работы

Заңды өкілдер – законные представители

Заттай дәлелдемелер – вещественные доказательства

Ескертпелер – замечания

Ешқайда кетпеу туралы қолхат – подписка о невыезде

Орны – место

Оқиға болған жерді қарап-тексеру – осмотр места происшествия

Өкілдер – представители

Өтініш жасау – ходатайство

Кәмелетке толмаған – несовершеннолетний

Көшірме – копия

Кешенді сараптама – комплексная экспертиза

Күдікті – подозреваемый

Куәландыру – освидетельствование
Қалаймын – нуждаюсь
Қайталама сараптама – повторная экспертиза
Қамауда ұстау – содержание под стражей
Қаулы – постановление
Қаулы етті – постановил
Қорғау – защита
Қорғаушы - защитник
Қосымша сараптама – дополнительная экспертиза
Қызметтен шеттету – отстранение от должности
Қылмыс құрамы – состав преступления
Қылмыстық ізге түсу – уголовное преследование
Қылмыстық іс – уголовное дело
Қылмыстық істі бөлу – выделение уголовного дела
Қылмыстық істі біріктіру – соединение уголовного дела
Қылмыстық істі қысқарту – прекращение уголовного дела
Лауазым – должность
Арызданушы – заявитель
Мәйітті қарап-тексеру – осмотр трупа
Мүлікке тыйым салу – наложение ареста на имущество
Міндеттеме – обязательство
Назарға ала отырып – принимая во внимание
Наразылық - протест
Ұстау – задержание
Іс жүргізу әрекеттері – процессуальные действия
Іс жүргізу шешімдері – процессуальные решения
Іс бойынша іс жүргізу – производство по делу
Істің материалдары – материалы дела
Сәйкес – в соответствии
Сарапшы – эксперт
Салыстырмалы зерттеу – сравнительное исследование
Саусақ таңбалары – отпечатки пальцев
Сот сараптамасы – судебная экспертиза
Түсіндіру – объяснение
Тегі – фамилия
Тергеу эксперименті – следственный эксперимент
Тергеуде болу – подследственность
Тергеудегі – подследственный
Тергеуші – следователь

Тергеу изоляторы – следственный изолятор
Тараптар – стороны
Тану – опознание
Толықтырулар – дополнения
Тінту – обыск
Шын өкіну – деятельное раскаяние
Шағым - жалоба
Хаттама – протокол

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

Гинзбург А. Я., Поврезнюк Г. И., Калинин А. В. Справочник следователя. — Алматы, 1998;

Сот-медициналық сараптамаларын тағайындау бойынша құқық қорғау органдарына арналған әдістемелік ұсынымдар - Астана 2016;

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі тергеу департаментінің бюллетені- Астана 2023;

Тергеу кітабы: Оқу-тәжірибелік құрал, А.Оразалиев, Ғ.Есболаев 2020;

Тергеушінің (анықтаушының) жол-көлік оқиғасына байланысты қарап-тексеру жүргізу қызметі: Оқу-тәжірибелік құрал А.М. Сайтбеков, А.Қ.Қалиев, Б.С. Телемисов, Қ.С.Мусин, А.Т.Шакжанов, Қ.М.Әлімбеков, Қарағанды 2018 ж.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысындағы іс жүргізу құжаттарының үлгілері: Тәжірибелік оқу құралы Қарағанды — 2017;

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысындағы қылмыстық процестік құжаттардың үлгілері: Оқу практикалық құрал Қостанай — 2017;

Гинзбург А. Я. Осмотр места происшествия. Освидетельствование. — Алматы, 1997;

Порубов Н. И. Особенности осмотра места происшествия по делам об убийствах. — М., 1986;

Виницкий Л. В. Осмотр места происшествия: организационные, процессуальные и тактические вопросы. — Караганда, 1986;

Руководство по расследованию убийств. — М, 1977;

Рассейкин Д.П. Осмотр места происшествия и трупа при расследовании убийств. — Саратов, 1967;

Миронов А. И. Осмотр места происшествия по делам об убийствах. — М. 1958;

Фиксация результатов осмотра места происшествия: Справочное пособие для следователей. — Киев, 1981.